

Көшім – Құлжан

БАЙТУОВ ЖӘКЕН



БАЙТУОВ ЖӘКЕН

Көшім - Күлжан

Қарағанды 2013

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
Б 20

Б.20 Көшім-Күлжан Байтуов. Ж. Өлеңдер жинағы.
құраст. Жақсылық Жәкенов - Қарағанды: Tengri Ltd
-186 б.

ISBN 978-601-7449-06-3

Бұл жинаққа аты Арқаға мәлім ақынның жас кезінен өлең- жырларға әуес болған, жаз жайлауға, қыс – қыстауға көшіп, мал бағып тіршілік кешкен қазақ халқының халық ауыз әдебиеттерін, оның ішінде дүниенің құбылмалы, аумалы – төкпелі кезеңдегі қазақ халқының бастан кешкен «Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама» тарихи кезеңдерінен, Октябрь революциясы алдындағы әйелдер теңсіздігі мен Октябрь нұрымен нұрланған қарапайым халқының қол жеткізген табыстарын, майдан даласында қас дұшпанның қабырғасын қаусата соғып жүрген Ел қорғаны Ерлерді, шабыттана жырлап жырына қосқан алғашқы колхоздастыру, қауымдасу жылдарына арнаған өлеңдері, тарихи дастандары, айтыстары мен поэмалары топтастырылған.

Жинақ көпшілік қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-7449-06-3 © Ж.Жәкенов, 2013



Құрастырушыдан

Сарыарқа жері ежелден халық таланттарына бай өлке. Бұл жерде жұртшылықты аузына қаратқан жалынды жырлардың, аталы нақыл сөздердің, шертпе-төкпе күйлердің небір тарландары өткен өлке. Кезінде өз заманының ащысы мен тұщысын жырлаған, сонысымен халық ауыз әдебиетінің ұлттық байлығына өзіндік үлес қосқан ақынның бірі Жәкен Байтуов (1891 – 1962) Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты «Шаруатөңсеу», - деген жерде дүниеге келіп, «Талды» ауылынан 18 шақырым жердегі Жаңа Жұрт бөлімшесінде өмірден өтті. Екі ағайынды жігіт, Байту, Битудан тараған атамыздың ұрпақтары бар. Алты ағайындының ішіндегі ең үлкен апалары - Бәтиха, Жәкен, Әлмұхан (Май), Балсекер, Нұрсекер, Кәрігүл – Ұлы Отан соғысының II-ші дәрежелі Даңқ, Қызыл жұлдыз орденінің иегері (1914-1994).

Бәйбішесі Дәмебайқызы Әмірайша (1902 – 1987 жж.). Апасы – Дәмебайқызы Бибіғайша. Балалары – Дәметер, Дәмеш, Гүлнәр және мен. Ақынның келіні - Қайырбекова Әлия. Ақынның немересі Мақсат, Арманнан- Нұрдуман, Нұрмерей, Нұрсұлтан.

Әкесі Байту Байғонұлы (1864 – 1927 қарапайым мал шаруашылығымен айналысқан, еңбекқор адам болған. Жас кезінен өлең-жырларға әуес болған ақын, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп, мал бағып тіршілік кешкен, қазақ халқының халық ауыз әдебиеттерін, соның ішінде дүниенің аумалы кезеңдерді жырлаған киссаларды, эпостық, лиро-эпостық жырлар мен кисса-термелерді жатқа айтып, жадына көп сақтаған .

Анасы Тоқабайқызы Жікі (1868 – 1921) ескіше оқып хат таныған, жадынан өлең шығарып аймағына әнші атанған екен. Содан болар, өлеңдер шығарып ақындық жолына түсуіне, нағашы жұртының да ықпалы тисе керек.

Қарқаралы қаласында арапша дәріс алып, сауатын ашқан ақынның кезінде «Қоянды» жәрмеңкесінде талай жыр саңлақтарымен кездескен ақынның қасиетті Қарқаралы жеріне өзінің шығармаларын арнамауы мүмкін емес.

«Н а р ш ө к к е н» - деген өлеңінде; соңғы шумағы:

Ешкімнің Наршөккенге жоқ таласы,
Біледі қарттар түгіл жас баласы,
Ақмола, Қарқаралдың кірені бұл.
Үйгізген Абызының куә обасы.

Тарихы Наршөккеннің елге мәлім,
Ертеде қожа болған, байлар зәлім,
Тілімнің жеткенінше, жаздым теріп,
Қараңғы сұм дәуірге, қайнап қаным, -деп жазып кеткен.

Ұлы Отан соғысы жылдарында, одан кейінгі жылдары Кенішбай Жұбандықов, Маясар Жапақов, Болман Қожабайұлы, Көшен Елеуов, Жылқыбай Нұрбеков, Тұңғышбек Дәлмағанбетов секілді белгілі ақындармен айтысып, патриоттық жырлар жазды.

Жинаққа ақынның әр жылдарда жазылған өлеңдері. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға беріп жатқан көмектері мен майдан даласында Отанды қорғау, қас дұшпан фашистік Германияға қарсы ұрыста, ел мен жерін қорғаған қаһарман батыр ұлдары туралы, айтыстары мен бірге «Көшім-Күлжан» поэмасын арапшадан аударып, оқырманға ұсынып отырмын.

Жинақты құрастырушы Жәкенов Жақсылық, ұстаз-зейнеткер.




Өзінің өмірі туралы

Руым Қояныштаң ай аргы затым,
Байтуов Жәкен ақын, менің атым,
Кетпеді қамыт табы мойынымнан,
Байлардың жастан көріп қиянатын.

Автор

Басынан мал бітпеген болдым нашар,
Бола ма мал болмаса ер де ажар,
Тұрмысың малыңменен бірдей келсе,
Емес пе, оттың басы күнде базар.

Тұрмысың малыңменен бірдей келсе,
Болмай ма, жас өмірің күнде базар,
Кей пенде бес қырықпен байыдым, - деп
Құлаштап екі қолын кезек созар.



Шыр бітпей жас кезімде болдым арық,
Көрмедім сұм дәуірден ешбір жарық,
Үйіне байдың шөлдеп бара қалсаң,
Ысқырар сұр жыландай ызбарланып,

Ж а с ы м да бір түспеді, ұлы жолым,
Жоқ еді кедейліктен басқа мінім,
Шырмалып сұм дәуірдің құрсауынан
Тұншығып қара түнге, шықпады үнім.

Ұйықтамай қой күзетіп, ұзақ таңға,
Шәркең толып, аяқтан аққан қанға,
Бір тоқтысын жазым боп, қасқыр жесе,
Текпілейді аунатып тозаң шаңға.

Жалаң аяқсу кешіп, тезек теріп,
Шошығандай түсіңнен ерте тұрып,
Екі көзге ал келіп амал бар ма?
Аулақ жерде жылайсың иттей ұлып.

Ақырып ақ аюдай, арам байлар,
Болар, - деп ойлаған жоқ нашарға обал,
Асқанға бір тосқын бар, - деген дейін,
Уақытсыз оларға да, кездесті ажал.

Қиындық дәуір өтті, өткен күнде,
Ол дәуір көп кездесті, жалпақ елге,
Тоқымдай нашарларға қонсы тимей,
Қамады тұншықтырып қара түнге.

Осы жағыдай кездесті өз басыма,
Жауыздардың адамға, жаны аши ма?
Тарыққанда зарығып Шолпан туып,
Ұлы Октябрь кездесті, көз жасыма.

Осындай ерте кезде, өтті дәуір,
Жазылмас жара түсіп, болдым жауыр,
Арманда өтіп кетті, жас өмірім,
Байланды мылқау болып шешен тілім.

Байлардың шыға алмадым қанауынан,
Ішімде кетті ашылмай, алтын жырым,

70-ке жасым келді, жер таяндым,
Өмірді өткеріп - ап, кеш ояндым.

Көлемге көлеңкесін ие қылып,
Сөйлетпей кісен салды, қызыл тілге,
Алатынын алатын қара құстай,
Алуға шабатындай жалпақ елге.

Өткен күн еске түссе толқытады,
Шошимын жас баладай көз ілінсе,
Сары алтын, сабыр түбі,- дегендейін
Тілекті берер, - деген шын тілесе.

Білімнен нашарлықпен қалдым кеш ел,
Тұрмыстан соққы көріп, тұрдым мешел,
Шыға алмай сұм дәуірдің құрсауынан,
Жүректе жазылмайтын қалды кесел.

Түн кетіп бұл дәуірде шықты күнім,
Ашылды бұғып жатқан ішкі сырым,
Пішпедей тепкі тиген бүгежектеп,
Кемшілік келтіріп тұр, шіркін білім!

Саркылмас ақын сөзі, дария көл,
Сөйлесе жөнін тауып, пайдасы мол,
Тілге бай болғанменен, әнге жоқпын,
Осымен туысқандар, риза бол!

«Шаруатеңеу» колхозының кемшілігі

Шаруатеңеу колхозында егін алу,
Кем болған жоқ, басынан төгіп – шашу,
Шашылып, мал жеп бидай жатса дағы,
Бастықтардың ойы жоқ, қорқып – сасу.

Кемшілігін көзіне көрсет, бетіне айтып,
Тырс – тырс етіп, шытырлап құлады үсіп,
Қара бидай қырманда, бір ай жатты,
Үсіген бір қатар арасынан бидай тапты.

Аңшының кешіккенінен дәмет, - деген,
Аламандай азығын орындапты.
Еңбек еткен бос қалып, еңбексіз жеп,
Нашарларды, торғайдай шырылдатты.

Жортады ақыран да, түн болғанда,
Елекең мен Сәкең жүр, бір жағында,
Бір бүйірден, Бәкең де ұшырасып,
Ескі шапанын киіп жүр, ол да.

Бір де келіп оңына, бір де келмей,
Әбекең жүр, делдал боп шекарада,
Қылмысыңды ашамын, - деп құр қожандап,
Қара тер боп, Төкең жүр арасында.

Кешіккен елге тисіп, Блембай да,
Мұқан да жүр бір қолы жоқ, болса да,
Көргенімді, көрпеммен жаба алмаймын,
Ертоқымды бауырыңа – ап, туласаң да.

Қырман қору, бақылау ақыран да,
Тимейді ол, еңбекқор зиянға да,
Охрандық атакқа мәз, рұқсаты жоқ,
Өз міндетін қалай шын, атқарған ба?

Алтын көрсе періште, жолдан таяр,
О, мына Үмітқұлдар да, қосылған ба?
40 – центнерден, шығарып жүрген бидайы,
20-центнерден, аз астық тазалағанда.

Тартып алар, көріне келген жау жоқ,
Наряд жауып береді, осыған да,

Халық сайлап хан қойған, Тұрсана да,
Мұқыштан бидайға – деп шайды алғызып,
Нашарлардың қарамай обалына,
Көңілі шапса мінеді, Кержорғаны да,
Складттың тақтайы да, өз қолында,
Жымыңдайды бидай көп – деп тасылғанда.

**Охрана - ақыран, күзетші*

«Қызылтеңдік» колхозының кемшілігі

Үш жылдық басталды енді шықса егіс,
Аттанды көк егіске бар еліміз,
Өмірдің көр ер озып қарқын тауып,
Қамалып қара түнге қашты неміс.

Отырмыз сол табысты төмендетіп,
Осы ма Майданға еткен көмегіміз,
Қыршаңқы қотыр-жауыр күтім болмай,
Соғымға да жарамай күтімі кетіп.

Бар күшіміз «Қызылтеңдік», колхозда тұр,
Алдағы бар жұмыс, өткен жылдан тұмандау тұр,
Секілді шайы көйлек суықты тілер,
Ортаға зияан істеп жауапсыз жүр.

Жегізген екі жылқы қыстың күні,
Болмасын ендігәрі елге күлкі.
Менің бұл осы жылға аз болар, - деп
Жегізді жаз шыққанда бір жылқыны.

Пайда ма ортамызға келтіргені,
Көрмей жүр істеген бұл қылмыстарды.

Бастық әлде қасқырдың ырза ма жегеніне,
Күніне бір жылқыны шығын қылса.

Қ о ғ а м н ы ң үлкен кесел өсуіне,
Зиянкес мұндай сұмның қылмыстары,
Берілсін заң орнының шешуіне.

Таусылмас ақын сөзі, бір үлкен көл

Берген соң, бостандықты бойым өсті.
Байланған тілім шығып, ойым өсті,
Гүлденген Отанымды әнмен жырлап,
Сағына, алтын қордың аузын аштым.

Жасады ол дәуірде үстем байлар,
Жыр төксем екен, - деп тілім сайрап,
Ат міндім, шапан кидім, сыйлық алдым,
Қызығымен өмірдің жолмен жайлап.

Алпыстың қазір жасым жетеуінде,
Сенім зор бұдан да өрлеп өсуіме,
Таң атып, Октябрдің жаңа күні,
Кездестім сәтті күннің жетеуіне.

Дүниеге біреу келіп, біреу кеткен,
Әр ақын өз заманын жырлап өткен.
Әр ісін ақындардың салғастырсам,
Әр ісі кашық жатыр жер мен көктен.

Ақыны бұрынғының атты мақтар,
Жеңілгені жеңгенін тура мақтар,
Қадір – қасиет, патшада ғәділдік жоқ,
Қалыпты мұны көрген тәртіп сақтар.

Адамы бұрынғының бәрі сотқар,
Тек қана, ел шабуға жаны құмар,
Өткен тарих, қазірде тексергенде,
Жалғаны жоқ, бұл шындық дәлелі бар.

Ақындар түзу жолдан адаспайды,
Өтірік, өсек сөзге алданбайды,
Уставын партияның берік сақтап,
Ұранды большевиктік ұмытпайды.

Таусылмас ақын сөзі, бір үлкен көл,
Адаспас алдымызда сайрап тұр жол,
Ақыны осы елдің бегі өзім,
Жырлауға ұлы Отанды сенімім зор.

1958 жыл

«Роза Люксембург» колхозының жетістігі

«Роза Люксембург» колхозында,
Істелген жетістік мол қорасында,
Жұмысы жүз процент орындалған,
Партияның басшылығының арқасында.

Бүгіндей шөп пен бидай орындалған,
Үйілген барлық шөбі баз басына,
16-үй, 8-базы бәрі жаңа,
Салынған екі жерде монша ғана.

Ынталы «Розаның» жұмыскері,
Майданша қимылдаған әйелдері,
Жарысқа социалдық түсіп жатыр,
Шақырып қариялар бірін-бірі.

Егінді жинап алған мезгілінде,
Түсірмей төкпей-шашпай бір дәнін де,
Аңыздан жалғыз масақ көре алмайсың,
Аралап шапқан жерді жүргенің де.

Тұрады жұмыскерлер таң бозында,
Бас жібі, бишік – божы қолдарында,

Бақташы көлігінді ұстандар, - деп,
Тұрады айдап келіп ортасында.

Ұстайды көліктерін жапырласып,
Бізден бұрын жегеміз – деп дабырласып,
Қолма – қол, жегіп алып көліктерін,
Кетеді к е р у е н д е й мамырланып.

Теңгедей табанда қалған жер көрмейсің,
Сапалы ойдағыдай жыртқан жері,
Тіледі қара жерді соқа нандай,
Айдайды ұзақ күнге қажып талмай.

Бірінен-бірі жеңіп озамыз, - деп,
Нормасын орындамай тоқтамайды.
Жиналар ыстық асқа түсте тағы,
Отырар ұйымдасқан ынтымағы.

Шөп берген алты арбадан мүше басы,
Үйгізген мүшелерге отын тағы,
Үлгілі «Розадай» еңбек етсек,
Жағылмақ е л і м і з д ің шамшырағы.

Басқармам бері қарар бастап елін,
Ұстаған Партияның берік жолын,
Ұлғайтты шаруаны күннен-күнге,
Аянбай, О т а н үшін төгіп терін.

Егін салып, сапалы өнім алып,
Жеткізуге байлыққа е л і н түгел,
Білесің жыл он екі ай, еңбек етіп,
Үлгілі табыспенен, елге көрін.

Бағынады бастыққа жұмыскері,
Темірдей қатты тағы тәртіптері,
Ж о л д а с б а й бригадир шіркін Б е к е н!
Ең б е г і көрген жанды сүйсіндірген.

*Шет ауданы,
«Роза Люксембург» колхозы*

Құраманың халдары

Құраманың халдары, еңбексіз жүрген шалдары,
Басын қосып таң атса, сөзден тыйылмай қолдары,
Складушкаға таласып, бастық болу арманы,
Тұқымына жетпейді, тасып жүрген бидайы.

Ойында жоқ, баз түзеу, жағалай қоршап қырданды,
Шөп тасушы Шақай да, доғарып тастап арбаны,
Далада жатыр шөп жайрап, жаңбыр болса қалғаны,
Ремонтсыз баз жатыр, шөп тасусыз ол жатыр.

Туғандай жаңа май айы, әңгіме дүкен құрғаны,
Құрсау салған белінен, құлап жатыр баздары.
Кіруге, бүтін қора жоқ, қалай сақтайды малдарды,
Керуендей көшпелі, қыс таянды, өтті жаз.
Келе жатқан қысты ойлап, жылы жаққа қайтты қаз
Жалқаулықты, жолдас қып, тек жүруге, болған маз.

Түзелмей малдың базы, жатыр құлап,
Діңгегі ортасында, жатыр сұлап.
Сұрасаң қашан бітеді, жұмысың – деп,
Дайындап күн ертеңге, қойдық қалап.

Жиналып керілдесіп ұзақ, ұзақ күнге,
Кетеді керілдесіп, кешке тарап.
Ұмытып, шөп тасуды, ел қыдырып,
Арба тұр, кешке дейін босқа қарап.
Арбашы Ш а қ а й, Жолдас, Б а л е к ең де
Қызыл көрген бүркіттей, сырттарынан тұр қарап.

Желдетіп, желдей есіп қ а р а с ө з д і,
Жұмысты былай қойып, жұртқа қарап,
Бейсембек сөз қамшысын, қолға алып,
Ол да жүр, қыран құстай, тау қиялап.



Алдымызда күрделі, істелетін міндет тұр.
Тылдан, М а й д а н көмекті, елімізден тілеп тұр.
Жауды тездетіп жоюға, байлық болар себепкер
Базың болса түзеп ал, жем – шөбіңді жиып ал.
Мал азығын мұңсыз ғып, колхозшылар дайындал.
Атақты қыс аямас, алдымызда м е ш і н тұр.
Күнделікті қаулыға кел, жолдастар бетт ібұр,
Қарға соғып қамданбай,
Жұмысты ерте, қолға алмай,
Бұдан ауыр болмас жыл.

**складушка (склад) – қойма*

Наршөккен


Н а р ш ө к к е н кербез сұлу тау ордасы,
Бұлт құшып күнді сүйген қыр арқасы,
Жас қайың сұлу терек мәуелі гүл,
Жұпардай исі аңқыған таза ауасы.

Қырандар шың басына ұя салған,
Сайында арқар – киік саялаған,
Тағы аңдар орман түлкі тағы қарсақ,
Жорытып жотасында ойын салған.

Н а р ш ө к к е н тарихи тау жырдың белі,
Ертеде мекен еткен қ а з а қ е л і.
Пайдасын байлар көрген сонау күнде,
Айта алмас жалған сөз, - деп ешкім мұны.

Н а р ш ө к к е н көлбеу жатқан жалғыз биік,
Басқа тау тәжім етер басын иіп,

Тоймайсың кызыгына тұрсаң карап,
Тұрғандай қара бұйра бөрік киіп.



Сайынан сылдыр қаққан сансыз бұлақ,
Сынаптап сырғып төмен аққан құлап.
Құлпырып көк жібектей басын изеп,
Жайқалып жағасына біткен құрақ.

Балауса балдыр тағы, боз бен жусан,
Иісі адеколон демінді алсаң,
Дертіңе дауа шөптің бәрі сонда
Жазады қандай әлсіз ауру болса.

Бүлдірген, талқарақат сарымсағы,
Қымыздық, құлан жуа біткен тағы,
Жемісін құмарлықпен жесең тағы,
Кетпейтін таңдайыңнан тәтті дәмі.

Таппайсың Наршөккеннен ешбір айып,
Колхозы “Қызыл тудың” отыр байып,
Шөп біткен жерге, ел айтқан мал бігер, - деп,
Мың-мыңнан жотасына қойын жайып.

Аралап шыға алмассың сала - сайын,
Жарыса шыққан бойлап, тал мен қайың,
Егін сал, малыңды өсір байлық сонда,
Не керек іздегенге бәрі дайын.

Бауырында Наршөккенің “Сары көл” суы,
Қаңқылдап ұшып - қонған, қаз бен қуы,
Бақытты еліміздің өміріне,
Тігілді мәңгіге сөнбейтұғын байлық туы.

Сарыоба, Ащылайлы, Қаражартас,
Ақбастау, Құлқарамен жатыр жалғас.
Мінеді 6 – ты күнде, ат семіртіп,
Қызығы Наршөккенің естен қалмас.

Егін сап мал өсіріп отыр Тельман,
Суарып төрт түлікті Сарыкөлден,
Наршөккен төрт колхозды шебіне алып,
Өмірлік сарқылмасқор, енші берген.

Көз жетпес көлеміне егін жайы,
Жаралған егіс үшін, қырмен сайы,
Сұлудың қырлап өрген бұрымындай,
Ырғалып шыққан бойлап, ақ бидайы.

Шабынды Шотайменен, Саржал-Серек,
Көлемі көктей жазық, дөп-дөңгелек,
“Талдының” күн батыс жақ жағасында,
“Қотыртау” тұр теңбіл көк басын тіреп.

Наршөккен қырың киік, ойың балық,
Бауырында “Роза” отыр егін салып.

Балауса бозбен – жусан, жоңышқасы,
Шауып ап, мың-мың тонна мая салып.

Ешкімнің Нар шөккенге жоқ таласы,
Біледі қарттар түгіл, жас баласы,
Ақмола, Қарқаралдың кіренібұл,
Үйгізген “Абызының” куә обасы.

Тарихы Нар шөккеннің елге мәлім,
Ертеде қожа болған, байлар зәлім.
Тілімнің жеткенінше, жаздым теріп,
Қаранғы сұмдәуірге қайнап қаным.

Талды ауданы,

5 желтоқсан 1959 жыл.



Құрметті Жәніс!

Осы күз Алматыға келіп, ақпандық
бала кезеңінде ұлт аз бар. Түңдәй жыны
боқса, өзгертсе барға қалың, тұрса,
бірақ баратын болсаңыз - арттары
шаңыру қатаң келуге итис. Стердентан
дүртіп-сүзген жарты жұртпендігіз, бірақ
келетіріп, қазақ, қалмақ қарны итіді,
тына артқа жаңа шотаршалар жаңғы
қалмақтың өтпіндіктеріз үртіп болар.

31.10.60 Осы күннің жарты бөлігіне
жарушылар өзінің облысаралық
30 жылдығын бізге білдірсе.

Құрметті мерекеге арнау

Ішінде 40-жылдың гүлденді ел

Құрметті мерекеге жаздым құттық!

Бас қосқан «Қ а з а қ с т а н» бұл бір қызық.

Құрметпен Қ а р а ғ а н д ы облысынан,

Құс мініп астанама келдім ұшып.

Ер-әйел, қарты мен жас қазақ халқы,

Бұл күнде болып жүрміз елдің алды.

Жауынгер дүниежүзілік соғысында,

Қазақтан талай батыр атақ алды.

Ардақты армансыз ел Қ а з а қ с т а н!

Атағың, абыройың көкке ұштасқан,

Ерлік пен елдік атың бірдей шыққан,

Ұрпақтан - ұрпағыңа қалды дастан.

Тұтқасы дүниенің қолымызда,
Бізбенен ешбір ел жоқ, тең боларлық.
Қалықтап көк аспанда ұштың құс боп,
Бұл күнде елімізде ешбір мін жоқ.
Көретін қызық өмір алдымызда
Шығамыз, өнерлі елдің алды біз боп.
Халыққа туды жарық, Ай мен Шолпан.
Жасадық дүниені, жаңа қолдан.
Хабарын жер жүзінің үйден тыңдап,
Жансыз ат, жалғыз сыммен оң мен солдан.
Үлгілі жер жүзіне Совет елі,
Ашылды түпсіз терең, өнер көлі.
Бұлжытпай орындалды тапсырмасы
Лениннің өлмес-сөнбес ұран жолы.
Босатпай мықты ұстандар табысыңды,
Қарқындат, бұрынғыдан шабысыңды.
Есігі Коммунизм ашылып тұр,
Қажырлы қайратты ерлер сал күшінді.
Қыздыра бас көрікті, соқ темірді,
Жолына Коммунизм жұмса өмірді.
Атақты Қазақстан батырлары
Орындап жүз процент бер көмірді!
1957 жыл

Қырық жылда құлпырдық

Салынған сәнді қала салтанатты,
Өмірі таңырқатты, шар тарапты.
Төсінде түнде жанған жұлдыздары
Арасын жер мен көктің жарқыратты.

Тамаша қандай әсем көшелері,
Көргенде көңілім шалқып өсе берді.
Бақытты ел сайрандаған саясында
Қызықты дариясын кеше берді.

Бұл күнде құсқа міндік, көкте жүздік.
Аспанда теңбіл бұлтты өттік бұзып,
Жол салдық жер мен көктің арасына
Тамсанып табиғаттың торын үзіп.

Жол салдық тауды кесіп, тасты бұзып,
Кемеміз кең аспанда қалқып жүзіп.
Қонып тұр бақыт құсы басымызға,
Өлмес жол, сөнбес шырақ шалқып қызық

Нұр заман, байлық дәулет бәрі қолда,
Даңқымыз кетті тарап, оң мен солға,
Өркендеп өнер – ғылым, терең білім,
Келеміз коммунистік ұлы жолда.

Өткіздік басымыздан не қиынды,
Дос күліп ісімізге, қас күйінді.
Әділдік бейбіт өмір елімізде,
Сан дұшпан сағы сынып басын иді.

Арқаның бетпақ жазық сар даласын,
Құлшыртып гүлдендірдік сай – саласын,
Егін сап мал өсірген колхоз-совхоз,
Ғажайып істеріне таң қаласың.

Жеңіске жетпейтұғын күніміз жоқ,
Бұл өмір – бейне біздің түніміз жоқ,
Орындап жеті жылдық келелі істі,
Шығамыз жеңімпаздың бірі біз боп.

Мінеки, 40 жылда ел өмірі,
Осындай гүл маусын төге білді.

Советтік күн сәулелі Қазақстан,
Тағы да көрсет жаңа өнерінді.

Күл заман, жаңа дәуір адамына,
Мақтан ет, оның алып қадамына,
Бақ берген ұлы дана салған жолмен
Келеміз Коммунизм қоғамына!

1961 жыл

Қарағанды

Бай қолында пайдасы,
Қарағанды кешегі,
Орда тігіп ойнаған,
Жауыздардың түнегі.

Көлеңкесін ие ғып,
Туған ұлдай қожа ғып,
Көздеген мақсат тілегі,
Суын ішіп, шөбін жеп,

Көрмеді сұмдар пайдасын,
Ат жаратып, қол жинап,
Белдеуге сүйеп найзасын,
Көпшіліктен неге ұялсын?

Жатқан жерде тұншығып,
Күдер үзіп өмірден,
Қадірін білер, ері жоқ
Сұм дәуірден шөлдеген,

Ғасырлар бойы қамалып,
Жатқан бұғып, иесіз кен.
Қара күнде кайғылы,
Мұңлы – шерлі, жесір кен.



Қарағанды қара алтын,
Жердің арда еркесі.
Көлбеп жатқан көсіліп,
Кокс көмір өлкесі.

Шыққан көмір забойдан
Машинамен құйылып,
Толған көмір вагонға
Тау – тау болып үйіліп,
Күшін жинап шегініп,
Айғай салып тебініп,
Тұлпардай орғып жөнелер
Тау көшкендей жөңкіліп.

Паравоздар арқырап,
Күркіреген күндей боп,
Тауды ұшырар екпіні
Асау долы желдей боп.

Арсылайдай бүлкілдеп,
Тау беліндей күркілдеп,
Мотор қызып, тер басып,
Минутында бая асып,
Күшті елім көрсетті.

Солқылдатып жер астын,
Машиналар дүңкілдеп,
Болат кеспес, көк тасты
Нандай тіліп, үккілеп,
Жер анасын емірентіп,
Кен піспегін тербетіп,
Қопарылған көмірді
Өзі үйеді текшелеп.

Жер астында электрлер
Нажағайдай жарқылдап,

Тоқтың долы күшімен,
Жер дірілдеп солқылдап,
Күй тартылып, ән салған,
Үнін қосқан, нулы орман,
Мұндай қызық заманды,
Көрген елде, жоқ арман.

Қазақстан жерінде,
Қарағанды әйгілі,
Көмір беріп өмірлік,
Бірнеше алған бәйгені.

Сарқылмайтын-сөнбейтін,
Көзі көктей, бір бұлақ.
Сайрандаған саясы,
Жағасында ел құрақ,
Ойылса да, аспан-көк,
Жарылса да, қара жер,
Сөнбейтұғын бір шырақ.

1937 жыл

Балабек-қарт **65 жасында қасқыр соқты**

Жондының жылқы жатқан даласында,
Бытырап сайы менен саласында,
Семіріп арық-жауыр, кәртендері,
Ойын сап тай-жабағы арасында.

Жылқының жалпы саны артық мыңнан,
Кем емес кұнан-дөнен, ат-айғырдан,
Бір жерге жұнттай болып жиналады,
Айғайлап дыбыстаса біреу қырдан.

Аяғы февральдың, март айында,
Жондының жылқы жатқан кең сайында,

Түс ауып, бесін төмен түскен кезде,
Түнеріп бір бұлт шықты жоқ ойында.

Айтқанша күн желдетіп, кетті жауып,
Көңіліне Балабектің кірді қауып,
Тез ұстап, Балагерді мінейін деп,
Беруші еді қысылғанда соқпақ тауып.

Балабек ұстап алды Балагерді,
Устіне ерді-шашпаң салады енді,
Айтқанша жылдамырақ мініп алып,
Жылқыны үйірмелеп тұра қалды.

Жылқының шығармай-ақ бірін шашау,
Тілсіз жау бұдан түрі көрінді асау,
Соқса да он күн боран сенімі зор,
Болмайды Балагерге аяз тұсау.

Ақ боран 3 күн, 3 түн соқты ұдайы,
Шұрқырап тай-жабағы, шыдай алмай,
Ұзын жал, көбең жауыр қартаңдары,
Дірілдеп қалшылдайды пана болмай.

Қабағын жауып алды күн түйіліп,
Жылқыны шоқтай қылып, көрді иіріп,
Теңбіл көк, қара қоңыр, күнгірт тартып,
Түнеріп күн де батты ұясына.

Қатайып күн реңі бұзылады,
Сол кезде Балекең де қысылады,
Қар басып тұла бойын көзі бітіп,
Жылқылар басын шайқап пысқырады.

Ауған кез түн ортасы таң жоқ әлі,
Бәкеңнің жаман емес, әзір халі,
Соқса да 10 күн дауыл қажыр емес
Жиналса көктің қары, қыстың зәрі.

Балабек біраз тұрып, ойға кірді,
Жүрер жөн байқайын деп атқа мінді.
Жанына шыр айналып, бір айғайлап,
Қасқайып желге қарсы, жүріп берді.

Күн-желге қарап, жерді шалып,
Байқады жердің жөнін тұра қалып,
Кез болды, басы тұйық, бір терең сай,
Тоғайдай қарағаны, қалың құрақ.

Жылқыға кейін қалған, келді шауып,
Адаспай тура жүріп, алды тауып,
Жылқыны сол қораға бір жеткізсем,
Ешқандай бұл бораннан келмес қауіп.

Әр түрлі ой Балабектің басында жүр,
Ақ боран түтеп соққан ашылмай тұр.
«Алғанда жау жағадан» деген мақал,
Жылқылармен еріп жүр, бір топ қасқыр.

Балабек көре салып, келді айғайлап,
Айғайымен қасқыр қашты андағайлап,
Қасқырды қуып тастап араласа,
Бір тайды жеп қойыпты бәрі тойлап.

Еш қылды-ау, мынау қасқыр еңбегімді,
Көрермін жауыз сені ашса күнді.
Жолына қара тайдың құрбан қылып,
Тірідей сыпырамын жон теріңді.

Жылқыны сол қораға келді айдап,
Таратып иірмелеп салды жайлап,
Бәкене, бәрінен де қасқыр батып,
Таң қашан атады деп тісін қайрап.

Басылды соққан боран, жел бәсеңдеп,
Таң атса арманы сол кусам деп,

Сәті боп, осы қасқыр бір кездесе,
Қос қолдап, қарақұстан бір ұрсам деп,

Бәсеңдеп соққан боран басылады,
Жылынып жазғы күндей маужырады,
Бораннан азап шеккен тай-жабағы,
Ұйықтап жас баладай маужырады.

Болды жер түлкі жортпас, малша сонар,
Алған жоқ бұл бораннан ешкім хабар.
Ойынан қаратайдың кегі кетпей,
Қусам деп көп қасқырды болды құмар

Балабек малды аман көгендеді,
Астындағы Балагерді жібермеді,
Жылқының айдаған көп ізіменен,
Балабек шаба жортып жөнеледі.

Жылқының түсті түнгі сүрлеуіне,
“Жондының” шықты шауып белеңіне.
Сұңқардай сорғалатып жетіп келді,
Түндегі жеген тайдың жемтігіне.

Жосыған ізге келді шұбырынды,
Шапқанда жер танауы қуырылды.
Сыдыртып ақ бөкендей келе жатыр,
Бетке алып жайдақ асу бір кезенді.

Кезеңнен тура шауып шыға келді,
Белсеніп түріп алды екі жеңді.
Қаранды көз жіберіп, жан-жағына,
Сары дала, сай-салаға көз жіберді.

Мөлшері сол уақытта болды сәске,
Қасқырды жусап жатқан көрді бетте,
Қар қауып у жегендей аунап жатыр,
Түнімен бойы қызып, тойған етке.

Кезеңнен көрді дағы, шапты құлдай,
Тілекті бере гөр деп бүгін құдай.
Белестен айғай салып, шыға келді,
Жаңғыртып тау мен тасты салып айғай.

Жөнелді қасқыр қашып бет-бетімен,
Бәкең де араласты бір шетінен.
Біреуін еркін жетіп баурап алып,
Шіреніп, ұрды дәлдеп көк желкеден.

Біздің қазақ

Біздің қазақ білімнен,
Артта қалған ел еді,
Білім менен өнерден,
Басқа ұлттардан кем еді.
Сұмырай жауыз, сұм патша,
Қазақтай ел бар демеді,
Есепке алып ел десе,
Теңдікті неге бермеді?
Жетім-жесірге неге көңіл бөлмеді?
Мал басында ерік жоқ,
Қасқырдай елді жеп еді.
Бастаушы жоқ, білім жоқ,
Білім білер елің жоқ,
Құр жаны бар денеде.
Құқығын айтуға халі жоқ,
Жауыздардың ішінде,
Аяқсыз жүрген кірмедей,
Сал демей түзеп қалаңды,
Оқыта алмай балаңды,
Оятпай сезім - санаңды,
Жауыздардың жұмысы.

Расында жиылмады.
 Өз алдыңа е л бол, - деп,
 Еңбек істеп е л бол, - деп,
 Б а с ш ы л ы қ неге бермеді?
 Жеккеніндей артынып,
 Сиырды бағып жүріп қиырға,
 Қ а з а қ қалай өлмеді?
 Ағаш-арпа еккені,
 Тамақ қылып өкпені,
 Киіп алар киім жоқ,
 Қалтасында тыйын жоқ,
 Жаяу жүріп мал бағып,
 Маңдайынан тер ағып,
 Жапа қайғы шеккені.
 Үстінен түспей шекпені,
 Біздің ҚАЗАҚ ерекше,
 Өмірден соққы жеп еді.
 ҚАЗАҚСТАН ішінде
 Шойын жол неге жүрмеді?
 Жүрген болса шойын жол.
 А т а м ы з неге көрмеді?
 Көрсетудің орнына,
 Жатқан жерінен тұрмады,
 Тіл алмасаң тепсініп,
 СУДЬЯДАЙ тергейді,
 Әлі саған болар, - деп,
 Қамшы ұстап, сермейді.
 Ашуыңды қой дейтін,
 Ақылды д о с болмады.
 С о қ қ ы көріп өмірден
 Н а ш а р л а р аңсап шөлдеді.

Осындай ауыр дәуірді.
Көріп пе едің еліміз?
По мещик пен байлардың,
Қолында еді жеріміз,
Шабындысын тай басса,
Кірген жерінен әрі асса,
Қазулы еді көріміз.
Бірде сек пен аталып,
Жер төсекке тай алып,
Сотық жерге қой алып,
Өтірік емес мұнымыз
Сұр жыландай ысқырып,
Бай мен болыс талтақтап,
Тас бақадай тырбиып,
Майдан жүрмей алшақтап,
Күшігендей оқ тиген.
Мамырлап басып солтақтап,
Поштабайды жемтіктес, - деп,
Жүр о да жалтақтап.
Екі нықтан дем алып,
Ел-жұрттан пара алып,
Ел қанаушы қуларды.
Олар да жүр құшақтап.
Туысқанын жамандап,
Өзінің басын амандап,
Біреулер жүр қасында,
Көкшолақпен қутындап.
Жігіт болып жағынып,
Болыс-биге бағынып,
Содан сұлу сүйеге,
Мойынында жүр күйік.
Нашарлардан табылар

Қажет болса керегі,
Білім жағы шамалы,
Сөзге де емес обалы,
Артығырақ сол қудың,
60 -тардан амалы.
Орнынан тұрса сәл шығып,
Біреулеріне мін тағып,
Сонымен пайда табады.
Өз борышын жый десе,
Жағалай елге шабады.
Қорқытып елден пара алып,
Қойнына тағы тығады.
Жылатып алған сол қудың,
Бойына қалай жұғады?
Болыс-биді жанайды,
Зар жылатып талайды,
Бір нәрсені ілік қып,
Жанжал бастап бүлік қып,
Атын алып айыпқа,
Қойын алып сойысқа,
Киім-кешек кигізуін,
Тағы қолымен талайды,
Оқшау шығып отырып,
Тізесін бүгіп жүгініп,
«Олжа тап», - деп осындай
Аузы-басын жалайды,
Айдаһардай ақырып,
Түкірініп-қақырып,
Олжаға батып Торыатты,
Ертте, - деп шақырып,
Құп-қу болып құнтыып,
Ақ селеудей сұмпынып,
Атың келді даяр мін.

Қол қусырып бас иіп,
Атқа мініп шалқайып,
Өңі кіріп мұрны аңқиып,
Ауылға келсе тұрады,
Оқ тигендей шоңқиып.
Көпшілік оған қол беріп,
Үрейі кетер ұлғайып,
Шақыр, - деп мұнда ұлығын,
Түйе алу керек, ат-айып,
Бері кел, - деп ақырып,
Алдына алып шақырып,
Он бес шыбық дүре соғып,
Поштабайын тықсырып,
Ұрып-соғып корқытса,
Қалады ол жат болып.
Ақ-қарасын айырмай,
Е ш к і м бетін қайырмай,
А қ п ы з деген н а ш а р д ы,
Талай кетсе шабылып,
Есінен танып дүре жеп,
Қылжалақтап тұра кеп,
Еріп келіп үйіне,
Ойнатар ол қанқуын...
Ермек қылып қуатын,
Алып кету ерікті
Б ұ л не, - деген к е р е м е т?
Жауыздардың жұмысы
Болды міні осындай тамаша!
Арқанға өлшеп жер сатып,
Көңілі түсіп қалмаса,
Сонда ғана сатады,
Халықтан ақша санаса.

Іркіт пісіп, сорпа ішер,
Қызмет жағы ұнаса.
Қорыққаннан жүгіріп,
Маңдайдан тер төгіліп,
Қарамайды артына,
Баласы отқа құласа,
Шырылдатып н а ш а р ғ а,
Қ а д а л а д ы ғ о й с о н а ш а.

Дәуір өтті осындай!
Сонау бір өткен з а м а н д а .
А н секілді жүруші ек,
Өл к е с і з шөлейт ж а п а н д а,
Ұл т а р а қ т а й ж е р т и м е й,
Н а ш а р л а р т а с қ а қ а м а л д ы .
А д а м з а т т ы қ ұ л қ ы л ы п,
Өзінің сөзін пұл қылып,
Қ а р а м а д ы о б а л ғ а .
Аш қасқырдай аңсырап,
Н а ш а р д ы көрсе қ ы ң с ы л а п,
Тұрады торып шабарға,
Ел қанаған паракор,
Ө м і р і н д е о ң а р м а ?

Е л б а р д е с е к а з а қ т а й,
У л ы т і л м е н ш а ғ а р м а ?
Жемтіктесі болыстың
Старшын - болыс аулынай,
Ш ы л б ы р с а л ы п ш ы ң ғ ы р т ы п,
А т о й н а т ы п а у ы л ғ а .
Қамшысы бар қолында,
Ж ы л а н б а у ы р с а р б а с т ы ,
Айдап шық, - деп сиырын,

Жемқорлармен ымдасып,
Басын тігіп ақшаға,
Салып алып қалтаға,
Жең ұшынан жалғасты
Мал дегенде нашардың,
Жалғыз сиыр қарасы.
Балапандай шалады,
Нашарлардың баласын.
Жалғыз сиырды алған соң,
Енді келмей тыйылды
Байды қорғап, нашарға
Қ а р а қ ұ с т а й түйілді.

Осы дәуір кездесті, жалпы қара қазаққа

Шырмалып ек шыға алмай,
Қара түнде тозаққа,
Түнді қуып, күн көрдік.
Кез болдық ш а т т ы қ к ы з ы қ қ а,
«Өткен істі айтпаса,
С оңғысы ойға түспейді».
Түбін кескен қ у т а м ы р,
«Ж а п ы р а қ ж а й ы п ө с п е й д і».
«Батып кеткен қ а р а т ү н,
Енді қайтып шықпайды»,
«Еліміздің бірлігі,
Күннен – күнге нығайды»
Қолымен әкеп ортаңа,
Күн мен айды орнатып,
Тудың жаңа анаңнан,
Қазақ елі толғатты.
Радио мен Электрді
Үй басына орнатып,
П а р о в о з д а р қуғанда

Тұлпардай орғып ойнады.
Тізіп вагон, тиеп жүк,
Арқыратып ысқырады.
Азат қылып халықты,
Жойып ескі тарихты,
Ескі жолды қиратып,
Жаңа жолды сайратып,
Адамзатты ерік етіп,
Жас баладай тербетіп,
Өстік міні ержетіп!

Алға қазақ! адымда.
Күнің туды, түн кетіп,
Сталиндік дәуірде
Қазақстан аталды.
Сенімді ұлдар сыналып,
Мызғымас берік ер болды.
Право алып бұл күнде,
Алдыңғы ұлтпен тең болды.
Ояу жүрсең есіңнен,
Ұйықтасаң түсіңнен,
Шықпайтын бір күн болды.
Кәрі жасап, жас өскен,
Адамзат орны төр болды.
Іске қарттар тоғысты,
Сөйлегені жер болды.
Кигені бойға асылдан
Қотанына мал толды.
Жерден өнім өндіріп,
Жегені елдің нан болды.
Сукно-барқыт кигені,
Тұрмыс жағы түзелді.
Артса тартар Қап тауын.

Жансыз атан күш болды,
Сұңқар бейне, қосқан ат,
Мінгеніміз құс болды.
Айшылықты алты аттар,
Жүйрік дәуір кез болды.
Жас өспірім жастарың
Жауға шабар, ер болды.
Бізден шыққан жарыққа
Шетелдері таң болды.
Шаттық өмір бақытқа
Елім бүгін мас болды.

*

20 жылдың ішінде,
Оқыған бала, бас болды.
Тұлпар тектес жас құлын
Ерлер мінер, ат болды.
Он жастағы жас бала
Оқығаны журналы,
Жазғандары хат болды,
Құтылғанда бұғаудан
Шеттетілген шырмаудан.

Қызығып кенді жеріме,
Қанды балақ қарақшы,
Қапылыста кез болды.
«Асқан сұмға, бір тосқын,
Ақыры, қирай тез болды».

Шөп бітті егін пісті қамданайық,
Көп созбай, біту жағын еске алайық,
Түсірмей жалғыз дәнін жер бетіне,
Алуға төкпей - шашпай күш салайық.



Ер-эйел, кәрі мен жас ұйымдасып,
Тезірек біту жағын қолға алайық.
Сапасы саныменен бірдей шығып,
Көлемін осы өмірдің, кең қылайық.

Жұмысқа қарқын беріп, ұйқы бұзып,
Еңбектің Ері болып саналайық.
Айтқызбай жұмыс істеп ұйымдасып,
Төрт-бес жүз кем, - деген де көп табайық.

Үкімет еңбеккүнді тексергенде,
Ақталып кінә шегеміз, - деп ойламайық.
Шығарған Сталиндік «Алтын заңын»,
Шығармай ойымыздан еске алайық.

Ж е т і н ш і И ю н ь күнгі ашық Заңын
Жүрекке мықтап сақтап іс қылайық.
Сылтау ғып, бір нәрсені бос жүруді
Ж о л д а с т а р! Бұдан бұлай тоқтатайық.

Еске алып Еңбек заңының нәтижесін,
Темірдей тәртіп жағын қатты алайық.
Жалынды жалпымызға жазған сөзін
Қарсы алып бір жүректен қабылдайық.

Немісті жеңу үшін, қарын тоқ боп,
Б і т і р і п жұмысымызды аяқтайық.
Көрікті О т а н үшін еңбек етіп істеп,
Борыштан а з а м а т т ы қ құтылайық!

Өткен дәуір ғасырда

Өткен дәуір ғасырда,
Нелер ауыр күн өткен,
Қара түнге қамалып,
Талай біздей ел өткен,

Лебімен тартып жыландай,
Бұқараны жем еткен,
А й у а н ғ а бағалап,
Тұншықтырып қамалап,
Қ а з а қ т ы итпен тең еткен.
Қорған болып е л і н е,
Ие болып ж е р і н е,
Қ а з а қ т а н талай Е р өткен.
Батыр ұлы қ а з а қ т ы ң
Т а р ғ ы н деген Е р еді.
Қ а м а л ғ а шауып, қан төгіп,
Қайтпас - қайсар Е р еді.
Шыдай алмай н а м ы с қ а,
Қызықпады бос жатпасқа,
А р м а н ы Е р д і ң жер еді.
Сұраса ескі қ а р т т а р д а н,
О қ ы с а жазған т а р и х т а н,
Бес жастағы жас бала
О н саусақтай біледі.
Т ұ л п а р мініп, Т у ұстап,
Қ о б ы л а н д ы, - деген Е р туды.
Көк ала қалқан жамылып,
Оқ өтпес сауыт киініп,
Болат семсер асынып,
Тәуекелге бел буып,
Егескен жауды шауыпты.
Х а н басын кесіп, шөптей ғып,
Алысқан жауды, сан қырды.
Атақты батыры қ а з а қ т ы ң,
Қ а р а қ а с қ а атты, Е р Қ а м б а р.
Қ а м б а р батыр сықылды,
Өткен талай Е р л е р б а р,
Жылап өткен е л і м, - деп,

Асқар тау, шалқар көлім, - деп,
Ел үшін жаным, құрбан, - деп,
Айтылған талай, жырлар бар.
Арыстандай айбатты
Абылай, - деген хан өткен.
Кезіккен жау, кезеңнен,
Бірі де жоқ, сау кеткен.
Орыс-қазақ - қалмақпен,
Алысумен күні өткен.
Алпауытпен алысып,
Қабырғасын күйреткен.
Бұғау салып мойнына
Сан асауды үйреткен.
Жебелі найза, қолға алып,
Қолына Ақтуын алып, құлшынған Хан
Қарсы шауып Ақ Патшаға, қарсы болып,
Соғысып талай, қан төккен.
Үлгі алсын, - деп ұрпағым,
Қорғасын, - деп Отанын,
Кейінгі жасқа, мұра еткен.
Көрдікелім көзбенен,
Амангелді батырды.
Шошқа тұмсық сұмдарға
Найзасын қатты батырды.
Ана сүтін аузына,
Лағнаттардың татырды.
Мыңды батыр, жалғыз жайратып,
Шөптей шауып, қиратып,
Майданда қанды ағызды.
Қорға, - деп жаудан еліңді,
Берме, - деп ширек жеріңді,
Жаңа талап жастарға,
Бабаларың тапсырды.

Өзі өлсе де, жолы қалды.
Жолын жастар, қолға алып,
Мыңдаған - миллион, Ер шығып,
Жеңіс туын, қолға алды.
Жер болады қашанда,
Екі жақтың таласы.
Алысқан ердің жолдасы
Сол елдерден үлгі алып,
Мәңгілік жаңа, жол салып,
Отаныңды қорғап ал,
Жауынгер қазақ баласы,
Құртпай жауды, тоқта ма?
Жауынгері қазақтың,
Баласына Жақиядай!
Жаудесе, жайна қазақ!
Бабалардың жолынан
Тайма қазақ!!!

Қойдай қырып жер жүзін бәрін қырмақ,
Өзі түгіл, өшіріп көленкесін,
Фашистердің өмірін қылма ұзақ?

Жаз майса

Жаз майса жаңа дәуір нұрын сеуіп,
Ызғарлы сұрғылт бұлттай сырып қуып,
Шүмегін көктің бұрап сарқыратып,
Құлпыртып жердің,- жүзін сырлап жуып,
Заманға жаңаруға сәуле беріп,
Ай мен Күн жарқырай бер Шолпан туып,
Тамылжып жер - орманы сылқ-сылқ күліп,
Сайларда көк шыбықтар өсіп-өніп.
Сүйіріктей сұлу біткен көк шыбықтар,
Айқасып бірін-бірі бетін сүйіп.

Ырғалып самал желмен жапырағы,
Төменгі жоғарғыға басын иіп.

Қиялшыл қисық біткен тамырлардай,
Түзетіп арасында түбін қиып,
Алапты адам басқан кірлі күндей,
Тазартып кіршіксіз ғып, алдық жуып.

Қара күн қарғыс атқан кетті зарлап.
Жоғалып кетіп еді, түсі суып.

Жыртқыштар жылан жүзді, хан дәуірде,
Оның да жойып едік, жолын қиып.

Аластап улы тілді жыланды айдап,
Құшақтап еңбекшінің, бегін сүйіп,
Елді орай, тауды борай тиышталып,
Бір заман, жан көрмеген көрдік қызық.

Майданда жер селкілдеп, көк қозғалды

Майданда жер селкілдеп, көк қозғалды.
Аспаннан бомба түсіп жарылғанда,
Самолет көктен түйіп, жерден танкі,
Қырғыннан жер боялды, қызыл қанға.

Қап - қара күннің көзін тұман басып,
Самолет теңбіл бұлтпен араласып,
Пулемет, зеңбіректер атылғанда
Көл толқып, көк дірілден араласты.

Түздегі жануарлар қайран қалып,
Тамаша құлақ түріп, таң қалысты.
Қауіпті катаң келді бұрыннан да,
Болған жоқ мұндай соғыс жаралғанда,

Жадырап жаз секілді, жатқан елге,
 Баскыншы Герман фашист салды бүлік.
 Жинап – ап, Гитлер сұм елдің бәрін,
 Бір тұқымдас солдаттан.



А қымақ артын бақпай, план құрып,
 Ақыры қайдан білсін не боларын?
 Германияның ит секілді фашистері,
 Тарқамас қан төкпесе құмарлары.

Секілді қорқау қасқыр сұмырайлардың
 Жері еді СССР – дің көздегені.
 Фашистер құмырсақдай жүрді қаптап,
 Алмақ боп, СССР – ді басып таптап,

Ішінде бір жетінің аламыз, - деп.
 Команда беріп қалды Гитлер ақымақ,
 Ұқсады айға шапқан арыстанға,
 Түбінде, кім озады жарысқанда?

Сол кезде, ай қарайып, күн тұтылды,
Екі жақ араласып соғысқанда,
Шалғымен шалқан шөптей құлап жатыр.
Екі жақ штіктесіп шанышқанда,
Жау кірді баса көктеп ішімізге,
Дегенмен шыдасын ба, күшімізге?
Қайтардық тасқын судай жаудың бетін,
Ленинград, Москваның көшесінде.
Ленинград пен Москва,
Отанның алтын ордасы.
Жер - жүзіне нұр шашқан,
Гүлдендірген ауасы.
Жымыңдаған жұлдыздай,
Көзің тоймас көшесі.
Сыбырласқандай сыбырлап,
Еккен бақша миуасы,
Ішсең тоймас шараптай,
Құмар қылған ауасы.
Салтанаты жаннаттай,
Салынған сәнді қаласы,
Бұл ордаға қызықты,
Фашисттің баласы.
Шауып еді көріне,
Отырамы, - деп төріне,
Отырудың орнына,
Тірідей кірді көріне,
Боққа қонған шыбындай,
Фашистер қаптап аңдады.
Фашистердің ісіне,
Біздің ерлер шамданды
Генерал - майор Панфилов.
Жауға қарсы аттанды.

Оқ өтпес киіп жанатын,
Асынып бойға болатын,
П а н ф и л о в батыр шатланды,
Т и м о ш е н к о, Б у д ё н н ы й,
Кілең батыр қолбасы,
Арыстандай айбатты,
Мыңдаған - миллион жолдасы,
Тау бұзатын, жау түгүл,
Р ү с т е м д е й тұлғасы,
Күш қосқан соң осы ерлер,
Қ о р ғ а л д ы жаудан даласы.
Г е н е р а л - м а й о р П а н ф и л о в,
Талқандап жауды қандады.
Ф а ш и с т жауды, қойша айдап,
Қырудан батыр танбады,
Көз жетпес жерден оқ атып,
Табан жерде жоғалтып,
Көзі оттай жайнады.
Қоса жетіп, қаша атып,
Ж е л к е с і н жаудың шайнады.
Өлгені - өліп, тірісін
Шынжырлап қолын байлады.
Батыр біздің П а н ф и л о в,
Керек қылмай өлімді.
Құрбаны м е н, - деп ж е р үшiн,
Ө л е м і н, - деп е л үшiн,
Ж а у ғ а тиді б ө р і д е й,
Г е р о й л ы ғ ы н көрсетті.
Е л і м көрсін дегендей,
Берді жауға соққыны.
Алғы шепті көзге алып,
Түсі қашып, түн катып,
М ы ң ы н а жалғыз оқатып,

Тұлпарынан бір түспей,
Москваны дұшпаннан,
Қаһармандар сақтады.
Отанға берген анттарын,
Іс жүзінде ақтады.
Табанымен танкінің,
Жерге тығып таптады.
Баға беріп күшіне,
Алғыс айтып ісіне,
Маршалдар да мақтады.
Панфиловтың сол кезде,
Түгі шығып бетінен,
Шыдай алмай жау қашты.
Шегініп қашты артына,
Қалғандары көп жауды,
Балықтай шаншып шатынан,
Теңіздей толқын, күш жұмсап,
Тойтарды жауды бетінен.
Панфиловтың қайраты,
Жауға істеген қайласы,
Қалмау керек мәңгілік,
Кейінгі жастың есінен!

Әбілқайыров Баймолда,
Қазақтан шыққан қаһарман!
Қайтпай шауып майданда,
Жаудың бетін қайырған,
Қаптаған өрттей көп дұшпан,
Су сепкендей басылған,
«Атам қазақ!» қолда, - деп,
Өз атым, Баймолда, - деп,
Жауды шөңтей жапырған,
Отаныңды қорға, - деп,

Соғыстан қажып, талма, - деп,
Жауынгер жасын Қазақты
Қатарына шақырған.
Кейінгі жасы Қазақтың
Үлгі алындар, осы батырдан.

Салды неміс бар күшін,
Сталинградты бүгуге,
Басып алып ордаға,
Талаптанды кіруге.

Жайлау қылып даласын,
Гүлдендіріп қаласын,
Атамекен етуге,
Сталинградты фашистер,
Алмақ болып қоршады.
Сегізай бойы соғысып,
Қажып фашист шаршады.
Таусылып жаудың қайласы,
Тасқатиіп найзасы,
Тілегі қабыл болмады.
Ине жұтқан, иттей боп,
Аштықтан неміс бөгелді.
Қасқыр көрген, ешкідей,
Күшті неміс жүгірді.
Иттей ұлып, шуылдап,
Шыбын жаннан түңілді,
Біздің ерлер, ат қойды,
Төніп жатқан көп жауға,
Қойдай қамап қорғанға,
Аламыз, - деп қамауға,
Қиылған соң қылтасы,
Гималайды қорғауға,
Жауынгерлер ат қойды.

Жауға қарсы ұрандай,
Тұс тұсынан оқ атып,
Бұрқыратып борандай,
Жердірілдеп, көл толқып,
Болды бір ақыр замандай,
Жаралғалы дүние,
Болған жоқ соғыс дәл мұндай!
Ерте кқылып айтады
Зарқылып, «социал» халқы,
«Соғыс» бопты, - дейді - міс
Көкті шарпып, жалыны,
Көтеріп жазған ақындар,
Қозғалды көктеп зарыны.
Безбенге салса жүз грамм,
Баса алмайды дәл мұны,
Ақын жалған жазған жоқ,
Болған істің, баршыны.
Бұл соғыстың күшінен,
Жер қозғалып, ор болды.
Қара тастан, су шығып,
Маңайы толған күл болды.
От шашқандай, оқ шашып,
Азаматтан қан ақты
Ат бауырынан қан болды.
Сар даланы шаң басып,
Азаматты қан басып,
Осындай ауыр хал болды.
Самолеттер аспанда,
Қыран құстай сорғалап,
Жоғары ұшып, төмендеп,
Ұрған доптай домалап,
Көкте жүзіп, бұлгты бұзып соғысып,

Қанатымен бірін - бірі сабалап,
Қырандай қалқып,
Жұлдыздай жылжып аққанда,
Т а м а ш а ғып, жұрт қарады анталап!

Өсиет

Ақиқат сөз айтамын білгендерге,
Ат байлар кейбір надан құр бекерге,
Өзінің жүретұғын жолын білмей,
Біреудің көңілі аспанда басы жерде.

Бай да өлген, батыр да өлген, шешен де өлген,
Пенденің өлім шіркін, көңілін бөлген,
Қызығы ақыреттің «бейш» - дейді,
Қызығы бұл жалғанның, тірі жүрген.

Бағасыз, сылдыр сөзді кей жігіттің,
Артында, үлгі алар сөз қалмайды.
Өткір сөз, шебер тілді ер жігіттің,
Бағыты, қайда жүрсе кем болмайды.

Отанды қорғап жатыр бар баламыз

Жалпымыз жауға қарсы аттанамыз,
Астына Қызыл тудың топталамыз,
Қорғаушы Ұлы Отанның қорғанымыз,
Біз неге олай болса тоқталамыз.

Табылсақ бір тілектен бір жүректен,
Сонда біз жауды жеңіп кете аламыз.
Қысы-жазы мұз төсін, бұлт жамылып,
Отанды қорғап жатыр бар баламыз!

Мол етсек жылы киім азық жағың,
Талқандап жауды сонда жеңе аламыз.



Басса да қара тұман дүниежүзін,
Гауһардай жарқыратып жоя аламыз.

Өрнектеп дүниені қайта жасап,
Тұрақты жер - жүзіне жол саламыз.
Шыбын жан қасық қанды жұмсамасақ,
Біз қалай Совет елі аталамыз.

Құрытсақ жылан жүзді басқыншы жауды
Сонда біз Отанның Ері аталамыз.
Бермесек шекарадан бір сотық жер,
Басшымыз Сталиннен бата аламыз.

Қараңғы түнді жойып, күн қыламыз.
Фашисті көктен түйіп төбесінен,
Түсінен шошығандай қыс қыламыз.
Басын таудай ғып, аяғын жүн қыламыз.

Қиратып салтанатты қаласымен,
Keң жазық жалпақ дала жер қыламыз.
Өзіне фашистердің ор қазғызып,
Шықпастай дүниеге, көр қыламыз.

Қарт жасап, жас өсіп ержетеміз.
Ұлы Отанды жайнатып гүл етеміз.
Дүниенің тұтқасын қолмен ұстап,
Коммунизм дәуірін тербетеміз.

Қара тұман орнатып, жау басына,
Кейінгі жас ұрпақ мұратымыз.
Болашақта алдағы дәуірлерде,
Өлмес тарих, әңгіме жыр қыламыз.

Қарттарды бұлбұлдай ғып сайратамыз.
Қырандарын Отандай сырлатамыз.
Жетім-жесір мұңсыз боп, мың қой айдап,
Ұясында торғайдай шырылдатамыз.

Жаңа дәуір тұрмысты орнатамыз.
Жер мен көктің арасын түрлетеміз.
Ескі жолды, қиратып, жаңа жолды
Ісімізді қаттығып ширатамыз.
Ұлы Отанды дұшпаннан,
Әрқашанда қорғаймыз.
Ту көтеріп ұрандап,
Жауды жеңіп, кек алып,
Мерекелеп тойлаймыз!

1943 жыл

Келдің бе, қаһарманым Мәлік туған...

Келдің бе, қаһарманым Мәлік туған!
Сұңқарым тәрбиелеп біз ұшырған,
Отанның ұлы дүбір бәйгесін де,
Жарыста қан майданда жеңіп озған.

Ерітер ер қаладай атың шықты,
Табысың жетті көкке, жауды қырған,
Ел үшін, жерің үшін, намыс үшін,
Аянбай шыбын жанды қылдың құрбан.

Қазақтан туған батыр, жастарына,
Адаспас мәңгілік жол, сіздің салған,
Үлгілі ісіңменен, күшің жеңіп,
Мәлік жас, үлкен жетіс атақ алған.

Қобыланды, Тарғын, Қамбар олар да өткен,
Солардың ұрпағысың жолын қуған.
Қырандай көктен іліп, жерден атып,
Немістің мыңына өзің, төтеп берген.

Жасылдай көктен түскен төбесінен,
Дұшпанның қанын судай, сен ағызған,

Геройлық атақ алып, Медаль тағып,
Елінді көрдің тірі, жоқ сен де арман!
Езілгенді сриткен, біздің Қазақ!
Қамалып кара түнде, көрген азап,
Октябрьдің таңы атып, Шолпан туып,
Қазақ аты шыққалы, болған аз-ақ.
Тұншықтырып дұшпанның түбін бұзған
Жасасын! Ақиық Мәлік, жалпы Қазақ!!!

1943

Абайдың сөздері туралы

Абайдың, жыры алтын, сөзі құнды,
Ішінде, жатқан тұнып, ашты сырды.
Ғылым – біл, өнер үйрен, еңбек етіп,
Жұмады, көз жұмған соң, бар өмірді.

Халыққа, өлең – жырдан, төккен өрнек,
Шақырды, қатарға кел, адам бол,- деп.
Өмірге, оқу – азық, білім – қазық,
Тарих кып, жазып кетсе, оқыңдар,- деп.

Бастаған, Абай түзу қазақ көшін,
Алдағы, болжап өткен, болашағың.
Абайдың, өзі өлсе де, сөзі өлген жоқ.
Тұмардай, тақтық бойға, асыл сөзін.

Көрсетіп, болжап кетсе, болашақты,
Сүймеген, ел қанаушы би мен бекті .
Шыға алмай сұм дәуірдің құрсауынан,
Мыйменен ойдан алып барлық кекті,

Абайдың, бір тілегі, ел бірлігі,
Елім,- деп, елжіреген, бар тілегі.
Сөйлеген, данышпанның дастан сөзі.
Қазір де, жұртшылыққа, бар керегі.

Кім келіп, кім кетпеген, дүниеге,
Тарих боп, жолы қалды кейінгіге.
Жері Отан, тілі құрал, туған жасқа,
Ұмытпас, ұрпақтарың, сізді ел де.

Айтады бір сөзінде Абай былай:
«Ғылым тап», жастай оқып, буын қатпай,
Менің көрген жайымды сендер көрсең,
Ғылым үшін жүрерсің, дамыл таппай.

Жарлылар, жалаңдамай, сендер да ойлан,
Жалқаулық, күпірлікті, шығар бойдан.
Бойың жылдап өсіп, қор болмай, ойың жылда,
Алты ай жүріп, түк шықпас, алған қордан.

Бір тұман бар әлемді кетті басып

Бір тұман бар әлемді кеткен басып.
Ә л е м д і тітіренткенін еске салып.
Бұл тұман жер жүзіне зәрін төгіп,
Аспанда асау бұлтпен жатты ұласып.


З ә р і н е н көлдер толқып, жер қозғалып,
К ө р г е н д е р ақылынан кетті адасып.
Тұншығып әлек болып өлдік барып,
Жылады, жалпы халық шуылдасып.

Т ү з д е г і жануарлар қайран қалып,
Тұрысты көккесті қарап таңырқасып,
Бір кезде дауыл соқты жаңбырлатып,
Екпіні күз - шындарды сықырлатып.

Ғ а л а м а т таң-тамаша іс болды - деп
Таңғалды жалпы халық шуылдасып,
Бір кезде ай қарайып, күн тұтылып,
Кеткендей болды аспан, жерге түсіп.

Қамалып қара түнге, жалпы х а л ы қ,
Жылады, не ғ а ж а п - деп шуылдасып,
С ұ р а с ы п, көп жасаған қ а р и я д а н,
Т а р и х т а болар ма, - деп мұндай десіп.
Ыдырап т ұ м а н бір кез сейілгеннен,
Сарбелдінің құтылдық -деп т ұ м а н ы н а н.

1949 жыл



Екі шопанның айтысы

Ж а қ и я қ а р т қ о й ш о п а н ы н е л б і л е д і,
Бірнеше бәйге алып ер ар көрмеді.
Қой баққан сегіз жылдай қысы – жазы,
Қасқырға бір лакты жегізбеді.

Ішінде 44-інші жылдың маусымында
Бір тоқты шағылыспай қалмап еді.
Алдында азды-көпті баққан қойы,
Шығынсыз аман-есен төлдеп еді.

Жүз қойдан жүз жиырма бас алған қозы,
Басынан малмен шыққан екі көзі.
Шай – шайлап күргөй – күргөй
– деп ұйықтап жатып,
Малменен туысқандай бар мінезі.

Сақтаған қасқыр жаудан Ж а қ и я малды,
С л ё т т е н талай бәйгі сыйлық алды.
Істеген адал еңбек арқасында,
Он бес қой осы жылы сыйлық алды.

Қой алып Ж а қ и я қарттың көңілі өскен,
Жақияның баққан малы майға піскен.
М а й д а н ғ а әм қоғамға пайдалы ғып,
Мал басын ит-құсқа бермей өркендеткен.

Қой жайып бір жағынан келді С е р і к,
Екеуі амандасты қатар тұрып.
Серіктен Ж а қ и я тұрып сөз сұрады,
Неше қой биылғы жыл келдің байып.

Алғам бір лақтарды, - деді С е р і к,
Қой бақтым ондаған жыл соңына еріп,
Планға малдың басы жетпей қалып.

Кездесті осы кесір себеп болып,
Кекетіп мені Ж а қ и я тұрсың күліп.

Ж а қ и я

Мен күлмей кім күледі қой алған соң,
Еңбекпен озып шығып жұлде алған соң,
Менің қой алғанымды күндейсің бе,
Жете алмай барлығынан құр қалған соң.

Бергем жоқ қасқыр -жауға аман малым,
Мал үшін шығатындай шыбын жаным,
Қойымның төлдеп басы өсті қойым,
Ірісін соя берсем таңдап нәнін.

С е р і к

Ешкім де жек көрмейді жеген етті,
Әркім – ақ бір сен емес еңбек етті,
Аузыңа ақ жаңа ғана тиіп еді,
Асқақтап мұнша Ж а қ и я неге есірдің.

Сойысқансың талай Ж а қ и я семіз қойды
Басқармаң талай қойдың басын жойды
Тап-таза момын адам бола қалдың,
Қаралап бір өзіңнен басқа адамды.

Ж а қ и я

Бауырыңа ал ертоқымды ашулансаң,
Шығынсыз малыңды өсір намыс қылсаң,
Мен алған қойды сен де алмас па едің,
Ж а қ и я д а й мал өсіріп үлгі алсаң.

Қойыңды аралашы бәрі де ұсақ,
Қалыпты лақ-тоқты құзғын құсап,
Ірісі айырбасқа түсіп кеткен.
Қалғаны қотыр, жүдеп өңшең тулақ,
Шығынға төлдің бәрін ұшыратып,
Қоясың кімге кінә ой ақымақ.

Серік

Сонда да болған шығар талай шығын,
Тап-таза бола қалдың маған бүгін,
Ойыңда жазды күнгі барма Ж а қ и я,
Бір күнде бес қойынды қасқыр жеген.

Сойып-ап басқармаңыз алты қойды,
Тап өзің ақсақал боп, бас мүжіген,
Өзің де басқармаңмен ұрысқанда,
Айтамын з а ң орнына, балам -деген.

Мастан ба қой алдым, - деп Ж а қ и я қарт,
Арық та бұл д э у і р д е нән семірген,
Кемітпей малдың басын бұдан бұлай,
Көрерміз тірі жүрсек өркендет сен.

Ж а қ и я

Өсірем қойдың басын өркендетем,
Жалықпай О т а н үшін еңбек етем,
Көтеріп, жұмысымды гүлдендіріп,
Табысқа бұдан да әрі тағы жетем.

Ей Серік, жала жаппа шындыққа кел,
Шындық пен өтірікті ел айырар.
Қылмысың өз басыңнан асып жатыр,
Неше бас козы-лақтан өлтірдің төл.

Өспейді кемінесе қойдың басы,
Шығынсыз бір тұрмайды қысы-жазы,
Б а з ы ң д а ремонт жоқ қырау басып,
Тарсылдап, қатып жатыр белден сазы.

Қойынды қасқыр жеді, -дедің С е р і к
Тұрғандай төндіресің көзің көріп.
Шыр бітпей ақсақ-көксау қотыр басып,
Тезекті жүрмеушімен, жаздай теріп.

Атқармай басындағы міндетінді,
Ұялмай, сөйлеп тұрсың бүгін келіп.

Серік

Жоқ емес кемшілік көп баз жағында,
Шығын бар мойныма алам төл жағында,
Қойлардың өспей сонан суық өтіп,
Жөтеліп өлмей көбі жылдағыдан.

Өледі мал болған соң бірлі жарым,
Өзің де өлмеймісің жетсе ажалың?
Өлгеннен малдың басы кемімейді,
Ұстауы көп бетіменен бастықтардың.

Бұл қойды бірнеше жыл бақтым мен де,
Қой бағып, мал өсірген жалғыз сен бе,
Биыл-ақ малдың басы орындалды,
Жүргенсің сен де талай қалып кем де.

Шіреніп қой алдым, - деп шалқақтайсың,
Ит-құссыз биыл ғана төл өргенге,
Әркім-ақ шын көріп үміт етер,
Жетеді кімнің көзі күн ертеңге.

Жақия

Серігім, кемшілікті ал мойныңа,
Қазіргі келмес жағдай бұл ойыныңа,
Сенбесең адал терің болмай даңққа,
Тықпайды ешкім әкеп өз қойыңа.

Үкімет еңбегінді көзі көрсін,
Малыңның басы аман боп, төлі өссін.
Шығарып айды аспанға 45 – ші жыл,
Үкімет атақ пен алғыс берсін.

Шығынсыз он қойыңнан он қозы алып,
Жүгіріп балаларың қуып жүрсін.

Халыққа шопан Серік атың шығып,
Қызығы бұл жалғанның сол емес пе,

Серік

Ж а қ и я н ы ң сөзі түсті жоясың деген,
Тарады сөздің күшті сыны есіне,
Бұрынғы өтіп кеткен кемшілікті
Серіктің жаңа түсті енді есіне.

Ұйқыдан оянғандай тұрды қалғып,
Бір терең теңіз – сайға кетті шомып,
Ж о я м ы н қателікті мұнан бұлай,
А т а н ы ң қолын алды қарғып түсіп.

Өспеуге қойдың басы бастық себеп,
Қорқытып лақ қосып, семізін жеп,
Сыбайлас тамыр – таныс жақынына,
Аралап қой түгендеп жүруі көп,
Ірі қой ұсақ болып кетті сенің,
Сілтеді қолын бір – ақ сермеп жүре беріп.

Жәкен жақын мен Қойлыбай ұстаның кездесуі

Қ о й л ы б а й мыс сап құздан кузнесін,
Туысы жоқ бір анадан жалғыз өзі,
Еңбектен қажып-шаршап ерінбейтін,
Жаралған болаттай боп бар денесі.

35-ш і жылдан бері ұ с т а л ы қ т а
Өспесе, кеміген жоқ бір қалыпта.
Тыным жоқ, қысы-жазы тұрады соғып,
Алмайды, берсе дағы демалыс та.

Машина Ерейментау саймандары
Болған жоқ, мезгілінен кем қалып та.

60-тан асқан адам, орта жаста,
Езілген еңбегімен әуел баста.

Басында үй, ол ұстада панасы жоқ,
Бір кемпір, баласы бар 11 жаста,
10 жаста анасынан жетім қалып,
Жасынан жарымаған, ішер асқа.

Ерлік қып, еңбек істеп қаржыланып,
Қыс суық, жаз ыстықта ажарланып,
Қызарып, темір отқа жатқан кезде,
Қолымен ұстай алып, құшырланып.

Қызарып екі көзі, оттай жанып,
Кейде есін, кейде жиып қайраттанып,
Шүмектен аққан судай тұр домалап,
Соғады-ай сым темірді қатуланып.

Жаралған күшті болып, неткен алып,
Қос қолдап темірді ұрып, балғаны алып,
Не қиын темірлерді, нанша илейді,
Балғаны екі қолға, кезек алып.

Аяқ-қол, жауырынмен тынбай алып,
Ұрғанша жүрек тербеп, қолын сермеп,
Бүйректі бетті келген шыдай алмай
Қалшылдап барлық дене, ұршы - деп.

Жүйіріктің қол етіндей бұлшық еті,
Құндақтай тығыз келген сыртқы мойны.
Темірді қайнап жатқан көзі түсіп,
Түйіліп, қыран құстай лып-лып етіп.

Есінеп аузын ашып есі кетіп,
Ұрғанша сол темірді зейіні кетіп,
Бір алса құшағына қызған кезде
Білмейтін күйсе дағы, еттен өтіп.

Денелі адам емес, жуан сүйек,
Қазан ат, арам ет жоқ дөп-дөнгелек.
Жайдарлы ашуы жоқ, көпке жайлы,
М і н е з і, жас баладай жеңілірек.

Сыйпатын, айта берсем таусылмайды,
Үлкен қол кеңінен алса керек.
Аяндап бір күн келдім і с б а с ы н а,
Әдейлеп көзімді салдым тұлғасына,
Бағдарлап с ә л е м б е р с е м қарамайды,
Қолында сырласқандай балғасына.

Қойлеке, сәлем берсем неге алмайсың?
Жаз-қысы і с соғудан бір қалмайсың,
Алқынып -аласұрып і с соғасың
Дамыл жоқ, қысы-жазы бір қалмайсың.

Шай ішіп, беліңді шешіп біраз жатып,
Күн ыстық, бірер сағат дем алмайсың
Еңбекпен Стаханов аталған күн
Сіз неге, Стаханов аталмайсыз?

Қойлыбай

Ау, шырағым-шырағым!
Дұрысы мынау сұрағың.
Мен айтайын, сен тыңда,
Салшы балам құлағың.

Көрмедім жарық жалғанда
Анамнан жетім қалған соң.
Ішер тамақ, киер киім жоқ,
Өмірім таяқ жеген соң.

Талаптанып осыны
17-г е келген соң,
Октябрьдің таңы атып,
Жарқырап Шолпан туған соң.

Нашарларға пана боп,
Сталин көсем туған соң,
Тұрмысым жақсы, тамақ тоқ,
Жүректе кір, қайғы жоқ,
Көріп көзім тұрған соң,
Неге шаршап, қажимын,
Күн көсемге, сенген соң.

Жата алмаймын жайланып,
Еңбектен емшек, емген соң.
Қуат кірді денеме,
Қайта ысылып, жасардым,
Еңбектің Ері жеңген соң,
Адам өрлеп өспейді.
Еңбекпенен көрінбей,
Алға баспас адымдап,
Шын жүрекпен берілмей,
Мойынсынып тартып көр.
Түзу жүрсең сүрінбей,
Сөйлеп тұрған сөзіндей,
Кемшіліксіз ісінде,
Қалай жүрсін көрінбей,
Үкіметтің жұмысы,
Жетіп жатыр халыққа.
Көріп тұрмыз күнделік,
Айтшы, балам, қанық па,
Жатып ішер жалқауға,
Жол бермейтіні анық па.
Оны білсең, ұшқыр бол,
Шаршадым - деп жалық па.
Адал қызмет істей біл,
Сіңсін еңбегің Отанға!
Үкімет пен Партия, шақырады жарысқа.
Асықпаған арбамен, жетер, - деген қоянға.



Әлі - ақ бір күн ұшармын, қыран құстай қалықтап,
Солай шығар негізі, бірақ табылам тарихта.

Қойлыбаймен сол жерде, іс басында таныстым,
Біразырақ сөйлесіп, әңгімеге қанықтым,
Ердің ісін еске алып, мен жазуға кірістім,
Оқысаңдар есіңе ал, маңызы зор бұл істің!

Қарабура мен Жәкен ақынның айтысы

Жәкен

Түйенің Қарабура сен үлкені,
Арықтап ашықтың ба, мен келгелі,
Бірінді – бірің жүндеп жебірлейсің,
Аксақал айтса бұған, кім кінәлі?

Көгала аша татыр жайдым сорға,
Жыққам жоқ бағып жүріп, жар мен орға,
Үстінде әрқайсыңның бес пұт май бар,
Тұрасың үш ұмтылып, әрең зорға.

План бар төрт кило жүн, түйе басы,
Жас бота, атан – інген, құнаншасы,
Уақытында жүн планын орындай алмай,
Қиналып жүр ме бірақ отағасы.

Қарабура

Ойланып Қарабура біраз тұрып,
Жас ағып соқыр көзден басын шұлғып,
Болмас,- деп сұрағына жауап бермей,
Ұзартып сөз аяғын, кетті жыр ғып.

Бетіме айыбымды бастың бәрін,
Жоқ екен, Жәкен ақын, ұят – арың,
Есепке бізді мал, - деп алып жүр ме?
Басқарма, бригадир басшыларың.

Түйенің білсе ақыр қасиетін,
Әлпештеп, ұл мен қыздай өсіретін,
Мінеки, мұрным жырақ, көзім соқыр.
Осынша мен не ғылдым бүлдіретін.

Түйенің сүйер дәмі тұз бен ащы,
Болғанмен Сіздерге ащы, бізге тәтті,
Қарамай тұзу көзбен Тәпеновың,
Сөзі көп, солай енді өңкей басшы.

Айтпаймын, Борнаевты кінәлі, - деп,
Аудан мен облыста жұмысы көп,
Сенімді сайлап қойған бригадан,
Бір келіп, хал-жағдайды көрмеді кеп.

Жемес ек жүнімізді бақса күтіп,
Көк шөбін, тұз берер, - деп жүрдік күтіп.
Үзген соң, күдерді енді ызаменен,
Бірімізді – біріміз жедік түтіп.

Бір кезде тау беліндей едім берік,
Жас күнгі бар ма менде, ажар – көрік.
Күтімге – ап ерте бастан, жем – шөп бермей,
Айтшы өзін, жекпей ме ертең басқа ұрып.

Жәкен

Жайладым, Наршөккеннің сай-саласын,
Сарыоба, Ащылы аймақ кең даласын.
Орнына қамқорлықтың қастық істеп,
Алдында көпшіліктің ұяласың.

Бастықты кінәлайсың не себептен?
Көрмеп пе ең, таудай мая үйген шөптен.
Далбастап, Тәпеновке жабысасың,
Оңбаған, жүннен биыл қағыласың.

Болмайды басқа түйе, неге пұшық?
Әдет қып жалқаулықты болдың пысық.



Жасыңнан алғыс алмай, қарғыс алдың,
Бақырып күндік жерден, жыныңды құсып.

Тәпеновтен көресің мұрыныңды,
Мен білемін ауылдан бар сырыңды,
Фермеде шөп таусылып аш болдың ба?
Кім үйретті, жей бер, – деп өз жүніңді?

Мүлкіміз үкіметтің, Сіз де –біз де,
Қоғамға зиян істеу – кезіміз бе?
Тәртібін үкіметтің сақтамасак,
Белгілі түсуіміз қатаң тізге.

Қарабура

Менің де сөйлейтұғын келді кезім,
Еттен өтіп, сүйекке жетті сөзің.
Қорғайсың Тәпеновты қайталаймын,
Көрсетті қандай көмек айтшы өзің.

Ертеден дайындалмай дер кезінде,
Тұрады бәрі бірдей құр сөзінде.
Айыр-күрек тырнауыш, нокта бас жіп,
Айтшы қазір біреуі, бар ма өзінде?

Бұл күнде, өтіріктің жазасы бар,
Шындыққа, қандай жанның таласы бар.
Төрт ботаңа бір шана, көк шөп бермей,
Қандайлық сол жас төлдің жазасы бар.

Әшіммен, жағалайды Кәрібайды,
Осы жері Тәпеновтың жарамайды,
Ақ шөп жеп, баққан ботаң көтерем боп,
Орнынан көтерем боп тұра алмайды.

Жаста емес, кәрі де емес, - деген шағым,
Барады шындыққа еніп, істің ағы



Сөзімді көңілдегі, айттым жаран,
Ұмытқан сөзің болса, сөйле тағы.

Меңгеруші Тәпенов, колхоз бастық,
Біз бармаймыз шөп бер – деп сұрап астық.
Жыласақ ағакем, кемшілік бұл мін,
Шіркін – ай, тоқталар ма осы настық.

Жәкен

Мойныға ал, Қарабура өз мініңді,
Соққанда ұмыттың ба жон теріңді?
Кесірің өз басыңнан кетсін бірақ,
Қалдырма ұрпағыңа бұл мұраңды.

Айтыспа Қарабура сөзге тоқта,
Кеудеңмен бурамын, - деп кие соқпа.
Шалдары Жаңа – Жұрттың тілін алмай,
Тәпенов көк мыйлы боп, жүрген жоқ па?

Қайтесің, Қарабура, қылмыс теріп,
Тұрғандай екі көзің, бүтін болып.
Керекті айыр-шана, бас жіп саймандарды,
Бермек боп май туған соң, қойды бөліп.

Соқтықпа Тәпеновке тілімді алсаң,
Құтыларсың сен оның бабын тапсаң,
Есебін Тәпеновпен бірге аласың,
Көрер ем қар кеткен соң мықты болсаң.

Қас болма Тәпеновпен, ал тілімді,
Одан да ал мойныға өз мініңді.
Жағамын, - деп аққа күйе, жырық сорлы,
Айтқызар қар кеткен соң, бар шыныңды.

Қарабура

Қорқытпа ақын мені, сөзбен қамап,
Жұмысқа күтім болса, кетем жарап.



Тамағым сапалы болмай, арық болсам,
Басамын аяғымды, мен де санап.

Бүгін кеп, Тәпеновты тұрсың қорғап,
Айтасың шешендікпен, сөзді сырлап,
Әр мезгіл Тәпеновты қорғаушы едің,
Қоясың қалай тығып, мұны ұрлап.

Қылмысты таудай қылып бетін ашып,
Соқтығып жай жүргенде маған тидің,
Сенікі, Тәпеновке жағымпаздық,
Ноқта үшін, арқаныңды неге қидың?

Кетпейік екуміз, тым тереңге,
Шеберсің жасыңнан – ақ, жыр – өлеңге,
Төрт кило түйе басы, жүн бермесен,
Сен өлмей, күн түбінде мен өлем бе?

Кез болдық екі таптан екі тары,
Жеңілмес соқырыңның тұрса жаны,
Берейік сынға сөзді екеуміз де,
Айтысқа Әлімбектің ақбас нары.

Жәкен

Қайткенде жеңілесің, қара жырық,
Бақырып жатушы едің, көкке ұлып.
Баласы Зудерманның Антон, Карнель,
Бишікпен жатушы еді, басқа ұрып.

Аузына ие болмаған, не демейді,
Қоғамға зиян етсе кешірмейді.
Зиянкес сен секілді, сұм болмаса,
Адалды, әділ өкімет өлтірмейді.

Сен берсең, мен де бердім ақбас нарға,
Көп жүрген қара тер боп, ұзақ жолда.
Көнесің көпті көрген түзу сөйле
Қарамай айт билікті бет ажарға.

1950 жыл



Қарсақбай ауданының ақыны мен
Қоңырат ақыны Жәкен Байтуовтың
айтысы

Қаде саяқ бай ақын дүқа қонақ ерлер аста қолы
бағды байтуов бағды дүқа айттылар

Болман

Ұланмын, ата – жолдас, бала жастан,
Қырандай, шалқып ұшып, шыңнан асқан,
Қиядан, түлкі көріп, ұмтылғанда,
Тұстанамыз, балалықпен, айнымастан.

Улы сөзін айтса бұл елдің баулы бағды дүқа
Қырандай ақын шыңнан асқан
Қыядан түлкі көріп ұмтылғанда
Тұстанамыз балалықпен айнымастан
Жүмыскер нашар таптың ұрпағымын,
Данкымен күңіренген жер мен аспан.

Жүмыскер, нашар таптың, ұрпағымын,
Данкымен, күңіренген, жер мен аспан.

Жерімнің тасы, тауы да, сай шашырап,
Байлығым, бұл өлкеге, жатыр тарап.

Батыста десантң де, обыр көрген,
Айтулы, жүйрігіңмен, алтын сағақ,
Кіндігі Сарыарқаның – Қарсақбайым,
Шалқыған, өзен-сумен, дала сайым.

Долданып, асау Кердей, шаңды сығып,
Қоңыржай, малға жайлы, менің күндерім.
Бұрқырап, көк түтіні, көкті құшқан,
Басында, заңғар шыңның, сенің жайың.

Шықса да, екі Жезді, орман тауы,
Тасқындап, өтіп кеткен, Ақан сері.
Бақшамда, жыршы құстар, әнге салып,
Көлімде, ұшып қонған, қаз бен қуы.

Алып көш, көлге сырғып, сазды құлай,
Жайнатып, дүниеге, төкті қордан.
Кен байтақ, Сарыарқаның даласында,
Осы жерден, үш зауытым алды ұран.

Салу салықтың саласында, қатарласып,
Жезқазған, Қарсақбай мен Байқоңырым.
Мінеки, Нұрқазғаным, жатқан жайнап,
Үздіксіз, алып күшім, тасып қайнап.

Ішінде, қара руданың, көк тастарың.
Білектей, сым бойымен, жатыр шайнап,
Гүрілдеп, буырқанып, буы бұрқырап,
Тимесе, тағы да бұрғыны тұрам бұрап.

Мындаған, екеуінде, аттың күші,
Алабын, шам болып жанып, жарқыратқан.
Өн бойын, ұрылғанын, ұрлап жатқан,
Бастаса да, қара алтыным, жұртқа қанық.



Қыпшақтың, туып өскен, мекені бұл.
Батырым, Амангелді Шаханжаров,
Салайын, ортаға әкеп табысымды,
Тынбаймын, өрге салсам, шабыгтымды.

Жасалған, бес қаруым, болмысынан,
Дұшпанға, жібергем жоқ, намысымды.
Қиратып, жай түскендей, жауыздарды,
Айқындап, жер жүзіне, табысымды.

Мен едім, айтар сөзге, бөгелмеген,
Нөсердей болып, сол күнге өрлеген.
Осындай, ұлы жиын, бас қосқанда,
Айтулы, жүйрігіңмін, сүрінбеген.
Қ о ң ы р а т, осы күнде, қандай халда?
Ақынмын, сөзі айдай, а ғ а ң сенің.

Жәкен

Сөйледің, ақын Болман, маған тиісіп,
Мақтадың, тау мен тасты, мал ғып үйіп.
Жырласаң, тау мен жерді, мен де айтамын,
Қосшоқы, Күреңқойтас, Күреңбиік.

Еркелеп, ортасында, Қызылшоқы,
Әдепшен, сәлем беріп, басын ніп,
Сырылдап, ақ күмістей, сырғып ағып,
Ұзыннан, Қоңырқойтас, жатыр құйып.

Жыланды, Қызылқойтас, ағын суын,
Көлденең, түсіп алып, бәрін жиып,
Балауса, балдыр Балқаш саясында,
Көлде жүзіп, тоғыз қабат, торқа киіп,



Сыбырлап, сырласкандай, сұлу мамыр,
Бәрің қал, жеріңменен, бәрі тиіп,
Жерінде, табиғаттың, түлеп бәрің,
Айқасып, бірін- бірі, бетін сүйіп.

Бауырында, жүруші едік, аңдай ойнап,
Жүруші ек, бауырында, қыстай жайлап,
Отырар, қоғамдасып, өлке жайлап,
Ақынсыз, занғар биік, сары даламдай.

Бір көрсен, күндегідей, бойың өсіп,
Жерің жоқ, мақтанатын, мен көрмеген,
Қоймасын, қызыл құмдай, тұздап қойып,
Айтып бер, Болман ақын, бәрің жиып.

Кенді, Бегазы мен Керегетас.
Қошқартау, Қызылтас пен Майлытас жалғас,

Ақсуқия, Сарыұлан мен Құттыбұлақ,
Желкелес, Шалтастаумен тұрар жалғас.

Тастарымен Қарақозы, салған жолды,
Олардың қатарынан, орақ- алмас.
Атақты, Қоңыраттай, тауымды айтсам,
Бір көрсең, ойған тасын, түстен қалмас.

Ырғалып, жас қайыңдар, сай- сайында,
Үн қосып, өз тілімен, жырласып тұр.
Еңбек етсең, бар байлық, бұл жақта да,
Ортамызда, Бектауата, айқайлап тұр.

Көріпті, Нартайменен, Жуанқоңыр,
Саласы, оң мен солға, тарап жатыр.
Айтып бер, мен секілді, талдап- талдап,
Іштегі, бұғып жатқан, ашылса сыр.

Шығындалған, мал бұйырмас, осы жауға
Дайындап, майданға арнап, аштым жолын.
Байлықтан, тасқын келген, толқындайын,
Еңбектің, туын көкке көтерейін.

Жатырмыз, майданға сай, еңбек істеп,
Аттанды, жауға қарсы, асылдарым,
Көсемге, берген сертті, орындауға,
Алдында, көпшіліктің, берем сенім.

Отыз бес, колхозым бар, қатар қонған,
Аққан су, кең даланы, ұрыс қылған,
Көлемі, көктей жазық, сар даланы,
Төрт түлік, мал жайылмай, ұрыс қылған.

Сан жетпес, таптап жатыр, сар даланы,
Тау мен тас, сазды Балқаш, сай-саланы,
Өсіріп, Отан үшін, малдың басын,
Жерінде, мың бас сияр, баз салдырды.

Планды, мал азығын, орындап- ап,
Бір жылда, қаз басам, - деп шөп үйдірді,
Табысқа, біз де сендей, жетеміз, - деп
Басқа аудан, бір – бірінен үлгі алады.

Қызылқұм, астың тақыр, жерің тақыр,
Жезқазған, жезімен байыйтын болады
Осында, біраз күндей, көрісерміз,
Кім озып, кім қалады, сыналады?

Біз аққу, айдын шалқар, көлде жүзген,
Сен дуадақ, көлің жоқ, шөлде жүрген,
Іздетіп көр,, шөліңді, көл қылуға,
Мақсат шықпас, жеңіліп те, жеңуден,
Намыстансаң, табысқа қолын сырма,
Жұмыс шықпас, құр айқай, жарыс сөзден.

Болман

Домбырам, өмір серік, алдым қолға
Облысым Қа р а ғ а н д ы, алтын орда,
Маршалым Сталинге, берген сертті
Орындап, мал планын, келдім мұнда.

Өркендеп, кең өрісті, берем малын
Айналды, колхоздарым, ұлы қорға
Ж е з қ а з ғ а н, руда аралас, қайнаған мыс
Жібердім, О т а н ы м а, мың – мың тонна.

Өсіріп, малдың басын, үш есе ғып,
Беремін, өсірер,- деп, келер жылда,
Қайнаса, кенім қандай, малым қандай
Қарқыны, колхозымның, келді тынбай.

Отарлап, қыс – қыстатып, жаз жайлатып
Шығынсыз, мал өсірдім, жылдан- жылға.
Мал басым, малымменен, қатар өсіп
Облыста, кім берген, дәл осындай.

Орындап, мал планын, шөп пен қора.
Жұмысшы, жұмысын тұр, қоса алмай,
Жаңарар ем, көктем келіп, май мен оты,
Қайдағы той, колхозшыларға қасіретті.

Ерлерге, майдандағы, көмек беріп,
Шашу ғып, Ұлы жеңіс күніне арнап,
Бұлақтай колхозшылар, өскен қайнап,
Мың – мыңдап, колхоз малын, өріске айдап.

Шөбіменен, айтамыз, баққан малын,
Кең даланы, отарлар, жатыр жайлап,
Берді туып, төрт түлік мал, қатар өскен,
Ж е з қ а з ғ а н, өсем деген, план шешкен.

Бір жүз елу сиырдан, бір жүз елу бұзау алған,
Зав фермем Өтеуов, қалмайды естен,
Осындай, Ұтақановтай арыспенен,
Мың литр алынды сүт, орта есеппен.

«Тамшы» колхозының малы, өскен қайнап,
Жүздеген, жылына бие байлап,
Қанатты, майдандағы қызыл ерге,
Алпауыт, өңкей тұлпар, қойдым сайлап.

Табысқа, таң қалғандай, қаркындаған,
Зав фермем Жидебаевтан ешкім артылмаған.
Өсіріп, жүз саулықтан, жүз ақбас қозы,
Бұл табыс, басшыларды, алқымдаған.

Осындай, толып жатыр, еңбек ерім,
Шығынсыз, мал өсіруге, берген сенім.
«Киров», «Ворошилов» колхоздарым,
Ауданның, алдын алған, кемеңгерім.

Шығынсыз, малым аман, төлден өскен,
Жақтасам, аман- сақтап, ерте- кештен.

Көлемін, ауданымның есепке алсам,
Жүз қойдан, жүз жиырма қозы өскен.

Қамсыз боп, шөппен қора, болды дайын,
Келеді, алға басып, күн- күн сайын.
Тоқсан бір тонна, шөп тасылды баз басына
Осылай, дайын қылдық, малдың жайын.

Колхозым, орындады, пландарын.
Майданға шықты менің ұландарым –
Досанов, Дауылбаев, Наурызбаев.
Басқармалар дайындады әскердің құралдарын.
Ақыным, жер мен суды, мақтай бермей,
Түгендеп, айтып бер малдың жағдайын.

Жәкен

Тидің ғой, Б о л м а н а қын, маған бүгін,
Соқтыққан, сен секілді, талай ақын.
Сан топта, самғап шапқан, бозтарланмын.
Бәйгіден озып жүрген, жеке дара.

Артым тау, алдым өлке, ортам дала,
Түріндей, жасыл желек, шөбі жаңа,
Жаңардың, сәнімен салған, сарайындай
Көрікті, колхозшылар, салған қала.

Зейінтілі, тас болаттан, Мүктөбем бар.
Мыңдаған, оқып жүрген, онда бала
Төліммен, төрт түлік мал, түгел бүгін,
Жерімде, ызғып жатыр, малым сахарамда.

Планды, малым түгел, толық фермем.
Асты сыз болыпты, қиым өскен.
Жібек жүн, асыл тұқым, бұқа мүйіз,
Мамырлап, Қ о ң ы р а т т а, сәнімен жүрген.

Өсіріп, малдың басын, аман сақтап,
Майданға, береміз, -деп, көмек берген,
Кенжамбас, тұтам серік, берсе бағым,
Жексе күш, шапса жүйрік, берсе тағы.

Ерлердің, ерттеп мінген, тұлпарындай,
Төрінен, жау айдынында, әрі ақты,
Намыстан, азат болған бауырларға,
Он мың қой, екі мың сиыр, көмек бергем.

Берденнен, құлын алдың, тұлпар тектес,
Құлынмен, тайың көп, атың жетпес,
Осы алған мал, ортаның малына жетпес,
Жендім, - деп, Б о л м а н а қын үміттенбес.

Баптаған, Қоңыраттың, ардасымын,
Сапалы, ауданымызда, егін салдық,
Биыл да, өткен жылдан, артық алдық,
Тазалап, арам шөбін, тарап салдық.

Арасынан, масағын да, тазаладық.
Тердік қосып, сыртының қабығын да,
Кесірлі, кеселді де, қуаладық,
Егінге, дер кезінде, орақ салдық.

К е л е ш е к 45-ші жылдың, сапында ғып,
Дайындап, осы күзде, жыртып алдық,
Планды күзгі егісті, жерге сеуіп,
Оны да, мезгілінде, орындадық.

Тұқым бар, жетпіс жерден, арық қазған,
Мадақтап, газетке де, талай жазған,
Толған су, тасты ағызып, құз сайлардан,
Жер түгіл, қара тасты, жылтыратқан.

Шабындық, қалған екен суға толып,
Кең өлке, сай – саланы, Мүктіжер атаған.

Алты ай жаз, арық қазып, жер су аршып,
Себепсіз, ерлер жоқ, үйде жатқан.

Сауыншым, мал бақташым, жұмыскерім,
Ардақтым, жүзден артық, атақ алған.
Фермем өскеннен соң, артығын сатып,
Алды – артымен, бес жүздей, еңбек тапқан.

Бірлік мол, тілекпенен, аламыз да,
Елім бай, егінге сай жерімізде,
Тоқымдай, үй қонса, көгалың жоқ,
Ақыным, жетті қиын, сірә бізге.

Түріндей, жібек кілем, Балқаш жерім,
Планды орындады, менің еңбеккерлерім,
Бір көрсен, тау мен өрді, ой мен қырды,
Ішінен, тарқатар ең, іштің сырын.

Жерім бай, көрген елді, таңырқатқан,
Күш барында, жерің де, аман тасың,
Түрі кара, түбірі – ақ жеріміздің,
Көрмейсің, тоқымдай жер, тақыр жатқан.

Шөп шабу, егін салу, маусымдарда
Береміз мыс, сіздің елдей жердің саласынан,
Ең қиыны, мал бағу, тілсіз жау борандарда,
Қысылған, жеріміз жоқ, қандай қыстан.

Зәредей, ел мен жерде, кемшілік жоқ,
Дей алмас, өтірік – деп, көрген адам.
Бар болса, бойда мінім, арым саған,
Келген соң, әрі аялдап, Ж е з қ а з ғ а н н а н.

Болман

Ақыным, сөз сөйлейсің, асып – тасып,
Әртүрлі, артық сөздің, уытын басып,

Кемшілік, айта берсем, толып жатыр,
Сен қалай, құтыласың, менен қашып.

Маршалға, берген сертті, орындамай,
Борышың, бастарыңнан, жатыр асып,
Өсімге, зиян келтірген, адамдарды,
Асқындырмай, кемшілігін, бетке басып.

Асықпай, кемшілікті, бетке басып,
Шартыңнан, жүз елу бас, сиырың кем,
Сен неғып, көрмей жүрсің, көзіңді ашып,
Құр бекер, арындайсың, босқа тасып.

Планнан, тағы кем тұр, сүт пен майың,
Ақыным, мәлім болды, сенің жайың,
Қой басына, бір килодан, жүндерің кем,
Ұмтылып, жеткіземіз бе, сені күн – күн сайын.

Қ о ң ы р а т т ы ң 35-колхозы бар аймағында,
«Көлмай» колхозының, жан-жағында,
Ж е з қ а з ғ а н, 10- колхоз, бұл - С а р ы а р қ а д а
Сүтіңсіз, пар келмейсіз, салмағына.

Табыс көп, малым артық, қорам барым
Алдында, қалың топтың, арындадым
Маршалға, берген сертті, артығымен
Мың жарым, қой планын орындарым.

Екі жүз сек – секпен, сиыр және бердім,
Осындай табысымды, мен де, әкелдім,
Екі жүз қырық жеті, тағы да бар,
Мінеки, өнім осы, табыскерім.

Ат қойып, айдар тағып, көрінгенге,
Жығылған, күлер деген сүрінгенге,
Кім артық, кімнің кемін байқар халық,
Тұра бер, кемшілікті, мойныңа алып.

Ақынның маған берген олжасы – деп
Ақыным, құшақтай бер, сынап алып.

Жәкен

Қаласың, Б о л м а н ақын, дауға таласпай
Құтылса, кім шелекті, мойнына алмай
Қамшы сап, маған соқтың, қолыңа алып,
Арындап, сөз сөйлейсің, артын бақпай.

Колхозың «Амангелді» атындағы,
Өлтірген, отыз бір бұзау жақсы бақлай,
Баладай, шағылмаған, сөз сөйлейсің,
Қылмыс қылып жатқанын, көзің көрмей.

Жаңара бер, колхозың «Өртек» деген,
Шапқан шөп, баз басына үйілмеген,
Той болған, торы тайың, жорға болсын.
Кетпейсің, осы жолы, бір сүрінбей.

Таянба, жеңемін, - деп, Б о л м а н маған,
Болмасын, оңай олжа, мен де саған,
Әшейін, әлсіздей боп, болып тұрсың,
Тап мінін, көпшіліктей, ала салған.

Дауысым, әнге салсам, аспандаған,
Қылмысқа, басшыларың, көз салмаған,
Колхозың, «Қызыл әскер» олқылықта,
Шапқан шөп, не себептен жиылмаған.

Ақтарсам, сонда қандай, табарар ем,
Кемшілік, толып жатыр, айтылмаған,
Ж ы л б а е в басқармам бар, атақ алған,
Колхозым, осыменен үлгі болған.

Жүз қойдан, жүз жиырма, қозы өсіріп
Майдан үшін,

- деп, қатысқан бес жарысқа, Сәлмен, Жақан

«Айналыс» колхозынан, Сәтбек ерім,
Орындап, орта малын, жақсы баққан.

Сауыншы, ардақтаймын Нүрилемді,
Таңғалтқан, сенімімен, барлық жанды,
Он алты сиыр сауып, тәрбиелеп,
Бір сиырдан, мың литр сүтін берді.

Сауыншым, орарың кем, Бибісара,
Он сегіз сиыр сауған, жалғыз ғана,
Планды, артығымен орындаған,
Еңбектің, сыйы болмас, онда сірә.

Баскармам, Қызылтаудан, Ахметов,
Құлманбек, артығымен малын сатып,
Байлықты, бара жатыр, көкке өрлетіп,
Атақты, айтылмаған, ерлерім көп,
Ерінді, сен де айтып бер, елді сөйтіп.

Болман

Жарқылдап, оты қарқын, жалындаған,
Айқайлап, сағат сайын, дабылдаған,
Қосанов, Дауылбаев м ы с ш ы л а р ы м,
Ішінде, жанған оттың, сығылмаған.

Жүреді, отпен ойнап, мыспен қайнап,
Нашар бар, арыстандай арындаған,
Ерлерім, ол еңбектен, тартылмаған,
Семсердей, екі жүзі, жарқылдаған.

Түсінов, Қошқарбаев, берген мысын,
Жауызды, кан құстырып, алқымдаған,
Тағы да, Абылайханов, Балмұханов,
Ерліктен, одан ешкім артылмаған.

Бес мың процент бидай алдым, орудан да,
Алып күш арма атандай, сарқылмаған,
Балхаш, бүгін қазақ үшін жаралғандай,
Осыған тең келер, нең бар, тауып берші, онда маған.

Ақыным, көп айтыспай, тоқтат онда,
Қарауда, боласың ғой, келмей шамаң,
Демейді, бұл сөзімді, ешкім жалған,
Қыпшақбай, Баймағамбет, үлкен маман.

Өзінің, адал еңбек, күшіменен,
Көктерден, жүз жиырма пұт, өнім алған,
Бірнеше толып жатыр, еңбек ерім,
Жарыста, үздік шыққан, ардагерім.

Аптаның бес – бесеуі, шағылса да,
Жастық шақтай, елімді күтуменен,
“Б а й қ о ң ы р” колхозында, өнім асқан,
Өнімге, еш адам жоқ қатарласқан.

Танкіге, жиырма мың, ақша беріп,
Басқармам, Сәрсембаев үлгі шашқан.
Қашаннан, айтыс сөзге, болмас Б о л м а н
Өлеңге, жастайымнан, бақыт қонған.

Серкедей, екі орайды, тілім өткір,
Мінсіз ғып, қисық сөзді, түзу жонған,
Талайдан, өлеңіммен берген сыйын,
Тауындай, білем биік Ерүкінің.

Кездескен, сен секілді, талай ақын,
Ақыным, аттап өту, болар қиын,
Жоюға, кемшілікті, алда бәрі,
Колхоздың ортасында, ұлы жиын.

Шашама, шаң жұқпайды, енді менің,
Серт етіп, халық алдында, берген сенім.

Жүз қойдан, өсіріпсіз, жетпіс қозы
Тез ойлан, толтыруға, малдың кемін.

Бұлтарма, Ж ә к е н ақын, олай – бұлай,
Көргенмін, сан жүйрікті, мен де талай,
Планды, малдың басын, орындауға,
Қалай да, айтуыма, келді орай.

Төндіріп, кемшілікті, айттың маған,
Бар болса, кемшілікті, тізіп алам,
Ауданың да, жүз қойдан, қырық бас қозыларың кем
Жарай ма, бетін бүркеп, тасалаған.

Ауданның, басшы болған, адамдары,
Тұрамын, ойланбай – ақ, осы арадан,
Фермеңнен, бір жүз кем шықты, орта малың,
Құтылшы, ақындықпен, осы арадан.

Сиыр басы, үш жүз литр, сүттерің кем,
Мал басы, орындалмай, артта қалған,
Мініңнің бірі теріс, бірі жалған,
Ақыным, жер мен суды, мақтай бермей,
Жұмысты, айту керек, айқындалған,
Мойныңа ал, жармасасың, кәзір маған.

Табысым, толып жатыр, айтылмаған,
Марганец, рудам да, Қ а р с а қ б а й ы м,
Қанша алса да, өмірлік сарқылмаған,
Аймағым, табысыммен, мейірі қанып.

Міндетіміз, көлден де, орындалған,
Мал басым, екі жүздей орындалған,
Бастығым, Қырболов пен Сәменбаев,
Ерекше, табысымен наградалған.

Бір миллион жиырма мың, ақша беріп,
Колхозым, Сталиннен алғыс алған.

Келешектің ұраны: «бер, сен маған»
Серт етіп, қол алыстық осы арадан.
Жоюға, кемшілікті сен де, мен де
Қояйық, топ алдында, осы арадан.

Жәкен

Сөйлейсің, ақын Б о л м а н, босқа әуре болып,
Күшіммен бердім дейсің, мыс қопарып,
Мыспенен, жезден басқа, айтарың жоқ,
Құр тілің, тақылдайды, жерді жарып.

Он үш - ақ, колхозың бар, мал өсірген,
Тұқым беріп тұратын, бидай салып,
Баюың, колхозыңның, адал ойлан,
Сарайдан қой, бидайдай ұрлап алып.

Бригадамнан, тиімді, еңбек күнге,
Дауылмын, жеңіліп мен босқа қалып,
Байлығым, бидай сатып, артығымен,
Сен түгіл, облысқа айдай анық.

Орындап, артығымен бидай сатып,
Майданға, - деп, қалғанын қойдым салып,
Тілеубаев Токбергендей, жастарым бар,
Жұмысты, мезгілінен, орындап алып.

Бір жүз елу, ат бердім, майданға арнап
Төсін тосқан құстай – деп қырандарға
80 - өңір мен жерім, майданға, - деп
Бар ісіміз, жаздай құр, жүрген жайлап.

Ж е з қ а з ғ а н д а, мыспенен жезім көп - деп
Сен неге, паналайсың, оған барып,
80 – тонна мысың бар, мойыныңда,
Мұны бір, - деп, санашы мойныңа алып.

Кемшілікті, бір – бірлеп, айта берсем,
Ақыным, отырарсың естен танып,
Үш сағаттай, тоқтатғың зауытыңды,
Мыс орнына, жұмыстан қызды апарып.

Қыстырып, мәшинене, қыздың басын,
Тірілтіп, эзер алдың, өліп – талып,
Бірнеше бұзауыңды, қасқыр жеген,
Мал басын, өсірген бір, орыс бағып.

Қасқыр жеген бұзауың, өкіргенде,
Өлең айтқан қыз – депсің, әнге салып,
Болашақ Ж е з қ а з ғ а н колхозына, сал көзіңді
Бір мүшең, оқымайды газет алып.

Зор майданның тұсында, бұл – дұрыс па?
Жағдайды, неге білмейді, хабарласып,
Олқылықтан, шыққан жоқ, сенің елің,
Ақыным, сөз сөйлейсің, босқа қалып.

Мен едім Қ о ң ы р а т т ы ң бозтарланы.
Жарыста, талай алдым, бәйге – олжаны,
Қанша жүйрік болсам да ұзатпай тұр,
Қ а р с а қ б а й д ы ң мысымен, Ж е з қ а з ғ а н ы.

Бір берген, А р м и я ғ а көмек үшін,
Ж е з қ а з ғ а н н ы ң, жетпес еді, барлық малы,
Тынысым, үнім шықпай, тарылып тұр,
Планнан, кем берген соң, малдың саны.

Бұл жұмыс, елімнің де кемшілігі
Жоярмыз, кемшілікті, аз күнде әлі
Озуға, Қ а р с а қ б а й ғ а серт беремін
Алдында көпшіліктің о, қ ы р а н ы!

Жәкен Байтуов пен Нұрбеков Жылқыбайдың айтысы

Жәкен

Ертеден, елдің дауы, жер болады,
Ақын сөзі, асқар биік, бел болады.
Бастаушы, ерің адал, тура туса,
Өмірде, ел байлығы, сол болады.

Жеріне, ел қорғайтын, ер тумаса,
Бақытсыз ел, көрінгенге, жем болады.
Өнер, ғылым, біліммен құралданса,
Терезең, алдыңғымен тең болады.

Сонша, елдің төрінде, ақын болып,
Жоқтайтын, елдің жайын сол болады
Ақындар, айтысқанда жерді айтады,
Ұйымшыл, бола көр, - деп елді айтады.

Жоқтайтын, ел мұрасын, адал туған,
Данышпан, елге қорған, ерді айтады,
Қаз жүзіп, үйрек ұшып, қаңқылдаған,
Көлемі, көктен жазық, көлді айтады.

Ит құссыз, балапандай, өсіп-өнген,
Төрт түлік, дала толғанмалды айтады.
Шөп үйіп, ертеменен, ерте біткен,
Тасболат сайында, салған бізді айтады.

Берешек, үкіметке, түрлі қаржы,
Жүйіріктен, бұдан біткен, есті айтады.
Май мен сүт, жұмыртқа, жүн орындалса,
Майданға, тиер көмек, берсе,- деп айтады.

Жұмысы, жақсы колхоз,- деп мақтанады.
Көп болса, кемшілігі, жоқталады.
Қалдырып, қар астында, егін мен шөп,

Колхозға, жүйрік өсек, сөз тарады,
Айтып бер, үкіметке, шаруа жайын,
Білуге, Жәкен ақын, тоқталады.

Жылқыбай

Мен айтсам, Октябрдің шаруа жайын,
Қарыштап, алға басқан, күн – күн сайын,
Майданның тілегіне, жұмысы сай,
Іздегенге, не керектің, бәрі дайын.

Орындап, сүттен де, берешегін,
Орындап, жұмыртқа, жүн, сары майын,
Көңілді, қорам жылы, малым семіз,
Жаз бойы, Шәмкен шапқан таудың сайын.

Қажырлы, еңбек істеп, колхозшылар,
Қарсы алмақ, боранда, айсыз қыстың айын,
Жалғыз – ақ, шөбім аздау, дайындалды.
Қасқыр жеп, шығындалды, бірер тайым.

Оңалар, орнында бар,- деген сөз бар,
Басылмай, сыйғыза алмай тұр бидайым.
Қар жауып, боранболып, тұрар күзде,
Бастырмай, бұзып кетті, күн-күн сайын.

Сұрадың, Жәкен ақын, қолқа қылып,
Мен айтсам, осылардай, шаруа жайын,
Шынында, білгім келіп, отыр сізден,
Айтып бер, еңбекшілердің хал жағдайын.

Сіз құсап, өсек сөзге шаптым айға,
Өмірдің шыңдығын мен, сөз қылайын,
Ежелден, алғыр қыран, болсаңдағы,
Шырмалған, сөзден жібек, толтырайын.

Ауылымның, табысты жылы елге тарап,
Айтудан, бүгінгі күн, болды дайын.



Танырсыз, сеніміңізден, тоқ етсем жерді
Ақтарсам талдап – талдап, сөз сарайын.

Жәкен

Ақынмен, оңды бағып, тарасты Шақан,
Ардақтап, халқым сүйіп, үкі таққан,
Қыранмын, қиырдан, көз салатұғын,
Топшыммен, егескендей, бір аттаған.

Жеті жүз центенер, шөбің, шіріп кеткен,
Болмайды, кемшілікті, бүркеп жапқан.
Планнан, төрт мың алты жүз центенер шөптен
Зерттеп төгеміз, осыдан кім, кем, деп тапқан.

Ауруды, елемеген, өледі екен,
Ертерек, алдын аламын, - деп сақтан,
Білуге, құмар болсаң, ақын інім,
Айтайын, жетістікті, біздің жақтан.

Колхозым, бара жатыр, алға басып,
Байлығым да, бара жатыр, шалқып тасып,
Майданша, қимылдаған, кәрі- жасым,
Бір жеңнен, қол шығарып, өмір сүріп.

Шығынсыз, өлмей өскен, фермем малым,
Жалған жоқ, бұл сөзімде, елге мәлім,
Қамыстың тамырын жеп, ажал құшып отырса да,
Берер, - деп, жастарымыз Асан, Айтбайдай боп ерім.

Таратып, запискамен, он сегіз қой,
Сойғызып, сұқ қолдай, сойдың нәнін,
Малың кем, планыннан, шөбің жетпей,
Шашырап, жерде жатыр, алтын дәннің.

Көтеріп, кемшілікті, тұра алмасаң,
Таудай ғып, кемшілікті, артсам бәрін,
Мал жұтап, бала жылап, кетсе жағдай.



Ойлашы, не болады, сонда халің,
Қазір де, майданға сай, бересің жоқ,
Мойнына ал, кемшілікті, тоқтат жаным.

Жылқыбай

Болсаң да, жерге түспес, алғыр қыран,
Шаладай, алаулап жанған, мен жасулан,
Теңіздің тереңінен, маржан теріп,
Топшыммен, аяққа басып, әл-ақ ұрам.

Созсаң да, қанша ұмтылып, қолың жетпес,
Басында, Болат ойған, шыңда тұрам.
Кемшілік жоқ адамдай, тап-таза боп,
Түлкідей, қойды қырғандай, егіп бұлаң.

Істеліп, белің берік, болсадағы,
Жасытып, жез темірдей, бетін бұрам,
Ерасымнан, шөп жағым дайындалды,
Егін көп боп, шөп жағым кейін қалды.

Қалаевтай, ақылсыз, басшым болып,
Қорадағы, қойларға, құрық салды.
Өңгемізге, қойды беріп, запискамен,
Кешікпей, абақты- түрмеден орын алды.
Өлке түгілі, шаруам түгенделіп,
Шығын қылмай, осындағы, жалғыз малды.
Мал планы, қырық пұт орындалмай,
Әдейі әлдендірмей қойды,

сауғызбай сиырларды.

Басқарма мен завфермем, ұйымдасып,
Жеп қойдың ба, шайға сап, қосып нанды.

Таудай боп, қызыл қырман қаптан асып,
Ен байлық та, тарыдай боп, жатыр тасып,
Күш жетіп, еркіндікке, бөлеген көп,
Сондықтан, қарға ұрындық, қарбаласып.

Айттырып, кемшілікті, қамығатын,
І н і н жоқ, бұған қалар, сөзден жасып,
Аптығып арындама Жәкен ақын,
Шындасам, бойымдағы күшіммен кетем басып.

Ініңнің, өткір тілі, қадалғанда,
Сауғалап, өз басыңды, жүрме қасып,
Мін жоқтай, колхозыңда арындайсың,
Ақтарсам, кемшіліктің аузын ашып.

Тайыңды, қасқыр жеген, төрт күн іздеп,
Пұшпағын, эзер таптың, шапқыласып,
Күтем,- деп, шөбің шауып тауысқансың,
Шіріттің, өзің неге алмай тасып.

Екі айыр, бір сиырға шөп тастатып,
Басқармаң, отыр әні, басын қасып,
Біреуге шай – нан бердім,- деп айтқанша.
Қарашы, өз көзіңмен көзіңді ашып.

Жәкен

Қауіп бар, үгіт беріп, тұрған төніп,
Бидайға, басылмаған, қалмас шіріп,
Қожырай, қол қусырып отырғанда,
Бидайың, тұрған жерде, кетер сеніп.
Секілді, су құямыз, суық қарды қазып,
Жүрерсің, малдан қалған, қарағанды теріп,
Мастанба, бидай көп,- деп, сырттан көріп,
Басып ал, шұғылданып, көңіл бөліп.

Күтпесті шақпақ тастай, көбік боп жүрмесін,
Қарны ашып, бала- шаға қалса жүдеп,
Пайдасыз, шай мен қант, сөрелерде тұр,
Кетуі қиын емес, көкшілденіп.

Қотыр көп, қой жағында, тақыр азық
Жүз қойдан, жазды Шәріп, кемде- кемін,

Жаз өтіп, қыс болатын, белім көніп,
Бастықтар, көрмеген боп, көзін салып.

Мойныңа ал кемшілікті бере алмайсың,
Алты ай жаз, ұйқың қанбай, ұйықтап қалып,
Сендерге елден бөлек, қыс келді ме?
Далбастап, жабысасың, көпке барып.

Он сиыр, бұзау тастап, көтеремдерің,
Таса – тасаға да, тастады жазым болып,
Тағы да, шөбің шіріп күтем дедің,
Қарайтып, ақ ағашқа, күйе жағын.

Орындап, келдім мен де планымды,
Баулыдым, Ұланбектей ұлдарымды.
Алдағы, келешекті көк егіске,
Даярлық істеп жатыр, құралымды.

Міндетті, түрлі қаржы бастап кетті,
Бастырып, беріп тұрдым хабарымды,
Артымен сасқан үйрек, сүңгір деген,
Далбастап, ойлана бер табарыңды.

Еліміз, осы күнде, қандай халда,
Боламыз, туған бауыр, қан майданда,
Төлді, әпереміз еңбек істеп, мал өсірсек,
Майданға, үлкен көмек, болар сонда.

Бірде сен, кемшілікті ашатын күн,
Ақыным, асау тайдай, туласаң да,
Базың тұр, шөбің жетпей Ерементілмай,
Қашқанмен, Қорқаулашов, құтылтама ба?

Әлі күнге, мүшелерде, отын – шөп жоқ,
Ойлашы, кім кінәлі, осыған да,
Шөп сұрап, отын шауып, қар астынан,
Өлмей ме, жолда жүріп, кемпір- шалда.

Айтамыз, орта малын, бәрі семіз,
Саласы жұмысымның, біткен тегіс,
Жарайды, екі жылға, үйген шөбім,
Таппайды, көрген адам, істен кеміс.
Барамыз, алға қарай, қадам басып,
Октябрден, күш береміз,- деп жетістікке,
Намыстансаң, қылмай, табысқа, қолын сырма,
Кенже қалған, ісінді, тездетіп жетістікке.

Жылқыбай

Қараңдар, мына Жәкен, жығылғаннан,
Далбастап, дауысқа да, қинап жанын,
Сәуегей болсаң, ақыры аяның ба?
Өлген де, жадап- жүдеп отыз малың.

Бауымен, шалбарыңның, өгіз байлап,
Сүзіскен, үзіп кетіп, сиырларың,
Жарылған, бір тайыншаны, бауыздап-ап,
Жұрт та білді, басқарма, орталықтан.

Неменеге, мақтан ғып, сөз сөйлейсің?
Бір қарыс, арқан- жіпке келмей әлің,
Жүз сиырдан, елу бір бұзау алып,
Елу бір, центнерден бөліп, төл басынан.

Ашық- тесік, шаң кірген, мектебіңнің,
Шаң басқан төрт- бес елі, құралдарын,
Ұясындай, қарғаның, отын үйіп
Мәз боласың, біле алмай, сөз боларын.

Шыны орнына, қарағаннан, әйнек салып,
Жел сокқанда, үрсін, - деп барабаннан,
Шөбің жоқ, - деп бидайға, бес дүз,- деп
Қақсаған шалмен, мектептің атқызамыз таңын.

Отын жоқ, - деп, өзінің, білмей қамын
Октябрден жай қыпсың, Жәкен қамын.

Жәкен отын салып бер,- дегенде айтып,
«Еңбекшіл» колхозына
барған жоқ шаруаларым.

Сонда да, күшті қосып, жинап алып,
Жерге бермей, астықтың жалғыз дәнін,
Ант етейін, үлкен аға,- деп сыйлаймын,
Жұмсасам, ақындықтың, қолда барын.

Сасқан ба, өлең қылып, Жәкен аға,
Жиыстырып, сынған бір соқалардан,
Қазір сай тұр,- дегенмен таба алмассың,
Алты ай қыста іздесең, сен қоралардан.

Шығып ап, сөз таба алмай, отырар ең,
Күрмеліп, шешен тілің, бітіп халің,
Планнан да, мені жеңуің, екі талай,
Мен де бір лаулап жанған күшті жалын.

Жәкен

Айтпаймын, бекер сөзді, мен де жалған,
Жерім жоқ, жарысқанда, озбай қалған,
Отанның, социалдық, жарысында,
Шапқанда, бір жерім жоқ озбай қалған.

Токсан ауыз сөзге, тобықтай түйін керек,
Айтуға, кемшілікті, өткен жылдан,
Алшыс бас, биылғы жыл, өлді малың,
Өткен жыл, бір жүз қойды қырып салдың.

Қасқырға, тоғыз жылқы, жегізіп алып,
Даладан, жинап алдың құйрық жалын,
Дұрыс па, сол күнәні, ұмытуға,
Шег түгіл, облысқа болды мәлім.

Мектепте, отын жоқ,- деп кінә қойдың,
Шақыршы, комиссия, - кеп көрсін бәрін.

Өмір жоқ, өтірікке бұл дауда да,
Келемін, шындықты айтып далаңда да.

Саласың, құр далбастап қарыстауға,
Бермеймін, бұл айтыста саған сауға,
Бармаймын, шөппен отын, сұрап бәрін,
Екі жүз, қарызға алған, бидай қайда.

Жегіп ап, қол шанаңды, Сейтен аға,
Кел десең, шөп берем, - деп март айында,
Қарт Жүніс, қой бақташым, бердің шабан,
Білетін, малдың жайын, жастан маман.

Қасқырға, бір лақты, жегізген жоқ,
Итқұссыз, баққан малы, келеді аман.
Таңғы, шөбі шүйгін жерге, айдап жайып,
Қойымыз, майдан жүрмей, шайлап қалған.

Күтімді, жақсы баққан, арқасында,
Бес жүз қойдан, бес жүз елу қозы алған.
Шығынсыз, өлмей өскен, есебінен,
Планды малдың басы, тұлға болған.

Таңдаулы, дояркам бар, Жамал аты,
Планды, жылдық істеп, артық тапты.
Он алты сиыр сауып, тәрбиелеп,
Мәпелеп, баласындай, қандай бақты.

Біріншідей, деген бар, айтылмаған,
Табыстары, әрқашан сарқылмаған,
Жаз сатып, қыс суықта, күрек қалмай,
Планнан, жүз бір центенер орындалған,
Тоқтатам, жарыс сөзден, түк шықпайды
Ал, і н і м, тоқтат сөзді, осы арадан.

Жылқыбай

Қой баққан, ондаған жыл, Ақымбегім,
Барған жоқ, Москваға жылда тегін

Алдынан, ұлы көсем, сый алғанда,
Ауылда, қалқып жүрген, Жүніс, Бекен.
Келісті, қойды бағып, қарап жатпай,
Түн демей, маядағы тасысамыз шөбін,
Айырмен, көпенені бірақ түй,- деп,
Көтерді, үйдей қылып, көрсін көзін.

Мақтауға, кімің, -бар, татымайтындардан,
Отырмын, жеткізе алмай, тілдің сөзін,
Малменен, бірге өріп, бірге жатқан,
Қасірет боп, сүргенге, сенген сенім.

Борандатып, ашқа көнді, шаруа қалмай,
Бос жүр ғой, Ұсатайдай, мылжың езің,
Әйгілі Оспан, Мағаш, қайта тидім,
Қажымас, қайратынан білді елім.

Бетінен, қызыл тақта, орын алды,
Тап сондай, қарттарың жоқ, білсең сенің,
Көрсін,- деп, Қамбаровқа, айтар едің,
Шұбырған, малыңды, таныған қыран,
Бригада, таудай қылып, отырғанда,
Ентігіп, шаршадым,- деп айта алмаспын,
Бастаған, қандай ауыр, жұмыстар көп,
Қабыстырып, қайыстырып малшылардың белін

Құлшына, Құлтайқұл да, қимылдасын,
Толтырар, жұмысшының дем де – кемін,
Дос түгіл, қасты көрсем, қатардайын
Ауылымның, Оспан, Мағаштай көрсін ерін.

Күш көлік басқарушы, ақсағым бар,
Күйлеген жазғы ешкі, керектерін,
Тарттырам бидай тартып, қимылдаса,
Көп қылып, жібітеді, жердің шөлін.

Аянбай, жұмыс істеп, уралаймыз,
Алдында, ұлы көсемге берген сенім.
Асырып, артығымен, табыстарын,
Қарқынын, тасытуға, күш саламын.

Жәкен

Басқармам, Күлейменов Балмағамбет,
Осындай беруден дауыс, үш жыл қызмет,
Колхозды өркендетіп, мал өсіріп,
Қалған жоқ, орындалмай бүгін міндет.

Жеңіспен, алған туы, әлі қолда,
Тапжылмай, бір орыннан, қозғалған жоқ.
Жыл сайын, қарқынына қарқын қосып,
Келеді, бір кемімей алдында боп.

Жарыста, ұлы дүбір, бас қосқанда,
Отырар, жеке қара, халық алдында көп
Осындай, жұрт сүйсінер, сенде бар ма?
Дегенмен, жеген шөбім, бидайым көп.

Үш жылғы, сарайымда бидайым бар,
Бидаймен басылмаған төгілдің көп,
Дауыс қып, таластың кеп, Ақанменен,
Тұншыққан, кемшілікті, бүркеп қойып.

Зав фермем, жұртқа әйгілі, Нұржамалым,
Қыздар да, арулары Кебектің түйіп зарын,
Күндіз – түн, жолбарыстай, жортып жүріп,
Сақтайды, қарашақтай, орта малын.

Құлманбек, ұстап алып, басты белін,
Аямай, Отан үшін, шыбын жанын,
Намысты, бір өзінің еңбегінен,
Жеңісін, Октябрдің он күнінен.

Ауылың, қатарға кел, сөйлесең сен,
Жасартып, Октябрдің тұрмыстарын,

Бұл күнде, сын түзелмей, мін түзелмес,
Жаман дегенге, жабырқап, қалма ж а н ы м.

Жылқыбай

Айтсақ та, шағым- жұғым, бұдан бұрын,
Жеңілген, ақыныңның, көрдің түрін,
Колхозым, биыл білсең сынның мінін,
Сығалап, Жәкен ақын, айтып берді.

Көрдің бе, кемшіліктің, ашып түрін.
Ентелеп, қанша айтысқа ұмтылсам да,
Бойымды көтерпейді бидай кемшілігі,
Кемшілік, бастан асып кеткеннен соң.

Күрмелді, көп жүк,- деп өткір тілім,
Естідің, нәтижелі жыл, болған болса,
Жегенін шығармасам, бірде онан,
Колхозым, ақынымның, ақкөңіліндей – бұл.

Сен жақсы болсаң, маған бір асқар белсің,
Айтқанда, кемшілікті Жәкен ақын,
Маңдайдан, шып- шып шығып, ақты ғой тер.
Қарқындап, еңбек үстеп, алға ұмтылып,
Қажырлы, қарқындатып, тасқындатып,
Орындап, көсемге берген сертті,
Қатарға, колхозымды, жеткізіп бер.
Сана сен, Жәкенменен айтыстрып,
Жеңгенін, ақыныңның көзіңмен көр,
Бұл таңда, Жәкен жеңді, мен жеңілдім,
Бұрынғы, ата-салты, жолын бердім.



Көкжайдақ

поэма

Тартысқан ерте кезде қазақ-қалмақ,
Егесіп жеңген жағын шауып, алмақ,
Қазақтың ел өспеген ері аз кезі,
Халыққы түсу керек ауыр салмақ.

Қалмақтан Түлек деген батыр шығып,
Қазақтың жер мен суын басып алмақ,
Қалмақтан қазақ үркіп көшіп қашты,
Халықты қара тұман қайғы басты.

Ақ табан шұбырыншылық халге ұшырап,
Ағызды қан аралас көзден жасты.
Күшімен ақ найзаның ұшын жұмсап,
Бүлдіріп, шаруаны төгіп- шашты.

Кең болып қалмақ қолы, қазақ аз боп,
Соғыста талай ерлер қаза тапты.
Қашқынбай, Ер Сазанбай, Қосағалы,
Айбатты арыстандай батыр бәрі,

Соғыс көріп жорыққа аттанбаған,
Қазақта жас батырлар болса – дағы.
Көп болып қалмақ қолы, қазақ аз боп,
Ерлердің осы жолы сынды сағы

Жылқы алды желі қиып, елді шауып,
Құтырған жолбарыстай жерді қауып,
Халықтың қорғауына күші жетпей,
Ерлерге үлкен қатер төнді қауіп.

Шапты елді, күңіrentіп сары даланы,
Шулатып кеп кемпір мен ал жас баланы.
Аударып қазақ елін Сарыарқадан,
Қонысын тартып алмақ болды арманы.

Қазаққа қалмақ үлкен қылды зорлық,
Шұбырды қазақ елі шөлді жол қып.

Ерлердің мінуіне аз табылмай,
Қағысқан қан майданда көрді қорлық.
Ел шауып қалмақ кетті, қазақ қалды
Сазанбай қапа болып ызаланды.
Бір терең тұңғыық ойға шомып
Бастауға бір әңгіме ойына алды.

Ағызып ер Сазанбай көздің жасын
Жинап ап үлкен – кіші, кәрі – жасын
Сыйынып Орта жүздің аруағына
Құдайға айтып, шалды бозжорғасын.
Сөйледі ер Сазанбай көпке қарап,
Қашқынбай, Қосағалыға көзін қадап,
Қысқыртып сөз аяғын көп ұзатпай
–Қалмақтан көрдік, – деді – үлкен азап.

Өш болды мына қалмақ біздің ұлтқа,
Шоккытып отырғызды елді жұртқа.
Мінетін тұлпар тұқым ат іздеймін,
Әйел боп отырғанша ескі жұртта.
Ат болса алмас па едік жаудан кекті,
Кезінен соны айтты да жасын төкті.
Естіген ұзын құлақ бір хабардан,
Бар дейді бір көк тұлпар асыл текті.

Сарттың Тәшкердегі Бектөрбегі,
Аузына қарайды екен барлық елі,
Сол Бекте бір тұлпар бар деп естимін,
Деуші еді Теке әуміт шыққан жері.
Жүремін осы жолы тұлпарды іздеп,
Халық үшін өлсем жолда арманым жоқ.
Көк тұлпар сәті келіп қоға түссе,
Аламыз жауымыздан қайткенде көк.

Соны айтып жүрмек болды ер Сазанбай,
Жеткенше көк тұлпарға сабыр қылмай,

Қол ұстап көпшілікке қош айтысып,
Атанды Тәшкен жаққа мойын бұрмай.
Сазанбай сол бетімен кете барды,
Жас батыр Орынбайды жолдасқа алды.
Өскен жер, туған бауыр, қатын – бала,
Баққан ел, тату құрбы бәрі қалды.
Жорытып күндіз–түні ұйқы қашты,
Аттарын арындатты қамшы басып.
Үстіне Көкжайдақтың бір мінсем деп,
Жеткенше ер Сазанбай болды асық.
Бетпақтың шығып кетті даласына,
Күн өтті үш–төрт жеті арасында.
Жорытып жолбарыстай күндіз–түні,
Тәшкеннің келді кіріп қаласына.
Қаланы бұлар келіп аралады,
Мән–жайын ойға тоқып саралады.
Әркімнің өз жұмысы өзіменен,
Кімсің деп ешбір адам қарамады.
Бір үйді пәтерге алды ақша беріп,
Он күндей жатты сонда жайды көріп,
Жағдайын Көкжайдақтың біліп алды.
Далада жылқышыға үйір болып.
Сазанбай, Орынбаймен шықты оңаша,
Бүгін түн іс қыламыз бір тамаша,
Не елін, не аламын Көкжайдақты,
Көремін бір тәуекел не де болса.
Асықты ер Сазанбай батса күн деп.
Сәті боп Көкжайдақты түсірем деп.
Айтқанша күн де батты, күңгірт тартып,
Сарайға жүрд батыр бетін түзеп.
Сарайға жетіп келсе есік берік,
Күзетші айналып жүр дыбыс беріп.

Сазанбай бір тасаға тұра қалды,
Түлкідей жалт берген қыран көріп.
Көрінбей батыр сонда тұра қалды.
Аялдап бір азырақ демін алды.
Күзетші дыбыс беріп біраз жүріп,
Ауған соң түн ортасы ұйықтап қалды.
Күзетші ұйықтап қалды қара басып,
Сазанбай келді есікке ептеп басып.
Салынған үш балталы қара құлып,
Қолымен бұрап тастап алды ашып.
Ашылып шалқасынан қалды есік,
Кірді де өкжайдақты алды шешіп.
Бір жауды тап сол түні қыратындай,
Көңілі сазанбайдың қалды өсіп.
Үстіне Көкжайдақтың ырғып мінді,
Секіртіп Орынбайға жетіп келді.
Тілегім іздеп шыққан орындалды.
Жолдасым, ақжолтайым жүрсін деді.
Түзетті батыр бетін елге қарап,
Күйінде түскен тұлпар әбден жарап
Күндіз – түн тыным алмай суыт жүріп,
Келгенде ел шетіне түсті бірақ
Әкелді Көкжайдақты іздеп барып,
Жол жүріп бірнеше күн ашып-арып.
Тұлпарға құтты болсын айтамыз деп.
Жиналды кәрі мен жас – бүкіл халық.
Сазанбай айтты көпке жоқ арманым.
Бір тұлпар міну еді ынтазарым
Тілегім ойдағыдай қабыл болды.
Құрбандық халқым үшін шыбын жаным.
Ат болмай жауға шабар болдық мешел.
Келтірді есер Түлек Түлек елге кесел.



Жауынан біздің қазақ жеңілер ме еді.
Ат болса Көкжайдақтай желдей есер.
Пәнде қып бас игізу қазақ елін,
Күшімен асып алу су мен жерін.
Қаратып өз аулына қорғалатып,
Құл етпек бар мақсаты атақты ерін.
Түлектің қиянатын көрдің елім.
Кесермін жау қалмақтың енді белін.
Ойрандап ақ ордасын талқан етіп.
Халқымның қайта аламын өскен жерін.
Бітірді осыменен сөз аяғып,
Жемеспіз бұдан былай жау таяғын.
Қосағал, ер Қашқынбай тілек қойды.
Тезірек сайлайық деп жау жарағын.
Сазанбай жауап берді Қосағалға.
Бетінді қайтарғанды көңіліңе алма.
Баурына 15 бие үйір салып.
Ер басы не болсын бір тұлпарға.
Ер басы 4-5 жылда тұлпар мінсек,
Алмай ма қандай жаудан кегі болса.
Сазанбай қойды көпке бұл талапты.
Қашқынбай, Қосағалы бек ұнатты.
Көпшілік осы сөзге қосылдық деп,
Келісіп батырлармен ел тарапты.
Сазанбай үйірге сап Көкжайдақты.
Туар деп ылғи тұлпар көңілі шатты.
Қолына құрық алып жылқышы боп.
Баурына 15 бие салып еді.
Ерінбей ертелі-кеш өзі бақты,
Ішінде бір жетінің түгел шықты.
Түп-түгел буаз болды 15-і де,
Соңынан бір қалмады күндіз-түнде.

Желіндеп биенің де күні бітіп,
Таянды құлындайтын мезгілі де.
Бәрі де құлындауға мезгіл жетіп,
Сазанбай баққан бір жыл еңбек етіп,
Биенің құлыны шықпай үйін жарып,
Он бесі түгел ажал жетіп.

Көкжайдақ жалғыз қалып азынады,
Күйініп Ер Сазанбай қамығады.
Ішінен бір құлынды жарып алып,
Ене жоқ еміздікпен асырады.

Сазанбай бұл жұмысқа болды нала,
Еңбегім бір жыл баққан болып зая.
Арқаның биесінен құлын тумас,
Әкелмей өз бедеуін болмас сірә.

Бір тұқым Көкжайдақтан ала – алмасам
Не керек жиған мүлік, қатын – бала.
Сазанбай ұшырады көп зиянға
Түбі жоқ жүзді терең бір қиялға.

Тағы да Орынбайды жолдасқа алып,
Қайтадан жүріп кетті ол сапарға,
Сазанбай ұшырады көп зиянға,
Түбі жоқ жүзді терең бір қиялға.

Тағы да Орынбайды жолдасқа алып,
Қайтадан жүріп кетті ол сапарға,
Сазанбай тағы жүрді ұзын тартып,
Бойына ауыр жолдың жүгін артып.
Жол жүріп бірнеше күн тыным алмай,
Тәшкенге келді батыр қажып – талып.
Жататын шеткеріде бір үй тапты,
Бір күн аунап – қунап демін алып.

Бедеуді қалай қолға түсірем деп,
Сазанбай терең толқын ойға батты.



Осы жолы Сазанбайға бір үлкен жүк,
Айырылып Көкжайдақтан сандалған бек,
Қайткенде алған жауда кетпес деп кек.
Мақсаты тұқым алу үйірге сап,
Алған жоқ шығыс ат қып мінемін деп
Көкжайдақ тума малы болып кетті,
Артынан ешкім іздеп келмейді - деп.
Алғанмен құлын тумас қазақыдан,
Бір келер өз бедеуін аламын – деп.
Халқына соны айтты да жарлық шашты,
Шет жерден келген адам аңдылсын деп
Шыққан соң мұндай жарлық Бекдербектен,
Күніне тексерілді келген – кеткен.
Бір адам Бекдербекке хабар берді,
Кеп жүр,- деп бір – екі адам қашық шеттен.
Шақыртты естіген соң жендеттерін.
Мойнына артып сайлап міндеттерін.
Шет жерден бір – екі адам кеп жүр дейді,
Ұстандар біліңдер де жатқан жерін.
Қалт қылмай хан жарлығын кетті іздеп,
Ұстаймыз деп лепіріп тапсақ біз деп
Хабаршыны жетелеп басшы қылды,
Жатқан жерін тап басып, көрсет сен деп.
Табамын деп бұларды ертіп жүрді,
Тап осы үйде көрдім – деп алып келді.
Кіріп келсе екеуі отыр екен,
Амандасып, қолдасып, сәлем берді,
Келесіңдер қай жақтан жауап бергін,
Руың кім, елің кім, шыққан жерің.
Екеуіңді Бекке айдап апарамыз,
Көресіңдер барған соң не істерін.
Жүрген жанды бейсауат тексеретін,
Жан алатын біз деді жендеттерің.

Сұрланып ер Сазанбай түсін бұзды,
Егескенмен бола ма елден күшті.
Бір әңгіме болғанын іштен сезіп,
Арты қалай болар,- деп ойға түсті.

Екеуін Бекдербекке айдап жүрді,
Еркін алып басына қысым қылды
Жан – жағына қаратпай алдына сап,
Сол бетімен сарайға алып кірді.

Екеуін тік тұрғызып тергеді Бек,
Бұл жаққа не жұмыспен келдіңдер – деп.
Өлім көрмей, өмірді көрем десең,
Шындықты айтыңдар жасырмай тек.

Көкжайдақты өткен жылы мініп кеттің,
Келдіңдер ғой бедеуді тағы да іздеп.
Қаһарланды, Бекдербек ашуланды,
Түгі шығып бетіне қатуланды

Танғанмен ақырыжан қалмас, - деп
«Алған мен» - деп Сазанбай мойындады.
Бекдербек жүріп сөйлеп сөз бастады,
Көпшілік оң – теріс деп жақ ашпады.
Құны үшін Көкжайдақтың құрбандық – деп
Дарға ассын – деп жарлық шашты

Бар еді сол Тәшкенде бір қария,
Данышпа ақылықөп мол дария.
Көп жасап 95- ке жасы келген,
Сөйлейді Бекдербекке мойнын бұра.

Сөйледі ол қария бір аз ғана,
Дұрыс емес беруің ерге қаза.
Ап келіп Көкжайдақты берем десе,
Өлгірмей беру керек жеңіл жаза.

Екеуін дарға аспай зынданға сал,
Өлгенмен бұл екеуі болмайды мал.

Әкеліп Көкжайдақты тапсырмаса,
Жаза сол жағып жібер жалынға орап.
Бек айтты мынау да бір табылған сөз,
Әкеліп Көкжайдақты берем десең,
Еліңе жолаушыңды қайтарам тез.

Дұрыс деп ел қосылды мына сөзге
Табылған ақыл жоқ деп мұнан өзге
Қамалап Сазанбайды ортаға алды,
Көкжайдақ бар ма десіп осы кезде.

Сазанбай қолға түсіп, болды пенде,
Ерінің құны бар ма мына менде.
Босатам біреуіңді алып келсе,
Тұтқыннан құтыласың ертең сен де.

Сазанбай айтты сонда ерік сізде,
Отырмыз қолға түсіп болып пенде,
Барып қайтып келуі бір айлық жол,
Босатсаң әкеледі отыз күнде.

Бекдербек бердім, - деді 30 күнді,
Тез жетсін бірдей жүріп күндіз – түні,
Еліңе сәлеміңді айт атты берсін,
Еліңе басың аттан құнды болса.

Сазанбай түсті деді біздің біздің қолға,
Жатасың ат келгенше темір торда,
Келмесе отыз күнде атты алып,
Өлуге көзің жетсін, оны да ойла.

Сазанбай айтты Бекке сөзге тоқта,
Мейлің ат, мейлің ас, отқа қақта,
Сол күнде Көкжайдақты әкелмесе,
Ырзамын қарсы байлап атқан оққа.


Орынбай қайтпақ елден атты алып,
Сазанбай қолда қалды тұтқындалып,
Кетерде Орынбайды оңашалап,
Қалайын жолдасыммен амандасып.

Тезірек Көкжайдақты жіберсін,- деп,
Айтам, - деп оңашаға тұрды барып.
Бар – деді жібердім мен тілегіңе,
Аманат тасыр туған аға – ініңе,
Ел - жұртың тірі сені көрем десе
 Мен үшін ел – жұртым қайғырмасын,
 Сазанбай тұтқында деп ар қылмасын.
 Бір қатын мен өлгенмен буаз болар,
 Қолдағы Көкжайдақтан айырылмасын
Сәлем айт елге түгел қолын ұстап,
Бақсын де Көкжайдақты құстай баптап
Тартып басын тас тамға үш соққызып,
Барамын аман шықсам тауып соқпақ.
 Қалып ед жарып алған жетім құлын,
 Түсінде сол құлынның білсін сырын,
 Кейінгі ұрпақтарға тұқым шашып,
 Халықтың бір туғызар ай мен күнін.
Соны айтып ер Сазанбай қалды қолда,
Орынбай қош айтысып шықты жолға,
Ел үшін тоқты болып құрбандыққа,
Айырылып жолдасынан қалды жеке.
 Зынданға Сазанбайды салды апарып,
 Көрсетпей күндіз – түні ешбір жарық.
 Жан қиған тұлпар үшін сол батырдың,
 Еңбегі ертегі боп қойды қалып.
Қайтқан жоқ ер Сазанбай айтқан серттен,
Тұқым көп күні бүгін тұлпар көктен.
Ерлерге ел қорғайтын міну үшін,
Өсіріп елім отыр асыл тектен.
 Сазанбай өлгенімен ізі қалды,
 Тұлпардың үзілген жоқ әлі де арты.
 Айтады әңгімесін бүгінгідей,
 Кездесіп сұрай қалсаң әрбір қарты.

Бір құлын Көкжайдақтан қалған бұрын,
Өсуде елімізде күні бүгін.
Тұқымы Көкжайдақтың осы дейді,
Биеден туса қазір бір көк құлын.

Ерлердің ертегі ғыш сол еңбегін,
Соларды – баккан қорғап ардақты елі.
Сарқылмас қор, ұмытпас жыр боп қалды,
Ерлердің елімізге салған жолы.

1945 жыл.



КӨШІМ- КҮЛЖАН

ПОЭМА

Атақты Қарқаралы, Қарағайлы,
Балауса балдыр Балқаш малға жайлы,
Сынаптай сырғып аққан бұлақтары,
Құлпыртып гүлдендірген сала сайды.

Орнықты орындықтай сұлу біткен,
Арқада сұлу тау жоқ бұған жеткен,
Қарағай, қайың, терек егіз өсіп,
Таласып шың биікпен, жарыса өскен.

Қаһіе лادق و آندە ، که نموده اوار و تنگ
ول خدا ، که قدرش سائت و اوار و تنگ
پاشی جودت با سعادت و شایسته قیامت
قویله به قمر شانه نازن لایق که قلم
تولگه یه جاسس ووردن و کلمات جان
المان دا شان ابر و دره که قیامت
که نموده با سار با سوس قاجودت اوار
نور و نور قالدین سوس و نور اوار
تذات دین قالدین لایق که اوار
نور و نور لایق که لایق که لایق که

باوردن که قالدین لایق که لایق که
قدرا جا به لایق که لایق که لایق که
تاج و تاجان قدرا جا به لایق که لایق که
اق و نور لایق که قیامت لایق که لایق که
به لایق که لایق که لایق که لایق که
که نموده لایق که لایق که لایق که

Көгеріп жас шыбықтар алуан мия,
Әртүрлі сай-сайында, жеміс біткен,
Пайдасын байлар көріп өткен күнде,

Ішінде нашарлардың кегі кеткен,
От жағып жер ошақта малын бағып,
Жазы – қысы аркасынан аяз өткен.
Қиындық өткен күнде ауыр өткен,
Ол затың қорғасыннан ауыр екен.
Басшы жоқ, бастаушы жоқ бақсыз елде,
Қиылып қыршынынан талай кеткен.
Тілегі жас өмірдің орындалмай,
Арманда талай ердің қанын төккен,
Төндіріп сарбас камшы аркасына,
Халықты сұм жауыздар әлек еткен.
Қазақты хан билеген дәуірінде,
Бұл жерден біреу кетіп, біреу келген.
Бауырын Қарқаралдың мекен етіп,
Құлжабек елден асқан бір бай өткен.
Қаптаған Құлжабекте қой мен жылқы,
Ақ орда тоғыз қанат толған мүлкі,
Ішкені қымыз бен шай, салғаны әні
Күндіз – түн айғай – думан, ойын күлкі.
Жаз болса саз Балқашта жатқан жайлап,
Көкорай көк шалғында бие байлап,
Маңырап қой мен қозы, жылқы- сиыр
Қотанда ойын салып, бота тайлақ.
Ақкудай көлде жүзген сылаң етіп,
Алдында ақ бәйбіше тұрған ойнап,
Ас болса атырапта, ат жаратқан,
Зәрімен ашуланса қар боратқан.
Жау келсе көмбе бұзып ала алмайсың,
Қорған бар, берік салған тас болаттан,
Жеккені жаз пәуеске, қыста шана,
Пар жеккен қоңыраулы қоңыр аттан.
Құлжабек кейде сабыр мінезі жаман,
Нашарды езіп – жаншып зар жылатқан,

Тарлығы жер мен суға тақыс сондай,
Ішуге су бермейді әм бұлақтан.

Үйіне қонақ келсе малын соймай,
Нашарға салық салып, бірер аттан,
Мойынына жезден салған қарғысы бар,
Болыс – би, қызыл бөрік сұлап жатқан.

Жетектеп жүк көлікті алып келіп,
Нақақтан талай нашар өліп жатқан,
Нашарға бір нар тисе, алтау қылып,
Парақор жауыздарға қабылдатқан.

Ақысыз нашарларды күшпен жұмсап,
Құлжабек осыменен пайда тапқан.
Малға бай, дүние сай болғанменен,
Құлжабек болу керек перзенттен кем.

Құлжабек бір күн тұрып жабырқады,
Көңіліне қиял кіріп қамығады.
Тамсанып, тамаша етіп бәйбішесі,
Жыладымырза неге? - деп сұрады.

«Бәйбіше, кірді қиял жүрегіме
Жеткізген кімді құдай тілегіне?
Жинадым бір күндері дүние-мал
Перзентсіз жинаған малдың керегі не?»

Құлжабек осылай деп аңырады,
Мақсаты жөргегінде бір бала деп
«Ажал кеп ақыр бір күн көзім жұмсам,
Ие боп, малға елді кім қалады?»

Күрсініп ақ бәйбіше аңырады,
Көзіне мөлдіретіп жас алады,
Құлжабекке 55 (елу бес) қайғырғаннан,
Бәйбіше көңіліне жік алады.

«Тоқал ал, көш елге мал жетеді»

Дегенмен күнде ертеңмен күн өтеді.



«Жас өсіп, жарлы байыр» - деген дейін,
Көрінсе көбелек те ер жетеді.

Жетеді тоқал алсам малым дайын,
Мен берем айғыр-бием, құлын-тайын,
Құдайдың берер болса, баласы көп
Бала үшін тоқал алып не қылайын.

Бірқатар осыменен көңілді ауды,
Ойынын Құлжабектің қайғы кетті.
Күз түсіп, қарашаның қары жауып,
Қысауға қонатуғын мезгіл жетті.

Болмайды игіліктің ерте-кеші.
Әйелі екіқабат болды жүкті,
«Жалғанда арманым жоқ енді өлсем деп
Көзінен мөлдіретіп жасын төкті»

Жүрегі алып ұшып көңілі толып,
Құлжабек: - Шүкірлік, - деп сабыр етті.
Толғатып, мезгіл жетіп, бір қыз тапты,
Көпшілік ұл-қыз ба деп жыбырлады.

Баланың шырылдаған даусын естіп,
Құлжабек қуанғаннан талып қалды.
Жұлмалап бірін – бірі, шашу шашып,
Өзенді өрлей қонған елге шапты.

*Бір уақытта сүйінші сұраушыларға, біреулер тай,
шапан беріп байды табады.*

Құлжаға құтты болсын айтты бәрі,
Жиналып үлкен – кіші, жас пен кәрі,
Қыз туды, ұл тумалы дегендей боп,
Көңілі Құлжекеңнің әрі-сәрі.

Ортаға орамдағы ел жиылды,
Көзінен Құлжабектің жас тиылды.
Сұлу қыз, көркем жігіт таза киген,
Сексен үй, Тарақты мен Темші, Қамбар,
Құрметпен өткізуге бұл жиынды.



Ат – айғырды тойына сойды Құлжан,
Халыққа көрсетем деп беделімді,
Естіген Құлжабектің құрметіне,
Дос күліп, дұшпандары тым күйінді.

Ат шауып көкпар тартып ел тарады,
Алқынған қыз – бозбала дем алады,
Баланы жөргегімен алдына алып,
Баланың аты –деді –кім болады?

Байлықтан атым шықты деді Құлжан,
Мекенім бір себептен көштім Сырдан,
Туған жер, өскен елді ұмыттырған,
Қойыңдар бұл баланың атын Құлжан.

Ат қойды атасы оның атын – Құлжан,
Қыз ғой, қызда болса артық ұлдан,
Ер жетіп, есі кіріп өсті бойы,
Бұралып көк шыбықтай өсті Құлжан.

Қақтығын ақ күмістей бет – ажары,
Көрген жан шыбын жанын еткен құрбан.
Көрген жан көлеңкесіне құмар болған,
Кем емес сұлулығы бейне хордан.

Жаркылдап ақ маңдайы қиылған қас,
Қос бұрым, қырлап өрген құбылған шаш,
Күмістей сымға тартқан он саусағы,
Майысқан жел секілді тым талдырмаш.

Күлім көз, піс те мұрын, беті жазық,
Тәні майда, жіңішке үнді, сөзі нәзік,
Жыр төгіліп көмейінен көзі жайнап,
Жүрісі қоңыр қаздай маң – маң басып.

Тізілген меруерттей тісі сирек,
Алатын ішкі сырды оймен сүйреп.
Төңкеріп қара көзбен қарағанда,
Таңғалдырып, қояды іштен түйреп.



Көмекші бірнеше қыз қасына еріп,
Кұлжанға сұлулықпен біткен көрік,
Еркекше киім киіп, ат жайлаған,
Жиында той бастаған жігіт болып.

Сызылтып сыбызғыдай ән салады,
Үні кең, үйде әнді көп салады.
Құбылтып, көкке өрлетіп шырқағанда,
Тыңдаған құмар болып мас болады.

Жақсылар балдай десе жамандардың,
Көзіне шыдай алмай жас толады,
Сұлудың нәзік әнін тыңдаған жан,
Кұлжаннан басқа қызбен қас болады.

Кұлжанның Сырдан көшіп келгендігі,
Мінекей тыңдаңыздар басталады.
Кейінде оқиғасын баяндаймыз,
Осы жерден Кұлжан сұлу токталады.

*Кұлжабек Сыр бойынан көшіп келіп, Қарқаралды
мекен еткен болуы керек.*

Шабысқан ел ұйқыда қазақ – қалмақ,
Заны сол женген жағы шауып алмақ,
Шабысқан қазақ- қалмақ бір соғыста,
Қазаққа түсу керек ауыр салмақ.

Ұшымен ақ найзаның күшін жұмсап,
Майданда қалың батыр қолын қандап,
Жеңіліп қазақ қашып қалмақ қуып,
Қыбырлап құмырсақдай кеткен андап.

Жас түлек бөлтіріктей Ер Бөгенбай,
Ерімен Кер дөнен атын мінген таңдап.

Бірінші Бөгенбайдың соғысқаны,
Қазақтың Абылай хан нағыз ханы.

Жидебай, Байұлы мен Ер Жарылғап.
Бас қосып, бірінші рет танысқаны,

Бас қосқан осы жерде хан Абылай,
Адамның қайтпас болат арыстаны.
Жиналып өңшең көкжал басын қосып,
Батырлар осы жолда танысқаны,
Сол күнде қарт Бөгенбай он сегізде,
Келмепті қаһарланса жан біткені.

Қазақтың батырлары күшін қосып,
Қалмақты айдап шықты жер шегінен,
Қайтадан қазақ қуып, қалмақ қашты,
Белгілі Барқытбелден әрмен асты.

Алдынан батырлардың қарсы шығып,
Абылай сауға сұрап амандасты,
Абылайдың көңлі толды ерлігіне,
Соғыста өлмей тірі келгеніне.

Той қылды, ат шаптырып, ойын қылып,
Қалмақты, қазақ қуып жеңгеніне,
Абылай қалың қолды алды жинап,
Тағамды неше түрлі берді сайлап.

«Ел үшін, намыс үшін, жерің үшін,
Гүлдеңдер, көкжалдарым жанды қинап»
Қасына төрт батырды отырғызды
-«Ерім», - деп маңдайынан бір – бір сипап.

Хабарсыз соғыс болса тұрмаңдар, - деп
Қарады төрт батырға көзін қадап,
Жарау ат, жау жоқ, - деп кам отырмай.
Батырлар дайын тұрсын қару жарақ.

Қайтуға ұлықсат берді жер-жеріне,
Ерекше Сырдың төрт еріне,
Берген соң хан Абылай ақ батасын,
Батырлар бет-бетімен қайтты еліне.

Бөгенбай жолдасымен қайтты еліне,
Құлады Бетпақтының өзеніне,

Малы көп,ызыңдаған он төрт ауыл,
Жағалай қоршап қонған айдын көлге.
Ауылға жетіп келді Бөген батыр,
Мың жарым көл шетінде жылқы жатыр,
Алысып асауменен азаматтар,
Шабарға жау екен, - деп абыр-сабыр.

Ер Бөген: - Ел,- деп оны сескенсін бе?

Қауіпсіз келді ауылға өзі батыр,
Бір адам шауып шықты алдарынан,
Түңілді ерді көріп жандарынан.

Қалмақтың ез деп күлген қолын күндеп,
Соғыстан қорқып қалған салдарынан,
Қол қағып сәлем берді амандасып,
Қорқады тұлпар мінген көріп жасты.
Қай елсің, қай русың шетте жатқан?

Сырғыған Сыр бойынан Кіші жүзбіз,
Қалмақтан үркіп көшіп, сырғып жүрміз,
Жапсардан шауып жаншып кете ме?-деп
Сендей қыран ерлерді қорғап жүрміз

Ауылға шауып келіп берді хабар,
Жау емес қорықпаңдар бізді шабар,
Қазақты жаудан қорғап аламыз, -деп
Шабуға қалмақ көрсе жаны құмар.

Руы Қанжығалы Бөген деген,
Қазақтың болу керек қамын жеген.
Ал енді атыңды бер, асыңды бер,
Жылаған көз жасыңа тура келген.

Ауылға келіп түсті атын ұстап,
Астына кілем, көрпе - жастық басқа жастап,
Өкіртіп бір биені алып келіп,
Батырлар: -«Бата қыл»,- деп басын ұстап.



Батырлар бата қылып қоя берді,
Биеге қойды қосып соя берді,
Есепсіз басқа дәм де келіп жатыр,
Тағамға ел мен жолаушы тояды енді.
Жылқыға қоя берді барлық атты,
Батырлар құрмет көріп бес күн жаты.
Ауылдың ақсақалы бектерменен,
Сөйлесіп Бөген батыр сөз сұрасты.
Айтайын сұрасаңыз жөнді бізден,
Айрылып көшіп жүрміз елімізден,
Қалмақтың қалың қолы күнде шауып,
Айрылдықы ақылменен елімізден.
Көрмедік күндіз күлкі, түнде ұйқы,
Селк етіп шошығандай түсімізден,
Өлімге басты байлап, шөлді жайлап,
Батырлар жайымыз сол біздің көрген.

*Сіздерді кез келтірген біздер: «Шаң жұтып, теңізге
батып өлмекіші едік, енді өлмейтін болдық»*

Арасы қазақ-қалмақ күнде соғыс,
Жүйрік ат, қоспақ нарды алып түгел,
Туған жер, бөлінген ел мекен болмас,
Тауып бер ерлер бізге жайлы қоныс.
Құлжабек балам аты, өзім-Серік,
Қара шал он төрт ауыл бірге көшіп,
Қазына, жиған мүлік, жан мен малды,
Қолыңа ал, ер Бөгембай, бердік ерік.
Бөгембай Серік сөзін қабыл алды,
Күнбе-күн қазақ-қалмақ шабысады,
Екі ойлау керегі жоқ енді Серік,
Арқадан сіздік қоныс табылады.
Атақты Қарқаралы жырдың белі,
Балауса балдыр Балқаш малдың көлі,

Ол жердің шөбі шүйгін, суы тұнық,
Төрт түлік мал өсірер байдың жері.
Ол жерден туған қозы, тай құлындап,
Өреді балапандай малдың төлі
Көк ала бетеге мен боздың түсін,
Аймағы ат шаптырым жердің малы.
Бақылап бай қонысты деген дейтін,
Қоныс қыл Серік мырза бердім соны.
Көшуге батырлармен сөз байласып,
Үйді жығып көшуге даярланды.
Жолың деп батырларға бір-бір жақсы ат,
Белдеуге алып келіп әм байлады.
Батырлар атын ерттеп жүрмек болды,
Бөгембай айтты көпке: «Көшірме елді»
Жарамды үш атпенен, үш кісі бер,
Жүрсін де бізбен бірге көрсін жерді.
Дұрыстап берген сөзін Құлжа, Серік,
Бұл да бір табылмайтын ақыл, -деді
Абақтың жиып алып өңкей жасын,
Нұршабек, Әлейменен барсын Қасым,
Жасынан малмен жүріп көзі қанған,
Біледі жердің жақсы тау мен тасын.
Жетерлік ұзын жолға азық алсын,
Жарамды мықты ат мініп, қару алсын,
Қанатын күндіз жайып, түнде түнеп,
Жетекке жердің жөнін шалып барсын.
Тез барып, Әлей, Қасым, хабарын бер,
Нұршабек ел барғанша жата берсін,
Батырлар қош айтысып жүріп кетті,
Үшеуі бұларменен қоса кетті.
Арада он екі күн тынбай жүріп,
Белгілі Қарғалыға келіп жетті.



Қуанып елмен жақсы амандасып,
Оңаша көк шалғынға ақ үй тікті.
Ордаға Бөген түсті атын байлап,
Атлас жібек кілем салды жайлап,
Сапырып сары қымызды әкеп жатыр,
Жүгіріп азаматтар, ауыл-аймақ.

Қараңғы ел ол дәуірде оңсын қайдан,
Қол жинап ел шапқанды батыр қойған.
Бөгембай көпшілікке сөз бастады,
Келді, - деп алыс жерден бізге мейман.

Жаз жайлау, қыс қыстайтын мекен керек,
Мың жарым жылқысы бар, өріс керек,
Қалмақтың күнде шапқан зардабынан,
Арқаға үркіп ауып көшу керек.

Сөздерді байлап берген, алып кепті,
Тілегін Бөгембайдың берсек мақұл,
Көпшілік бұл тілекті қарсы алады,
Сүйтсеңіз нанымды боп қалады.

Сұрайсыз неге батыр несін бізден?

Аққан су, асқар биік бер даланы,
Үш жігіт отыр елдің түрін көріп,
Үшеуі Бөгембаймен келген еріп.

Не десе де көне бер тақсыр деп
Бір адам сөз айтпайды қарсы келіп,
Сөз бітті, осыменен аяқталды,
Қайтадан Қасым, Әлей елге салды.

Нұршабек ел келгенше жатып қалды,
Ел жақсы, жері жайлы, бәрі сайлы.
Тез жетсін, кешіктірмей көшсін,-деді,
Екеуі қайта шауып елге келді.

*Азырақ амандасып отырған соң, ауыл адамдары не
көріп, не білдің,-деп сұрады?*



Бұл жерден Бөгембаймен бардық бірге,
Барған соң тойды көңіл ел мен жерге,
Бір адам қарсы келіп сөз айтпады,
Көрмедік адамзатты мындай ерге.

Ал енді көп тоқтаудың керегі жоқ,
Малды айда, жүкке даяр, көшті тірке,
Үй жығып, түйе қомдап, артты жүкті,
Ілгері малды айдауға салды қартты.

Туған жер, туған елмен қош айтысып,
Шұбатып көшті тіркеп шеру тартты,
Жағалай Сыр су бойын өрлей көшіп,
Бір айда жетті келіп Қарқаралға.

Құлындай елін көріп Нұршабек те,
Қол алып амандасты көпшілікке,
Қайырлы қоныс болсын Құлжамызға,
Арман жоқ қолың жетті: асып текке

Үйіне кеп көк орайда жатты шалқып,
Өрісте төрт түлік мал ойнап қарғып,
Жүрген ел тулақтай боп түзде тоңып,
Бырылдап жылқы суда қаздай қалқып.

Үйіне кеп, елге көшіп орнықтанды,
Көрмейтін болды қайтіп қорлықты енді,
Қалың ел Тарақты мен Темші, Қамбар,
Тай сойып ерулігін алып келді.

Құлжабектің Есім атты құлы бар еді. Үркіп көшіп жүргенде, қойдын шетінде ұйықтап қалыпты. Бір кезде оянып тұра келсе, ел көшіп кетіп қалыпты.

Ендігі сөз Есімнен басталады.

Басында он төрт ауыл жаудан қашты,
Сусыз шөл, нелер қиын таудан асты,
Жолында Жосалының жатқан елді,
Қалмақтың қалың қолы келіп басты.



Жылқыны келген бетте тиіп алды,
Құйрығын аттарының түіп алды,
Аянбай жанкүйерлер соғысқалы,
Жылқының қақ жартысын алып қалды.

Алдына екі жүздей жылқы салып,
Қалмақтар бір шетіне шығып алды,
Кісі өліп, бұл соғыста ат зорығып,
Бұл жаудан бала жылап, ел қорқады.

Ат байлап, жүкті сайлап, қышты қайрап,
Ол жерден түнде көшіп, ел үрікті,
Құлы бар Құлжабектің Есім атты,
Оранып бір жабуға сыртта жаты.

Шаршаған отын алып, бие сауып,
Қорылдап шырт ұйқыда айдын беті,
Сарғайып түндігінен сырғып жылжып,
Күлімдеп көкжиектен таң да атты.

Күн шыға Есім тұрып көзін ашты,
Елі жоқ, Есім сорлы жаман састы.
Сорлы Есім иесіз жұртта күңіреніп,
Гөй-гөйлеп Есім жерге ұрды басты.

Сол жерде Есім сорлы жатты жылап,
Көзінен меруерттей жас домалап,
Қараса жан-жағына көзін салып,
Жүгіріп бір үлкен қой жүр маңырап.

Бас салып ұстап алып қойды сойды,
Сорлы Есім есін жинап, жыйды бойды.
Асулы жұртта қалған қазан-ошақ,
Етті асып, май мен етке әбден тойды.

Қалғанын жегенінен қапқа салып,
Жол жүрсем керек қой, - деп алып қойды,
Қозғалмай сол арада жатты кешке,
Көшкен ел күн батқан соң түсті еске.



Күлазып ку далада өлдім ғой деп,
Ұйқыдан түрегелді сәске түсте,
Ол жерден Есім енді жүріп кетті,
Бел байлап тәуекелге түзеп бетті.
Жүре алмай табаны ісіп құлай кетті,
Күн бата бір шұқырға келіп жетті.
Сол жерде жатып қалды Есім енді,
Далада өлдім ғой,- деп қорқып енді.
Шаршаған жатыр еді ұйқылы ояу,
Қажыған күндіз – түні жүріп жаяу,
Азырақ ұйықтап кетіп, көзін ашса,
Қарандап келе жатыр жалғыз жаяу.
Көрді де Есім енді түрегелді,
Есімнің түрегелгенін ол да көрді.
Екеуі сол арада амандасып,
Жөндерін бір-бірінің сұрайды енді.
Екеуі таң атқан соң, түрегелді,
Екеуі сөз қатысып тілге келді.
Қараса жас келіншек Маралдыдан,
Әйелдің жайын Есім сұрады енді.

Сонда Есімге әйелдің берген жауабы:

Шапты жау біздің бір күн елімізді,
Алмақ боп басып жаншып жерімізді,
Тал түсте бес жүз адам елді қамап,
Жылқы алды, қиып тастап жалымызды.
Соғысты күн батқанша ел менен жау,
Өлтірді мырза шора ерімізді,
Жау жеңіп, ел жеңіліп, амал бар ма?
Қайта кеп қаптап алды барымызды.
Құсша кеп үйге кіріп алды мүлік,
Жай жатқан бейкүнә елге салды бүлік.
«Қатын дер, қашқан жаудан», - деген рас.
Қапысыз ішімізде жүрді күліп.

Қымызды қолмен құйып ішіп жатыр,
Сабаны қанжарменен бір – бір тіліп,
Жан қорғап бір шұңқырда жатыр едім,
Көріп ол жатқан жерден алды суырып.

Жетектеп шетке қарай шықты жырақ,
Беті бар босататын мені бірақ,
Жыладым «босатсайшы ағатай!»- деп
Жалынып мойынынан құшақтап – ап.

Тұтылып жау қолында болдым ғаріп,
Сарғайып қайғыменен аздым арып,
Сол жаудың қорлығына шыдай алмай,
Өзімді тастай алмай өзім жарып.

Сонымен жау қолына болдым пенде,
Амал не шарасыздан көндім мен де,
Бір залым Назар деген мазамды алыап,
Қыңқылдап маза бермей күндіз-түнде.
Қолында сол қалмақтың үш ай тұрдым,
Амал ғып ақымақты алдай бердім,
Бұл жерден не де болса кетейін,-деп
Меңіреу, мылқау, киял ойға кірдім.

Қолыма қамшы, жүген, бір ер алдым,
Толтырып қоржынға сап азық алдым,
Жылқыдан бір жарамды ат мінейін деп
Жылқыға өрістегі іздеп бардым.

Сол кезде ай қараңғы қорғалаған,
Едім мен азығым бар арқалаған,
Жайқалып мені «мін»,- деп кербез басып,
Алдымнан өте берді жорғалаған.

Сол жерде Сары жорғаны ұстап алдым,
Ұстап ап жанұшырып ерді салдым.
Жалма – жан төс айыңды жылдам тартып,
Оңғартып құдай өзін мініп алдым.

Сарыарқа сағындым ғой қайдасың?-деп
Бетімді күншығысқа бұрып алдым,
Елімді тірі болсам табамын,- деп
Санына Сары жорғаның қамшы салдым.

Сыдыртып жорғалатып пәрменімен,
Бой жазып, ұзап шетке шығып алдым,
Атымның басын тежеп, қамшы безеп,
Көзімді таң атқан соң бірақ аштым.

Әрі асып сусыз шөлге шығып кетіп,
Далада өлдім ғой,-деп жаман састым,
Бір сүрлеу жалғыз аяқ жолға түсіп,
Таң ата бір белеске әрең жеттім.

Сандалып ат жүре алмай, тіл күрмеліп,
Алыстан жалғыз шоқы биік көрдім,
Келдім де сол биікке жаттым жылап,
Ағызып қара көзден жасты бұлап.

Жануар жанталасып жерді күшты,
Аз тұрып омақаса құлап түсті,
Ат өліп сол арада жаяу қалдым,
Азықтық сан етінен кесіп алдым.

Арқалап қоржынымды мойыныма,
Бетімен жаһан түзге кете бардым,
Түнедім диуанадай құла түзге,
Көк шыбын үймеледі екі көзге.

Ал енді арманым жоқ, бүгін өлсем,
Кездестім жаным бүгін мына сізге,
Баяндап көргенімді айттым бәрін,
Айтыңыз өз жөніңді енді бізге.

Есім айтты: «Менің атым- Есім»,- деді
Жаркыным: «Өз атың кім?»- деді
Әйел айтты: «Атым- Ажар»,- деді
Елімнің бір уақытта базары едім,

Енді Есім былай,- деп сөз бастады:

Тақыр жер су жайылса көл болмай ма?

Туысқанды туған қуса ел болмай ма?

Біріміз бас, біріміз қас емеспіз,

Қосылсақ екеуімізге жөн болмай ма?

Мехнат түбі, рахат демеп пе еді,

Ақыры қара түнің күн болмай ма?

Адалынан жүректі қосса қатар,

Ісіміздің ақыры оңалмай ма?

Есім, Ажар ертеде болып еді,- деп кейінгілер ертеңгі күн жыр қылмай ма?

Есімнің жауабы:

Руым Кіші жүз, елім Абақ,

Айна би ел аузына болған сабақ,

Көгала түгін салып күндіз-түні,

Шақырып жолаушыға тартар табақ.

Толғанып толқып Ажар түсті ойға,

Толықсып торқа киген күнім қайда?

Көшкенде жорға менен сұлу киіп,

Аққудай сыландаған күнім қайда?

Төбісіп құлын тайдай ойнап жүрген,

Ботадай тату өскен құрбым қайда?

Көл жайлап, орда тігіп, бие байлап,

Қонатын қатар түзеп елім қайда?

Кір жуып, кіндік кесіп, туып өскен,

Жазылған дастархандай жерім қайда?

Жылқы, қой, түйе, сиыр дала толған,

Жайылған тау мен таста малым қайда?

Өткен күн, сол дәуірге қайран қалып,

Отырмын пенде болып мұндай жайда.

Сөзіңді Есім сенің қарсы аламын,

Әзіл де жазған шығар осындайға.

Еркімді бердім,- деді Есім саған,
Кетемін жалғыз өзім енді қайда.

Сонда Есім бір қызарды, бір қуарды,
Баладай емшек берген тым қуанды,
Көшкен ел, көрген бейнет ойдан шығып,
Мас болды, билегендей бірде уанды,

Сол жерден тастан қалап, соқты күрке,
Күркеде Есім, Ажар жаны бірге,
Жабысып сары желімдей қалды екеуі,
Түскендей осы екеуі бір-ақ көрге.

Есімнің бұл жұмысқа көңілі толды,
Мамықтай тастың үсті майда болды,
Күрке қып қалаған тас екеуіне,
Тігілген тоғыз қанат орда болды.

Ол түнгі көрген қызық аян болды,
Қолмен ұстағандай оң мен солды,
Екеуі таң атқан соң жүріп кетті,
Аяңы аттай желіп бүлкілдетті.

Білмепті шаршағанды, шалдыққанды,
Сонымен екі арада он күн өтті,
Түс ауып, бесін төмен түскен кезде,
Малы көп, бір ауылға келіп жетті.

Бір үйге кіріп келді сәлем беріп,
Береді сусын құйып, түрін көріп,
Нәсілің, қай русың, елің кім?-деп
Сұрады қарттау адам бәрін теріп.

Кіші жүз, руым,-деп елін айтты,
Жосалы, Жонды менен жерін айтты,
Қаз ұшып, үйрек ұшып саңқылдаған,
Сар дала, асқар тау мен көлін айтты.

Иесі ел мен жердің Айна батыр,
Егессе ел қорғайтын ерін айтты.

Соғыста қалмақ байлап алып кеткен,
Кеткенін қашып шығып бәрін айтты.

Шал, Есімнің сөзін тыңдап болып, түсіндім сөздеріңді, - деді

Балам, сендерге елің тапқызбайды. Үріккен ел тоқтамайды, - деді

Менің ұлым да жоқ, қызым да жоқ,
Біреуің ұл болындар, біреуің қыз болындар,
Әйелің үйде тұрсын, өзің қой бақ,
Үйді билеп, қолда барды ішіп же.

Сонымен екеуі сол байда тұрып қалды. Сөзіңді әбден тыңдап ұқсам балам, құптасаңдар екеуіңе ақыл салам.

Үріккен ел сендерге тапқызбайды,
Табамын деп әсте де болма алаң,
Өзің мал бақ, әйелің үйде тұрсын,
Адал жүрсең кемшілік болмас балам.

Ойланындар, өздерің ақылдасып,
Айтар сөзім сендерге осы, балам.
Ажар сұлу сонымен үйде тұрды,
Есім енді мал бағып жүре берді.

Қазан асып, от жағып Ажар сұлу,
Қонақ күтіп, жүк жинап үйде жүрді.
Жүрген жүрісі мен ізі тым биязы,
Сеніп қарап кемпір- шал байқап жүрді.

Сол байда бес жыл тұрды малын бағып,
Қазан ұстап, төсегін сілкіп қағып,
Бес жылды бес күндей ғып өткенде Есім,
Көрген жоқ кемпір мен шал бетін қағып.

Сенімді, адал болды екеуі де,
Тазалық мінез – құлқы байға жақты.

Сол жылы буаз болды Ажар сұлу,
Шырағы сөніп қалған қайта жанды.

Толғатып, мезгіл жетіп бір ұл тапты,
Есімді қойда жүрген хабарлапты.
Қуанып Есім сорлы шауып келіп,
Шарана жас бөбекті сүйіп апты.

Қуанып енді Есімнің есі шықты,
Бір қойды қалжасына алып соқты.
Қосымша басқа малды және сойып,
Ел жинап, үш күн ұдай ойын қыпты.

Үш күндей ойын болып, ел тарады,
Мал бақлай, Есім үш күн демалады.
Екеуі оңаша үйде ақылдасып,
Баланың аты енді кім болады?

Ойланып отырды да сөйледі Есім,
Баяғы тура келді көрген түсім,
Түсімде әкем маған айтып еді.

Ұл болса қоярсың деп атын –Көшім.

Баланың Есім қойды Көшім атын,
Ер жетсе Есімнің де қолғанаты.
Үш мезгілақ сабынмен шомылдырып,
Таза ұстап тәрбиеледі бұл баланы.

Бөленіп бесікке енді бала жаты,
Жылу жоқ, емшек іздеп қаны қатты.

Бір күні Ажар сұлу науқас болып,
Ұзамай сол аурудан қаза тапты.

Айрылып анасынан бала қалды,
Бесікте тәрбиесіз шала қалды.
Көшімді бір жыл сүйіп мауқын баспай,
Жалт етіп шам-шырағы сөне қалды.

Арманда алдана алмай Ажар кетті,
Жылаумен Есімнің де көзі кетті.

Ажалсыз адам ұлы өлмес ақыр,
Ержетіп өз бетімен Көшім кетті.

Сонымен Көшім енді елге келді,
Үйретіп бес жасында-ақ тайға мінді,
Жас бала ән мен күйді ойдан алып,
Қисса мен ертекттерді іздеп жиды.

Тез өсті өзін-өзі тәрбиелеп,
Көшім жас бойын сылап киім киді,
Жас бала әсем киді бойын сылап,
Беліне белбеу буды белін қынап.

Үлкенді аға, кішіні ағатайлап,
Майысып жез секілді, бәрін де сыйлап,
Сұлу біткен денесі бейне құндақ,
Жауырыны қақпақтай, бойы сұңғақ.

Көлденеңнен көз салып қарағанда,
Мінсіз біткен мүшесі тым сұлу-ақ,
Қара көз, қыр мұрынды, ақсұр келген,
Ызбарлы мінезі ауыр мыстай келген.

Адамның ішкі сырын оймен білген,
Сөйлесе іштен кіріп, сырттан шығып,
Балқытып бал ағызар қызыл тілден,
Өткір көз, қайтпас жүрек, құрыш білек.

Жүргенде құрбыларының арасында,
Мүшесі жолбарыстай тым-ақ бөлек,
Қайда той, қайда жиын ойын болса,
Түседі балуанға өзі тілеп.

Көшімнің он сегізге жасы келді,
Қайрат күші күннен-күнге басым болды,
Ақ тамақ, алма мойын не сұлумен,
Көргендер құмарланып жақын болды.

Жас Көшім анасынан жетім қалды,
Көңілін кір, көкірегін қайғы шалды.



Аяқтанғанша тектен-тек ас ішкен жок,
Аттыдан жаяу жетіп көкпар алды.

Есеңгіреп Есім сорлы кетіп еді,
Шырағы өшіп қалған қайта жанды.
Сәрсектің 23 жыл қойын бақты,
Зиянсыз Көшім туып пайда тапты.

Қой бағып Есім бір күн жүргенінде,
Есімге үш жолаушы кез келеді,
Қойшыға жолаушылар амандасты,
Сұрасып жөн-жобаны тәмамдасты.

Қай жаққа барасыздар азаматтар?
Бұлардан Есім тұрып жөн сұрады,
Мырзалар, бөлтіріктей жас баласыз,
Көнбесең қоналқадан кеш қаласыз.

Жігіттер, аты-жөнің, руың кім?

Сұраймын, жөндеріңді айт, кім боласыз,

Сұрасаң руымды, елім-Қамбар,

Тауым бар Қарқаралы биік заңғар.

Екі мың жылқысы бар бір өзінде,
Құлжабек елден асқан байым бар,
Таяуда жүзден артық жылқы алғызып,
Жоқ іздеп жүрген аға жайымыз бар.

*Есім: «Құлжабек дегенде, құлағы селт етіп қалып,
Құлжабек деген біздің бір байымыз жаудан үркіп көшіп
кетіп еді, сол емес пе?» - деді*

Білдің бе, Құлжабек деген кім екенін?
Жаз жайлау, қыс қыстауын әм мекенін,
Құлжабек деген бір бай кетіп еді,
Хабарын естіп едік қайда екенін.

Жолаушының берген жауабы:

Ендеше сол Құлжабек көшіп келген,
Әкесі Серік деген былтыр өлген,

Әуелден басқа зарлы адам екен,
Келген соң бес жылдан соң бір қыз көрген.

Аталған осы күнде сұлу Кұлжан,
Мінезі ақыл көркі артық ұлдан,
Бейнесі хор қызындай, жүзі айдай,
Тап биыл 18-ге жасы келген.

Бір байға қатыны өлген бермек болып,
Жақында үш жүз қара айдап алған,
Жолаушы айтты бәрін де жайлап,
Ауылға Есім келді қойын айдап,
Хабарын Құлжабектің естіп білдім,
Іздейін тәуекелге белді байлап,
Баламмен үйге барып ақылдасып,
Іздейін не де болса азық сайлап,

Қой бағып өз үйіне Есім келді,
Әкесін жүдеп келген Көшім көрді.
Осынша жүдеп келдің әке неге?
Мәнісін мен естиін айтшы деді.

Бай болған елімізде Құлжа, Серік,
Қалмақтар мал басына бермеді ерік,
Қолында сол байлардың көп тұрып ем,
Сол байдан әкең келді хабар біліп,

Ол байлар жан сауғалап жаудан қашты,
Бір түнде жоқ боп кеткен үркіп қашып,
Мәнісін мен айтпайын, сен сұрама,
Қалдың деп көшкен елден мұнда неғып.

Мен қалып, олар көшіп кетіп қалды,
Қалған соң таптым келіп Сәрсек шалды,
Кездесіп бір жолаушы бүгін маған,
Жоғалған Құлжабектен хабар алдым.

Атақты Қарқаралы, Қарағайлы,
Тұрағы сол тау деді әбден қандым,

Жоқ еді Құлжабектің ұл мен қызы,
Бар дейді бір сұлу қыз тағы нандым.
Іздеуге Құлжабекті бетті бұрдым,
Бересің қандай ақыл балам маған,
Мен деді, Көшім тұрып жалғыз балаң,
Тоқта деп айтар маған болма алаң.

Шешем жоқ жалғыз әкем сүйенетін,
Мен сізден тірі болып қалай қалам,
Ойланып өсіп-өнген елің болса,
Бетіңді жүрем деген қарсы аламын.
Жүруге Есім, Көшім сөзді байлап,
Азығын киім-кешек қойды сайлап,
Тұрып ем 23 жыл дәмдес болып,
Айтайық Сәрсекке біз, бәрін жайлап.

Екеуі Сәрсек шалға жетіп келді,
Шам жағып тұрған кезде қазан қайнап,
Келген соң Есім, Көшім басын қосып,
Сәрсегің бұл қалай деп отыр ойлап.

Отырып Есім айтты:

Тұрып ем қолыңызда ұлыңдай боп,
Жоғалған Құлжабектен хабар,
Сәрсекке, енді бізге батаңды бер,
Жүремін тәуекел, - деп елімді іздеп.

Сәрсектің Есімге берген жауабы:

Тар жерде кездесіп ең Есім балам,
Үйіме сәлем беріп келдің, балам,
Қолымда 23 жыл дәмдес болып,
Ұлымдай іштен шыққан көрдім, балам.
Көргем жоқ еш жамандық шырақтарым,
Барымды өз қолыңа бердім, балам,
Анық болса ауылыңның тұрған жері,
Іздеме деп мен қалай қарсы болам.

Атыңды мін жараған азығыңды ал,
Қайда барсаң жолдарың болсын, балам?
Дәм татқанға қырық күн сәлем деген,
Еліңді тапсаң есіңде жүрсін балам.

Шешең өліп шырылдап қалып едің,
Ұзақ болсын ғұмырың Көшім балам,
Аман тапсаң еліңді бір соғарсың,
Басқа айтар сөзім жоқ, енді, балам.

Қоштасып Есім, Көшім жүрмек болды,
Жарамды желжетпестен екі ат берді.
Сенімді ұзын жолға жарарлық деп,
Үш жылқы қатар қосып және берді.

Ойланып аз отырып Көшім бала,
Қисаңыз мен мінемін Жетімкерді,
Көшімге Сәрсек айтты: Мін шырағым!
Сынбасын жетім едің сенің сағың.

Мінегін ұлым түгіл, қызым да жоқ,
Отырмын жар басында өлер шағым.
Анаңнан жетім қалып жеттің міне,
Ашылсын қайда жүрсең балам бағың.

Көшім жас ұстап алды Жетімкерді,
Жетімкер басын шұлғып, төсін керді,
Сол жерде маңдайынан бір тәу етіп,
Жетектеп үйге қарай алып жүрді.

А, Құдай, тақымыма құтты қыл, - деп,
Үстіне Есім әбзел, тұрман салды.

Қолда, - деп Қызыр баба, Қырық шілтен,
Осыны нағыз мал деп мініп алды.

Ешкі бас, елік сүйек, болат тұяқ,
Талмайтын ұзын жолда, күшін көрді.
Аяқтай ауыз омыртқа, ұзын мойын,
Бота көз, бөрі тірсек сәнін көрді.



Мүшесі жолбарыстай тұтас келген,
Сынына Көшім жастың дұрыс келді.
Елменен Есім, Көшім қош айтысып,
Екеуі тізе қосып жүріп берді.

Арада 12 күн тынбай жүріп,
Білгелі Қарқаралға жетіп келді.
Бауырын Қарқаралдың көбеледі,
Азырақ жаңбыр жауып себеледі.

Сүйреткен құрығы бар жастау жігіт,
Бұларға шаңқай түсте кез болады.
Екеуі ол адамнан жөн сұрады,
Көп тұрмай ол арада аз тұрады.

Аймағы көркем биік орман деңіз,
Бұл жерді мекен етіп кім тұрады?
Осы тау Қарқаралы деген биік,
Тұрады қарағайы көкке тиіп.

Сырт жағын Құлжабек бай мекен қылып,
Алмайды бір ағашын ешкім қиып,
Кесілген бір шыбықты көріп қалса,
Алады айыпты ғып елді жиып.

Мен өзім Құлжабектің жалшысымын,
Жау алды иен жылқыны түнде тиіп,
Бейсауат жүрген бар ма, тұрған бар ма?
Мен жүрмін сұрау салып соны қуып.

Ал енді өздеріңіз кім боласыз?
Бұл жақта бар ма іздеген жақыныңыз,
Келеміз Құлжабекті іздеп біз де,
Іздеген жақыным жоқ одан өзге.

Ауышын Құлжабектің тура көрсет,
Еш нәрсе сұрамаймыз одан өзге,
Көрсетіп елдің жөнін жігіт кетті,
Аттарын желе шауып екпіндетті.



Сол кезде мал жамырап, қой маңырап,
Ауылға ақшам бата жетіп келді.
Біреуден Құлжабектің үйін сұрап,
Белдеуге атын байлап кіріп келді.

Отырды төрге келіп амандасып,
Қарасып бір-біріне жапаңдасып,
Көрген соң Есім сорлы шыдай алмай,
Көрісті Құлжабекпен құшақтасып.

Баяғы жұртта қалған сен Есім бе?
Әлде өңім, әлде көрген сен түсім бе?
Болыпты көрмегелі 23 жыл,
Ойда жоқ көрем деген сен Есімді.

Ал енді қайда болдың, қайда жүрдің?
Ал Есім көргеніңді баян қылшы
Отырған қасындағы жолдасың ба?
Еркектік тұлғасы бар болмысында,
Жылқыға бастық қылып қояр едім,
Тұратын адам ба өзі ел ішінде.

Басында сіздер көшіп жұртта қалдым,
Далада жалғыз жүріп қатын алдым,
Қаңғырып құла түзде шөлдеп жүріп,
Үйіне кез боп қалдым Сәрсек шалдың,
Малы көп кемпір-шалдың баласы жоқ,
Үйі бүтін, тұрмыс жақсы, уайым жоқ.
Мал менен дүние мүлік түгел біткен,
Баладан басқа малдың қайғысы жоқ.

Ол Сәрсек кесірі жоқ момын текті,
Руы болу керек Манар, Шекті.
Қолында сол Сәрсектің бес жыл тұрдым,
Әйелім бір жылдан соң болды жүкті.
Әйелдің күні бітіп мезгіл жетті,
Толғатып уақыт жетіп бір ұл тапты.

Жас бала бесігінде жетім қалып,
Анасы бір айдан соң қаза тапты.
Сол балам мына отырған аты- Көшім,
Жарығым, жалғандағы жалғыз досым.
Алданыш алдымда жоқ, артымда жоқ,
Сүйетін, сүйенетін жалғыз осым.
Жұртыңа тастап көшіп кетіп едің,
Сонда да іздеп келді Есім, Көшім,
Көріпсіз бір баланы сіз де жаңа,
Өмірі Күлжан жанның ұзақ болсын.

Іздеген мақсатына Есім жетті,
Көрісіп Құлжабекпен көңілі бітті,
Сол Есім бір жұма тыныға алмай,
Қой бағып таз қалпына тағы кетті.

Үйренген қойын бағып Есім жүрсін,
Бетімен ел аралап Көшім жүрсін,
Бір күні үйде отырып Құлжабек бай,
Көшім, сен жылқы бақпай не ғып жүрсің?
Жылқы бақ, атқа мініп құрық сүйреп,
Күндізге құнан, дөнен, асау үйрет,
Қыдырып жылқы бақпай текке жүрсең,
Көрінбей қайтып маған ауылдан кет.

Сонда Көшімнің берген жасауабы:

Мал бағып, бие сауып, отын алып,
Мен саған қызмет істеп жаға алмаймын,
Жұртыңа тастап кетіп, іздеп келіп,
Қойыңды Есім құсап баға алмаймын?
Арың жоқ, ұятың жоқ, сен қарабет,
Өлгенде ит те жемес, сен арам ет,
Жұртыңа тастап кетіп енді дедің бе?
Есімге еткен сыйыңа көп рахмет.

Құлжабек тас-талқан боп ашуланды,
Бетіне түгі шығып қатуланды.
Қолына сарбастаған қамшы алып,
Көшімді отырғанда салып қалды.

Көшім де шыдап енді отырсын ба?
Шап беріп бақанын ол да алды.
Қамшыны қолындағы жұлып алып,
Қақсатып дәл маңдайдан періп қалды.

Басынан қан сорғалап, жер тырмалап,
Құлжабек есін білмей талып қалды.
Шуылдап қатын-қалаш, ауыл-аймақ,
Күңіреніп, бай өлді,-деп ойбай салды.

Ішіне қанын тартып, сұп-сұр болып,
Есіктен саспай Көшім жүре берді.
Ерттеп Жетімкерді мініп алды,
Қолына соғысатын қару алды.

Жұртына тастап кеткен әкесінің,
Ер Көшім жөнін тауып кегін алды.
Құлжабек біраз жатып тәуір болды,
Мырзаға ұрған таяқ ауыр болды.

Бетіне жан келмейтін бүйтпек түгіл,
Бітпестей өле-өлгенше ауыр болды.
Көшімге көрінген ел құрмет етіп,
Сескеніп не дұшпаны бауыр болды.

Ер Көшім осыменен жүре берсін,
Бетіне адам қарсы қалай келсін,
Бұл Көшім топ ішіне ойнақтаса,
Демейтін болды халық, қалай жүрсін.

Көшімнің кем демейміз бұл табысын,
Өзіне сойыл қылды өз қамшысын,
Ал енді құлақ салып тыңдаңыздар?
Елдегі Құлжан қыздың әңгімесін.

Атығай Қарауылда Кеншімбай деген байдың қатыны өліп, Құлжабек қызын берсін,-деп кісі жіберіпті.

Төлін қоспай үш жүз қара берем депті. Құлжабек қызын бермек болады. Кеншімбай байдың жасы 60 та болуы керек

Сол күнде бір бай болған Кеншім деген,
Тәкаппар ешбір жауды менсінбеген,
Төріне төрелерді отырғызып,
Қараны қарапайым менсінбеген.

Кесірлі Кеншімбайдың қатыны өліп,
Құлжабек қызын маған берсін деген,
Беретін үш жүз жылқы қалың малым,
Аз десе көп кекілді жылқы берем.

Бір әйел кемшілігім осы күнде,
Мінім жоқ, мүшем түгүл құйрық-жалым,
Басы бос Құлжабекте бір қыз бар деп,
Айтады алыс-жақын дос-жараным.
Көргендер ақыл-көркі түгел дейді,
Сондықтан мен де соны қабылдадым.

Бар еді Кеншімбайдың бір інісі,
Немере жақын туыс сол інісі,
Кеншімбай бір нәрсеге ашуланса,
Ашуын алады екен інісінен.

Шақырды сол жігіттің аты-Тұрсын,
Іздемей маған әйел не ғып жүрсің?
Бар дейді Құлжабекте бір сұлу қыз,
Сөйлесіп Тұрсын соған барып келсін.

Көңіліне қыз ұнаса құда болып,
Шырағым, өз көзіңмен көргенің жөн,
Тұрсынжан, қыз ұнаса мал аяма?
Алып кел, қолыңда ғой барды берсең.

Кеншімбай Тұрсын сөзін қабыл алды,
Қасына басшы, қосшы бес кісі алды,
Мінгені өңкей жүйрік теке жаумыт,
Ауылдан алтау болып шыға салды.

Үш қонып төртінші күн дәл бесінде,
Аулына Құлжабектің жетіп келді.
Ауылға келген бетте түсті аттан,
Төрт түлік малдар да бұғып жатқан.

Аппақ үй шағаладай оюлаған,
Зерлеген жібек кілем жайнап жатқан,
Көгала түгін салып ас бергендей,
Бұрқылдап ет қазанда қайнап жатқан.

Азырақ амандасып отырған соң,
Құлжабек, жол болсын, - деп жөн сұраған,
Жөнімді сұрасаңыз – Атығаймын,
Тары жоқ ішімізде бірыңғаймыз.

Ағам бар Кеншім деген өзіндей бай,
Ішінде Атығайдың ең маңдайымын,
Ағамның өткен қыста әйелі өліп,
Сол үшін ел аралап қыз іздеймін.

Сізді іздеп келдік міне төрт- бес кісі,
Жылқым бар жолбарыстай шұбар ала,
Келіссек құда болып мал жетеді,
Беремін төлін қоспай үш жүз қара.

Естілді ел құлағы елу деген,
Бар дейді Құлжа сізде бір қыз бала,
Жол жүріп, ұзын сапар, ат терлетіп,
Әдейі іздеп келдік соған бола.

«Тас ауыр, түскен жерге», - деген сөз бар,
Өзің біл ендігісін Құлжан аға.
Балалар сөзің дұрыс ұқтым бәрін,
Біледі елдің бәрі бір қыз бәрін.

Отырмын қызда болса, ұлдай көріп,
Алданыш ашу басар жалғыз жаным,
Малға бай дегенменен ол болмайды,
Айтындар қанша малды келдің алып,
Алыстан ат терлетіп іздеп кепсің,
Ал енді сөйлеселік қалың малын.

Отырып Тұрсын айтты сөзім сара,
Жылқым бар қара шұбар өңкей ала,
Келіссек сізбенен біз мал жетеді,
Беремін төлін қоспай үш жүз қара.

Өздерің ақылдасып сөзді байла,
Балаша тастамайық сөзді шала,
Келісіп екі жағы құда болды,
Тұрсынның Құлжабекке көңілі толды.

Ат шауып, көкпар тартып, ойын тарап,
Сый тағып, құдаларға киіт берді.
Құлжабек 15 жігіт қасына алып,
Тұрсынмен мал алуға бірге жүрді.

Төрт қонып екі араға тынбай жүріп,
Аулына Кеңшімбайдың жетті келіп,
Жіберді Тұрсын елге бір жолдасын,
Үй тігіп, жабдықтарын тез қамдасын.

Есіктен төрге шейін кілем жайып,
Теңгедей кілем жетпеген жер қалмасын,
Үй тігіп, саба орнатып дайындалсын,
Ұят боп, Кеңшім аты қор болмасын.

Тапсырып Тұрсынекең қала берді,
Жалпылдап Жәдігер де шаба берді,
Елпілдеп тақиясын қолына алып,
Құдалар, келеді, - деп хабар берді.

Айтқанша үйді тігіп даяр болды,
Кілем сап, көрпе жастық сайлап қойды.

Шыңғыртып семіз тайды алып келіп,
Алдына тіккен үйдің байлап қойды.
Кешікпей біраздан соң құда келді,
Оңаша тіккен үйге түсті енді.
Жапырлап құдалардың атын ұстап,
Құрметпен өңкей мырза үйге кірді.

Сүйенген мамық жастық арқасында,
Шалқайып қоразданып отырды енді,
Өкіртіп алып келіп тайды сойды,
Қосымша боз қаскадай қойды сойды.

Болыскей самаурынды күжілдетті,
Бүкіл ас тағамдарды жасап қойды.
Сапырып сары қымызды алып келіп,
Бас қосып, ауыл құда әбден тойды.

Құдалар бес күн жатты Кеншімбайда,
Жүреміз ертең ерте малды байла,
Жүретін бізбен бірге мал айдасып,
Бір-екі жігіт пенен атты сайла.

Еті арық, төсі тары мал болмасын,
Түбінде күйеу құдам, оны да ойла,
Жейтін мал, айдайтынын сайлап қойды,
Аттарын ерте ерттеп байлап қойды.

Жылқыны жау тигендей айдап келіп,
Шетінен үш жүз жылқы бөліп қойды.

Жылқыны аралады Құлжабек бай,
Бәрі ересек қосылған жоқ бір құлын-тай.

Жылқының түрін көріп Құлжабек бай,
Көңілі Құлжекеннің болды енді жай.
Жүруге дайындалды атын ерттеп,
Сөйледі Құлжабек бай даусын кернеп.

Ендігі міндет бізде күйеу, құдам,
Шақырды, бәрің тойға келіңдер,- деп.

Сөз бітті, қош айтысып, атқа мінді,
Құлжабек қызын сатып көңілі тынды.

Айдатып үш жүз жылқы Кеншім қалды.
Белгісіз не боларын ертең күнде?
Жарысып боз-балалар күліп ойнап,
Ауылға жетіп келді, жылқыны айдап.

Болсын деп мал қайырлы ел жиналып,
Жабыла келіп жатыр ауыл-аймақ.
Бұл іске Құлжан сұлу риза болмай,
Отырды сұп-сұр болып іші қайнап.

Малды әкеп Құлжабек бай жатты жайға,
Оңбаған жалғыз қызын сатып тайға.
Кел деген уәделі күні бітіп,
Кеншімбай кеңінен толғап жатты майға.

Ағайын туысқанмен ақылдасып,
Жүруге Кеншім енді кірді ойға.
Кеншімбай он жігітті қасына алды,
Кәрі емес бөлтіріктей жасын алды.

Далада ел болмаса қонамыз деп,
Түйеге азық артып, шатыр алды.
Ие бол малдарыңа салақ болмай,
Деді де шеру тартып кете барды.

Ауылдан бұлар шығып жүріп кетті,
Баратын елге қарай түзеп бетті.
Арада күндіз жүріп, түнде жатып,
Аулына Құлжабектің келіп жетті.

Кеншімбай бір жолдаспен түсіп қалды,
Сегізі іріктеліп елге барды.
Отыр,-деп күйеу келіп анау жерде,
Жасырын жастарына хабар берді.

Сегізі түсті үйге атын байлап,
Төселген кілем, көрпе жатыр жайнап,

Күйеуге қыз- келіншек келіп жатыр,
Қызыққа батамыз деп күліп- ойнап,
Күйеуге қыздар келіп амандасты,
Күйеудің түрін көріп жаман састы,
Күрсініп өңіріне қарағанда,

«Көтек» —деп үріккен ғой қыздар қашты.

Қыздардың күлгеніне ашуланып,
«Қап енді» өңкей шайтан деді албасты,
Оқшырайып жақындамай қыздар тұрды,
Бұқадай құжырайтып мойнын бұрды.

Мынадан алып келген малы күрсын,
Күлжанды бұған тисе құдай ұрсын,
Іліккен ел аузына есіл Күлжан,
Болмаған елін баққан күшік құрлы.

Күйекті, ақ бурыл сақалы бар,
Қой қожыр, қотыр тайдай беті шұбар,
Жылқыдай сақаусыған қыр- қыр етіп,
Қорылдақ, ашушаңдай мінезі бар.

Ауылға қыздарменен жүре берген,
Кіргізіп алып келіп оңаша үйге.
Бір көрген қыздар мұндай шошығанда,
Болады Күлжан көрсе қандай күйде.

Мал сойып, самаурындар жатыр қайнап,
Жиналып қыз- бозбала отырды ойнап,
Әншілер домбырасын күйлеп алып,
Соғуға әдемі әнді қойды ыңғайлап.

Азырақ ойнап- күліп отырған соң,
Жасады дастарқанды, шай да қайнап,
Тарандар, дәм жеген соң төсек салсын,
Меймандар, шаршап келген демін алсын.

Хабарлап жан- жақтағы елдің бәрін,
Жиналып ертең кешке ойын болсын.

Ойын жоқ, үйді- үйіне ел тарады,
Естісе бұл жиыннан кім қалады.

Мезгілсіз асыққанмен күн батады,
Еңкейіп кешке айналып күн барады,
Жарық күн күңгірт тартып барады ақыр,
Жиналды қыз- келіншек қызыл- жасыл.

Жоғары, төменгі елден қыз- келіншек,
Пар жегіп, пәуескемен келіп жатыр,
Қасыма қызды қашан әкеледі деп,
Ішінен Кеншім күйеу ойлап отыр.

Мамырлап қоңыр қаздай Күлжан келді,
Отырған ел түрегеліп орын берді.
Орнынан атып тұрып Кеншім күйеу.
Аман- есенсіз бе?- деп қолын берді.

Түңіліп, түсін көріп сұлу Күлжан,
Қапа боп, қасын керіп жылай берді.
Отырды сұлу Күлжан орын алып,
Ішінен құса болып қайғыланды.

Келтіріп құлак күйін ән салуға,
Ыңғайлап домбыраны қолына алып,
Таңғалып Кеншімбайдың болмысына,
Көзінің анда- санда қырын салып,

Сен неге отырмайсың қасыма деп,
Шап берді Кеншім күйеу шаштан алып,
Мынау бір оңбаған ғой ойыны жоқ,
Деп отыр жиылған көп аң- таң болып.

Күйеудің мінезіне шыдай алмай,
Кейбіреу жұдырықты қалды салып,
Жанжалды қойындар деп тоқтау айтып,
Есіктен Құлжа келді айғай салып.

Токтатып елдің бәрін кетті Құлжа.
Кеншімбай ыза болып бұл қорлыққа.

Көпшілік Күлжанға айтты, өлең баста,
Жиында айтушы ең ғой бұдан жаста.
Күйеужан, бұл ашудан түк өнбейді,
Ашуды екі жақ та бірдей таста.
Көрсетіп Күлжан сұлу төкті жасты,
Бері қарап күйеу шалың керді қасты.
Арманда жас өмірім өттің бе? - деп
Көтеріп көкке өрлетіп әнге басты.
Түседі күздің күні жерге қылау,
Мен сорлы арманым көп, күнде жылау.
Жасымнан Күлжан сұлу атанып кеп,
Не болар менің халім ел жұртым-ау?
Сорғалатып қара көзден жасты төккен,
Сұлудың әнге қосқан сөзі мынау.
Күйеу келіп қызыққа батам дедің елім-ау,
Құбыжық па қорқытар қарашы халқым түрін-ай,
Күйеуі деп Күлжанның деген едің елім-ау,
Адамзат па бейнесі күшігендей көдесі.
Мына сұмның қасында отырам қалай жұртым-ау,
Сен қарақұс, мен аққу ілдірмеймін шалым-ау,
Өңім түгіл түсіме кіргізбеймін шалым-ау.
Көргеніңе мәз болып, қайта бер сорлы еліңе-ау,
Құбылтып шырқап сұлу көтерді әнді,
Қажытты мұңлы Күлжан барлық жанды.
Көзінің бір күрсініп жасын сүртіп,
Көп сөзбен Күлжан сұлу тоқтап алды.
Көпшілік Күлжанға айтты: «Қой, шырағым»
Өксітіп өміріңді көпжыладың.
«Батамен ер, жаңбырмен жер көгерер,
Шулатып екі жақтың аралығын».
Сөз тоқтап, осыменен тынышталды,
Қосылып басқалары әнге салды.

Отырды қыз- бозбала араласып,
Әр жерден жағып қойып панар шамды.
Ән салып екі- екіден отырды енді,
Жағынған иісімаймен өңкей сонда,
Ер Көшім Құлжабектің басын жарып,
Келмеген бұл ауылға содан бері.

Күйеуді жиын тойда көремін деп,
Жас Көшім үш жігітпен кіріп келді.
Үшеуі «кеш жарық», -деп тұра қалды,
Құрметтеп отырған ел ортаға алды.

Сүйікті махаббаты азаматтың,
Сыпайы жақсы сөзбен қалжың болды.
Лебізін Көшім жастың естиміз деп,
Сырланған домбыраны алыпберді.

Ал Көшім домбыраны қолына алды,
Келтіріп құлақ күйін бұр бұрап алды,
Көтеріп, «Қыз қаратпай» деген әнді,
Көтеріп көкке өрлетіп шырқап салды.

Көшім жан- жағына қарап алды,
Ішінен Кеншімбайды сынап қалды,
Көтеріп «Керім-айды» таңдап алып,
Көтеріп күйқылжытып өрлей салды.

Қызы едің Құлжабектің жалғыз тауық,
Мереке ел жиналған сіздің сауық,
Әкеңе риза екенің Кұлжан сұлу,
Беріпті арманың жоқ теңінді тауып.

Білетін қадіріңді тым жас екен,
Денесі үлек бурадай тұғас екен,
Кұлжан жан, қайда барсаң жетімдік жоқ?
Күйеуің Құлжекеңмен құрдас екен.

Мақал бар: «ат ерінді, ер мұрынды»
Сүйегі бұқа мүше, тұтас екен.

Күлжан жұмбақтан Көшімге мына өлеңді айтты:

Бұл айтқан Көшім сенің сөзің ауыр,
Менде жоқ бір інішек, дос, туған бауыр,
Бетіме оның несін басасың Көшім,
Өтіпті бізден бұрын талай дәуір.

Жаманның жақсы сөзін кешпей ме екен?

Іштегі шерді жақсы шертпей ме екен?

Басында миы толып, ақыл кіріп,

Жас өсіп, жарлы байып, өспей ме екен?

Шулатып үйдің көшін ұзақ тарта,

Жанды адам мақсатына жетпей ме екен?

Биік киіктей боп үйінен шықса,

Алдынан есігінің күтпей ме екен?

Қайығын тәуекел деп суға салса,

Мұхиттан, теңізден де өтпей ме екен.

Ашуын ағасының ішке сақтап,

Білімді ер, ақылы бар текті ме екен.

Өлген жан қарыс бойы көрге түсер,

Тірі жан дүние жүзін кезбей ме екен.

Ойын ғып айтып Күлжан жұмбақ сөзді,

Төңкеріп көлгір қадап екі көзді.

Сезілді отырған көп шуылдасып,

Тигізген сөзді өзіне Көшім сезді.

Сол түні ойын болып ел тарады,

Қапа боп сорлы Күлжан қорланады.

Қолына қалам, дәуіт, қағаз алып,

Көшімге мұңын шағып хат жазады.

Жалынды хат жазамын Көшім сізге,

Түспей ме қисық ағаш құрған тезге,

Белгілі қыздың байы мал екені,

Қор қылмай жігіт болсаң мынау ерге.



Атымды Күлжан деген жаздым хатқа,
Бінді нокта таңба біздің басқа,
Қосылмай өз теңіме кетемін бе?
Қызықты қызғалдақтай деген жаста.

Адамзат қиындықтың көрмек бәрін,
Ажалдан құтылмайды қайда қашса,
Бір шалы Атығайдың алып кетсе,
Намыс қой, сіз секілді жігіт жасқа.

Ұстадым бер, - деп білек етегінді,
Сендім мен бар деп сенде ерлік нұсқа.
Жыраққа жылдам жылжып ұзап кетсек,
Кетпей ме есалаңдап енді шошқа?
Жабыстым ерлігіңе Көшім сенсең,
Сөзім жоқ қайтып жазар мұнан басқа.

*Көшім Күлжанның жазған қағазын алып оқып
көріп, қайтарған жауабы мынау:*

Тиді Күлжан жазған хатың қолыма,
Бердім басты Күлжан сенің жолыңа,
Шетке шығып жерге тығып кетемін,
Түйсең сөзді, тисең ақыр қолыма.

Қалсын ұлып, игтей болып доңыздар,
Қыз алам деп сенген байлар малына,
Жетімкерді мінем байдан астыма,
Алам сені құдай жазса қасыма.

Жеріңе сенің өлген мен де өлмен,
Қайғырып енді Күлжан көп жылама,
Жортамын жолбарыстай Жетімкермен,
Алысам әр сәтте енді азулымен.

Атығай, Қарауыл бойы жиылса да,
Ел шауып, ер ұлдарын жоқ қыламын.
Сөзінді анық берсең Күлжан маған,
Екі елді сергелдең ғып той қыламын.

Мынадай ие болсаң өз сөзіңе,
Дайындал, ал кетейік ертең кешке.
Сөйледі Көшім енді сөзді қысқа,
Болмайды кешеуілдеу енді босқа.

Қайтпаймын өліп кетсем бұл ниетімнен,
Тосатын ертең кешке жерді нұсқа.
Шаттанды Күлжан сұлу оқып хатты,
Шекердей Көшім сөзін көрді тәтті.

Ойланып, көп толғанды осы сәтте,
Меңіреу түпсіз терең ойға батты.
Табыспақ айтты Күлжан Құрөзекте,
Ұстатам ертең күндіз Сүркөжекте,
Ертемен азық- түлік сайлап алып,
Даяр бол табысамын сол өзекте.

Сол күні ұстап алды Сүркөжекте,
Ұстап ап әсем әбзел, тұрман салды.
Толтырып қоржынға салып асылдарды,
Реттеп иесіз үйде салып алды.

Алтын бар бұрын жатқан бота мойнақ,
Түбінде керек қой деп оны да алды.
Таң атып, күн бататын мезгілінде,
Еңкейіп кешке айналып күн де батты.

Ел жатып, көз ұйқыға барған кезде,
Ерттеп Сүркөжекке мініп алды.
Дегенмен ойнап күлген елі киын,
Бұзылып біразырақ жылып алды.

Жұбатып өзіне-өзі қайрат беріп,
Орғытып кош, - деді де кете барды.
Көшім де бұрын келіп отыр екен,
Үстіне бұрқыратып жетіп барды.

Қосылып екі ғашық кетті жүріп,
Дүбірі дүрсілдетіп жерді жарды.

Елсізге шықты екеуі еркін жайлап,
Қосылып екі ғашық күліп-ойнап.
Түлкідей түнде жортқан кетті екеуі,
Бір кезде таң да атты, торғай сайрап,
Күн шыға бұлар жетті бір өзенге,
Тынығып ат шалдырды сол өзенге.
Жорытқан жолбарыстай түніменен,
Ақ көбік мінген аты батқан терге.
Қаңтарып қос жүйрікті қойған байлап,
Қоржынның шатырды алып тікті жайлап.
Құралайы киіктің лағындай,
Айқасып, аймаласып отырды ойнап,
Шатырды тігіп алып бұлар жатты,
Суығып, ерін алып жіберді атты.
Алыс елден қашықта екі ғашық,
Сақтаулы махаббаттың дәмін татып,
Алысқан түлкі менен бүркіттей боп,
Жабысып бірін- бірі құшып қатты.
Күн батты, жүрді олар атын ерттеп,
Жүйріктер жер тарпынды, жүрші жүрлеп,
Сарғайып таңның шеті көрінгенде,
Қосшоқы, таяй берді мұнда кел деп.
Шақырған Қосшоқыға бұлар келді,
Сол кезде күн де шығып, жер түрленді.
Биік тау бекінуге ағашы көп,
Жатуға бірер жұма тура келді.
Жайлады Қосшоқыны еркін жатып,
Теріп жеп, жемістерін дәмін татып,
Ол тауда құс пен құлан қол сақадай,
Азықтық алып жейді аңын атып.
Белгісіз не боларын осы сапар,
Жан ашыр жақыны жоқ ақыл табар.

Қауіпсіз Қосшоқыда жата тұрсын,
Алайық кейінгі елден енді хабар.

Қосылып екі ғашық елден қашты,
Көрмеген нелер қиын шыңнан асты.
Кетіпті Кұлжан жоқ, - деп біреуменен,
Құлжаға бір адам кеп хабарлапты.

Кеншімбай, Құлжабекке кісі салды,
Қарайып қаһарына мініп алды.
Табындар, не қылса да жесірімді?
Шақырып елді түгел жинап алды.

Жіберген осы қызды өздерің деп,
Атына ашуланып мініп алды.
Еліңді үрпекбаста шабамын деп,
Бұрқылдап бурадайын айғай салды.

Тоқтамай ел адамы ізделік деп,
Табылса қолыңа әкеп берелік деп,
Ереже бұрынғының жолыменен,
Таппасақ қайтып келіп көрелік деп.

Келісті осы сөзге екі жақта,
Бір құлмен қашып кету дұрыс- ақ па?
Кездесе жоқ қылындар бір- ақ атып,
Онсыз да өлгенім жоқ бала жоқта.

Сайлапты отызжігіт атын баптап,
Найза алды қолдарына ұзын саптап,
Биікке қарауылдап тауды қағып,
Бетке алып Қосшоқыны жүрді қаптап.

Өлкені өзен аққан өрлеп шапты,
Білмейді жатқан жерін бұлар нақты.
Қуғыншы көлге жақын тура келіп,
Екі аттың судан өткен ізін тапты.

Жиналып қуғыншылар ізге кеді,
Кенесіп көпшілігі ақылдасты.

Қосшоқы беті болды қашқындардың,
Биік тау, бекінісі көп сонда болды.

Бұрылмай Қосшоқыға тік баралық,
Қашады бұрын көрсе көз салалық,
Көшім де оңайлықпен қолға түспес,
Бағытпен бұрын барып тірі алалық.

Отызы ақылдасып тура салды,
Мінгені өңкей жүйрік барып қалды,
Екі атты отта жүрген көріп қалып,
Лап қойып атқа қарай тұра шапты.

Шатырда жатыр еді Көшім, Күлжан,
Айғай сап қуғыншылар келіп қалған,
Ұйқы мен өлім бірдей деген осы,
Жатқанда екі жасты басып қалған.

Есіл ер қолға түсіп пенде болды,
Қызығы екі жастың аз – ақ болды.
Көшімді ұрып – соқты қолын байлап,
Қамшылап есіл жасқа азап қылды.

Көшіммен тағы бірге жатсаңшы деп,
Күлжанды жеңнен тартып мазақ қылды,
Жас Көшім талып жатты есін білмей,
Өлмейді адам ұлы ажал келмей.

Қолымен бері отыршы дегендей боп,
Күлжанға қарай берді қолын сермеп,
Отырды Күлжан сұлу көзі жайнап,
Көшімді талға апарып қойды байлап.

Көшімді байлап тастап, Күлжанды алып,
Жарысып жеңген жаулар қайтты ойнап,
Есіл ер иесіз тауда қала берді,
Қызығын Көшім жастың дала көрді.

Күлжанды жайдақ атқа мінгізіп – ап,
Жарысып, уылдасып елге келді.



Қуғыншы елге келді Кұлжанды алып,
Келіндей жаңа түскен болды ғарып.
Қор қылдың тумай кеткір құлмен қашып,
Құлжабек тұра ұмтылды мылтық алып,
Тоқтатты Құлжабекті ел жабылып,
Кермеге байлап қойған аттай болып.

Кұлжанды алып елге кетемін деп,
Ішінен Кеншім батыр тұр ойланып,
Көрсетіп бұл жәбірді маған енді,
Бетіме өлсем кетпес таңба болды.

Құлжабек өз сақалын өзі жұлып,
Ақырып елдің бәрін жинады енді.
Шақырды Кеншімбайды келсін мұнда,
Қашқындар қара басып түсті қолға.

Жүріңдер ертең ерте бетті түзеп,
Қызға енді көрдіңдер ғой сенім бар ма?
Жүруге ертең ерте даярланды,
Қайғырып ғаріп Кұлжан капаланды.

Елестеп Көшім жары көз алдына,
Кұлжанның іші – бауыры от боп жанды.
Бекінді Кұлжан сұлу белін буып,
Ыстық жас көзден аққан бетін жуып,
Сөз қатпай атқа мініп жүзін бұрды,
Ата-ана, ел - жұртына көңілі суып.

Жүк артып көшкен елдей тізді нарды,
Құлжабек Кеншімбайға берді барды.
Кеншімбай Құлжабекке кісі салып,
Қайындатып Жетімкерді қалап алды.

Көңілі өсіп, елдей көшіп, жылжып қонып,
Ұзамай қуанышпен елге барды.
Кеншімге Кұлжан сұлу таянбайды,
Көшімнен басқа нәрсе ойламайды.

Басынан болған істің бәрін айтып,
Жиналған көпшілікке баяндайды.
Кеншімбай Күлжанды әкеп көңілі бітті,
Сонымен екі ортада көп күн өтті.
Күніне бес биенің сүтін беріп,
Кеншімбай Жетімкерді баптап жүрді.

*

Көшімді Күлжан сұлу сүйіп қашқан,
Кетпейді күндіз-түні көзі жастан.
Байланып Қосшоқыда жалғыз қалған,
Алайық енді хабар Көшім жастан.
Байлаулы Қосшоқыда Көшім қалған,
Кетпейді күндіз – түні көзі жастан.
Босансам бұл байлаудан аман болып,
Қалар ем жас жанымды мынау жалған.
Қапаста торға түскен түрім қандай,
Отыр – ау, көзі жайнап шіркін Күлжан!
Көшімді байлап кеткен бір түп талға,
Шама жоқ, қиыншылық, нашар халда.
Маңында маса-шыбын ызылдайды,
Көрмейді ұшып жүрген қара қарға,
Көшімнің қайғы толды жан-жағына,
Өлімнен екіталай қалмағына.
Әрі аштық, әрі әлсіреп ой қажу боп,
Ажалдың іліндім бе қармағына?
Ой шіркін, нашарлады-ау менің халім,
Құшақтап Қосшқының бір түп талын.
Мейірімсіз ажал шіркін келіп қалса,
Көмусіз қала ма? - деп есіл тәнім.
Болдың ғой өң мен түстей Күлжан жарым,
Бара ма құлағыңа менің зарым?
Бір көрсем, Күлжан сенің дидарыңды,
Бір мінсем Жетімкерге жоқ арманым.

Ұшырып зәре-күтын Атығайдың,
Бір шапсам үрпекбасты шуылдатып.
Сол кезде күн көтеріліп болды сәске,
Күн қайтып бесін төмен түскен кезде.
Жан-жағын қайғы қамап жатқан ердің,
Бір-скі көгершінге көзі түсті.

Көгершін ұшып келді қанат қағып,
Ер Көшім көріп жатыр оны бағып,
Хат жазсам Күлжанға арнап берер ме екен?
Жіберсем қанатына мықтап тағып.

Қасыма бұл көгершін келер ме екен,
Мұңымды айтар едім бәрін шағып,
Көгершін бір терекке болды қонақ,
Отырды бір сілкініп жүнін тарап.

Айқасып, аймаласып тұмсығымен,
Екеуі қатар қонып бойын сылап,
Байлаулы талда жатқан Көшім
Көреді тамаша ғып бәрін қарап.

Көшімнің ішке толды қайғылары,
Істеген жауыз байдың зияндары.

Ер Көшім зарын қосып көгершінге,
Сондағы ердің мынау айтқан зары:

Қос көгершін ұшып кеп, қондың ағаш басына,
Дұшпанмын ба мен саған, келмейсің бе қасыма?
Мен де сендей ойнадым, Қосшоқыны жайладым,
Маған түскен ғаріптік, сенің де түсер басыңа?

Қос көгершін шошыман, байлаудан мені босатсаң,
Босатсаңдар байлаудан, өлгенімше болам дос.

Құтылмайды адамзат, жаралған соң ажалдан,
Көре алмаспын Күлжанды, шыға алмаспын орманнан.
Өткені ме жас өмір, қызық көрмей жалғаннан,
Шешем өліп шырылдап, жетім қалдым жасымда,
Бұл қасіретті көргенше, өлмедім неге басында,
Босататын байлаудан, жан ашыр жоқ қасымда.



Жан ашитын емшектес, бірге туған ағам жоқ,
«Құлыным», - деп қорғайтын, өзім туған шешем жоқ,
Ғаріп болдым қалжырап, тұруға да шамам жоқ.

Жаудан қайтпас тас жүрек, арыстандай ер едім,
Қой бастаған серкедей, той бастаған сері едім.
Бұл уақытта мен сорлы, елтірілік бағам жоқ,
Көмір сөніп күл болды, келетін қолдан амал жоқ.

*Қосшоқының сырт жағында, бір соқпа ел қонатын
/қонып кететін суы бар еді Осы судың бойына Бәсентіні
Сырым деген бір нәрсеге өкпелі болып, осы судың бойына
көшіп келген еді.*

*Сырымның Әмза деген қойшысы бар еді. Қойшы қой
жайып жүріп, Көшімге кез болады.*

Сырт жағы Қосшоқының жазық дала,
Аққан су, ащы- тұщы жері жаңа,
Кететін қонып- түнеп белгілі су,
Қонатын әрқашанда елге тура.

Руы Бәсентін Сырым деген,
Сырымға ел адамы қырын келген.
Ері өлген бір әйелге талас болып,
Өкпелеп осы суға көшіп келген.

Сол жерге бірер жұма мал оттатты.
Үйіне кеп бие байлап, қағып көгін,
Сырымның бір қойшысы бар Әмза деген,
Ағасы ол Әмзаның Хамза екен.

Байларға жалшы атанып бағынбайтын,
Нашардың талай жерде қамын жеген.
Нашарды байлар зорлап қанағанда,
Байлардан талай рет алған кегін.

Байлардың көнбей кеткен қорлығына,
Бірақ та біле алмадым арқа тиген.

Кой жайып Қосшоқыға Әмза келді,
Бауырға койды тастап жүре берді.

Басына Қосшоқының шығып тұрып,
Жан- жаққа Әмза тұрып көз жіберді.

Бауырға қой тойынып келді қайта,
Жайылып жатты жусап қайта өтіп.

Аз тұрып енді Әмза аттан түсті,
Шешіп ап қанжығадан сусын ішті.
Масадай ызылдаған бір нәрсені,
Құлағы естиді де атып тұрды.

Көп тұрмай Әмза шапшаң атқа мінді,
Денесі көрінеді адам үнді.

Биіктен енді Әмза төмен түсті,

Жын-шайтан бар ма?- деп зәресі ұшты.

Қамшылап Шабанкерді келе жатып,
Байлаулы Көшім ерге көзі түсті.
Көшімге жетіп келді Әмза көріп,
Көшім де жылай берді тілі күрмеліп.

Байлаған қол-аяғын талға керіп,

Әмза тұр қорқыңқырап қайран қалып,

Көшімнен Әмза тұрып тіл сұрады.

Жарқыным аты-жөнің кім болады?

Байлаулы елсіз тауда неткен жансың?

Шегініп кейін тұрып жөн сұрады.

Әмзаны жылай берді Көшім көріп,

Тезірек босатсайшы мені шешіп.

Айтайын босанған соң көргенімді.

Жатырмын ақиықтай торға түсіп,

Секіріп Әмза шапшаң аттан түсті,

Арқанды пышақпенен турап кесті.

Байлаулы неше күндей жатқан ерге,

Қойшыны кез келтіріп сәті түсті.



Босатып ер Көшімнің қолын шешті,
Құтылып бұл шырмаудан көңілі өсті.

Аш жатқан неше күндей халі кетіп,
Құйғызып саптаяктан сусын ішті.
Талықсып аз отырып есін жиып,
Сөйледі бастан-аяқ көрген ісін.
Мінгесіп Әмза, Көшім Шабанкерге,
Жайылып жатқан қойға қайта келді.
Қойды айдап күн батқанда Әмза келді,
Көшімді өз үйіне алып келді.

Жарық жоқ, ала сәуле үйдің іші,
Төрге әкеп құрметпен отырғызды.
Көшімді өзі шешіп алып келген,
Жатқанын қиын халде көзі көрген.

Естірміз әңгімесін есін жисын,
Ауылы бұл жігітке сусын берсін,
Сусынға қанып алды, шөлдеп келген,
Білмейді үйдің іші Әмза келген.

Кетпей ме қасқыр жеп те бір тоқтыны.
Қонаққа бір тоқтыны сойып берсек,
Әкеліп бір тоқтыны алып ұрды,
Сорпа ішіп, етке тойып халі кірді.

Баяндап көрген небір оқиғасын,
Ақтарып ішіндегі қайғы-шерді.
Айтады атасының құл болғанын,
Ерік жоқ, бай қолында тұл болғанын.

Бесікте анасынан жетім қалып,
Ержетіп, есі кіріп ұл болғанын.
Әкесін жұртқа тастап Құлжабек бай,
Анасына елсіз жерде кез болғанын.

Екеуі Сәрсек деген байға жүріп,
Далада жолаушыға кез болғанын.

Есігіп Құлжабекті жолаушыдан,
Іздеуге Құлжабекті бет алғанын.
Сәрсектен ұлықсат алып, жайын айтып,
Мінуге, азық-түлік ат алғанын,
Жебелеп Жетімкерді мінейін деп,
Жетімкер деген атын өзі алғанын.

Екеуі Сыр бойынан іздеп келіп,
Қайта кеп әкесінің қой баққанын.
Құлжабек жылқы бақ деп қамшы жұмсап,
Өзінің маңдайынан қан аққанын.
Атығай, Қарауылда Кеншімбайдан,
Құлжабек қызын сатып мал алғанын,
Ұлы жоқ, жалғыз қызы 18-де,
Мал беріп, 60-тағы шал алғанын.

Күйеуі Құлжабектің ұрын келіп,
Үйінде Құлжанменен кез болғанын,
Құлжаннан Көшім өзі хат алғанын,
Хат апып көңілінің шаттанғанын.
Табыспақ ертең кешке жер айтысып,
Қосылып Құрөзекте аттанғанын.
Екеуі елден жырақ шығып кетіп,
Мекен қып Қосшоқыны жайлағанын.

Артынан 30 кісі ізінен қуып,
Қапыда қолға түсіп байланғанын.
Байлаулы Қосшоқыда жатқанымда,
Кездесіп қойшы келіп босатқанын.
Мінеки, ажалы жоқ деген осы,
Алдыңда өлмей тірі кеп тұрғаным.
Ішімде сыр қалған жоқ айтылмаған,
Көргенім, білгенім де осы, жаным.

Қызығым менің көрген болды аз-ақ,
Жас жанға, арам байлар салды тұзақ.

Іздеуге ат- тонным жоқ шарам бар ма?

Арманда Күлжан жарым кетті ұзап.

Отырды Хамза батыр әбден тыңдап,
Ойлады ер екен деп іштен сынап,
Күрсініп бір алды да Хамза батыр,
Көшімге берілді де кетті құлап.

Хамза айтты: «Сен де кедей, мен де кедей.

Босанып аман-есен келдім өлмей,

Болса да қырық жыл қырғын ажалды өлер,

Болмайды текке жатып, жүріп өлмей.

Бір байдың қызын алдым Жамал деген,
Қалаға қашып бардым Семей деген,
Семейде бір жыл тұрып ақырында,
Еңбегім зая болып кетті тегін.

Қашан да кедей сөзі пұл бола ма?

Кірмеге ел шетінде ұл бола ма?

Жаяудан шаң, жалғыздан үн шыға ма?

Қандай шешен болсаң да тіл шыға ма?

Адалынды арамға айырбастап,

Қандай нақақ ісінде күн қала ма?

Кірме боп мен елімнен жүрдім саяқ,

Байлардан жас өмірім жеді таяқ.

Жамалдың қасіреті ойға түссе,

Ағады еспе болып көзден бұлақ.

Жатамын жығылғандай аттан құлап,

Ал келіп екі көзге жасты бұлап.

Жалғанды жарық қылған шіркін, Жамал!

Жалп етіп жанып тұрып сөнген шырақ,

Жалғыз-ақ сырласамын қайғыменен,

Тілім жоқ, мен бір мылқау біткен халім.

Денеме әсер беріп жынданамын,

Сен маған жайын айтып қойма сұрақ.



Ат мініп, тауды асып, көшті қонып,
Жүйрік ат та қайғы ма Көшім бірақ.
Не өліп, не алайық осы сапар,
Айтатын Көшім досым сөзім осы-ақ,
Мен өзім жете алмадым арманыма,
Басымды бердім Көшім бұл жолыңа.

Сен жетсең мақсатыңа мен жеткенім,
Басымды бердім Көшім бұл жолыңа,
Екі сөзбен ердің жолы болмас деген,
Бермейді қорқып бекер көп жатқанға.

«Азулының атасы бол», - деген сөз бар,
Көрелік нар тәуекел неде болса,
Көп тұрмай кешеуілдемей ал жүрейік,
Жақсылық, жамандықты бір көрейік.

Байлар да пайғамбардың баласы емес,
Алысып байларменен бір көрейік,
«Мехнат түбі рақат», - деген сөз бар,
Осы жолда не жылап, не күлейік.

Елден таңдап жарамды ат мінейік,
Оқ өтпейтін ұрыста он киейік,
Жауға шабар жарақты сайлап алып,
Кешеуілдемей, кергімей ал жүрейік.

Сөз бітті, осыменен болды жүрмек,
Екеуі тауып енді екі жүйрік.
Аттардың жау сескенер тұлғасынан,
Жүргенде алды-артынан бірдей байқап.

Қаз мойын, жалпақ жая, қысқа белді,
Тамсантаып, таңырқатар көрген елді.
Құлан жал, қамыс құлақ, бота тірсек,
Көрген жан құмарланған бір мінсем деп.

Осындай долы тұлпар мінген ерлер,
Қой демеген шымбайдан алмай теңдік,

Жүруге бет түзеді Хамза, Көшім,
Қайтпайтын жауды көрсе алды досын.

Тұрған ел қош айтысып қала берді,
Балалар, қайда жүрсең жолың болсын.
Жортты жол берсе деп түнде жүрген,
Жолдасы жоқ жақын туыс қасына ерген.

Алысып ауыздықпен мінген аты,
Жүр-жүрлеп аласұрып тізгін көрген,
Келеді Көшім, Хамза тізе қосып,
Көргендер шыбын жаннан күдер үзген.

Түзеді Атығайға Көшім бетті,
Белінен Қосшоқының басып өтті.
Көрмеді күндіз күлкі, түнде ұйқы,
Күлжанды бір көргенше сабыр кетті.

Қарайды ел бар ма деп көзі түсіп,
Не қиын күз – шыңдардан өтті кесіп,
Күн батты, көз байланған мезгіл еді,
Аулына Кеншімбайдың келді жетіп.

Сұрады Кеншімбайды үйде ме? - деп
Шеткері қараша үйден кез боп әйел,
Кеншімбай үйде жоқ, кетті алысқа,
Шақырған сияз бар деп би-болысқа.

Бар жоғы Кеншімбайдың керек емес,
Әйелі бірдей адам жат-танысқа,
Сол үйге түсіңіздер үйі жайлы,
Береді қонакасы асып майды.

Салады таза көрпеменен құс жастықты,
Әйелі қонақ келсе тым ыңғайлы,
Көрсетіп, үй анау,-деп әйел қалды,
Сыртына үйдің келіп түсе қалды.

Белдеуге атын байлап кеш жарық деп,
Екеуі қаймыққан жоқ кіріп барды.

Өңім бе, түсім бе?-деп Күлжан сұлу,
Көшімге көзі түсіп қарап қалды.

Таныды Күлжан сұлу Көшім жарын,
Тар болды шығаруға шерін, зарын,
Мал сойып, шай қайнатып, қымыз құйып,
Құрметтеп екеуіне берді бәрін.

Қонаққа дәм жеген соң төсек салды,
Білмейді ауыл-аймақ үшеуі үйде қалды,
Зарыққан бірін-бірі көптен көрмей,
Төсекке шам сөнбей – ақ жатып қалды.

Айқасты, аймаласты, құшақтасты,
Ағызды кара көзден ыстық жасты,
Жаласып қызыл тілден қан ағызып,
Сағынған екі ғашық мауқын басты.

Төсекте Көшім Күлжан жатыр бірге,
Оңаша төр алдында жатыр Хамза.
Жолдасым қасымдағы жан қиятын,
Ел шабар ер жүректі батыр Хамза.

Ашайық, Күлжан енді сөздің бетін,
Жарамас сезіп қалып ауыл білсе,
Кеншімбай келіп қалмай кету керек,
Ал, Күлжан табысатын жерді мезге.

Жарайды Көшім сенің сөзің дұрыс,
Шақырған Кеншімбайды би мен болыс.
Келмесе ертең байқап, жолдан қайтпай,
Күн бата ел жатқызып кеткен дұрыс.

Төсекте біраз жатып кірді сырға,
Басынан әйел еді сөзге жорға,
Мен сені көрем деген ойымда жоқ,
Қапыда түсіп едім терең орға.

Ал Көшім сөйлесейік сөзді ашып,
Сенімен жалғыз мен бе болған ғашық,
Жете алмай арманына Ләйлі – Мәжнүн,
Ажалдан құтылған жоқ ол да қашып.



Бозжігіт, Қозы Көрпеш – Баян сұлу,
Ол да өлген ғашықтықтан қанын шашып,
Аузыңа Жетімкерді бір алмайсың
Қалған ба Көшім сенің көңілің жасып

Ажалдан өткен жастар құтылған жоқ,
Дағдырдан құтылмаймыз біз де қашып,
Бұл айтқан Күлжан сенің сөздің шыны,
Болмайды ер жігітке атсыз күні.

Сұрауға сені көріп ұмыттым ба?
Жануар жан серігім бар ма тірі,
Төлеген, Қыз Жібек пен Еңлік- Кебек,
Ғашықтық ажалына болған себеп.

Айтыпты, бұрынғылар ат себеп, - деп,
Өлімнен қорқып қашып құтылған жоқ,
Ескертіп айттың дұрыс бәрін шенеп,
Бұл күнде Жетімкерге кімдер ие.

Мініп жүр осы күнде кім жетелеп,
Бұл күнде Жетімкерге Кеншім ие.
Сенбейді не жақыны, туысына,
Шақырған мініп кетті болыс- биге.

Ер Көшім мылқау қиял, кірді ойға,
Шақырып бар ашуды жиды бойға,
Не өлім, не менімен осы жолы,
Кетуге енді Күлжан сөзді байла.

Ал сонда Күлжан айтты Көшім ерге,
Бұл сапар міне алмайсың Жетімкерге,
Ақылмен пішкен киім тар болмайды,
Ақылдас қасыңдағы Хамза ермен.

Ауылдың бет алдында бір шоқ қайың,
Күн бата сол қайыңда тұрсаң дайын,
Түбінде сол қайыңнан табыламын,
Барды айтып, Көшім сірә қылма уайым.

Дайындап азық- түлік, мінер атты,
Ертемен күн барында ыңғайлатты.
Байлады Көшім, Күлжан осы сөзге,
Көшім де күтпек болды ертең кешті.

Хамзаны жатқан жерден оятып ап,
Үшеуі басын қосып ақылдасты.
Асыққан шайтан ісі деген сөз бар,
Осы сөз сәті болса, мақұл деді.

Байлады Көшім, Күлжан сөзді берік,
Күн шықты, мал қорадан кетті өріп,
Жайланып ел тұрған соң шайын ішіп,
Аттанып Көшім, Хамза кетті жүріп.

Екеуі елден шығып кетті жырақ,
Бетке алып бір биікті жолды жанап,
Маңында еш нәрсе жоқ жалғыз биік,
Баурында ағып жатыр үлкен бұлақ.

Суарып қоя берді атын сулап,
Тынықты сол бұлақта аунап- қунап,
Бұл суға сәске түсте келіп еді,
Өйткенше күн батуға барды зулап.

Екеуі күн батқан соң атқа мінді,
Шаңдатып сары даланы қатты жүрді.
Орғытып кейде желіп, кейде шауып,
Күн бата шоқ қайыңға жетіп келді.

Отырды Көшім, Хамза түсіп аттан,
Бөтен жоқ екеуінен басқа жақтан,
Ауылдың алды жатқан сол мезгілде,
Қарайып біреу келді ауыл жақтан.

Қадалып қарайғанға тұрды қарап,
Тік жүріп шоқ қайыңға келді жанап,
Үшеуі шоқ қайыңда басын қосты,
Қосылып екі ғашық көңлі өсті.

Өңім бе, түсім бе деп Күлжан сұлу,
Ағызды қара көзден ыстық жасты.
Үшеуі енді жортты бетін түзеп,
Орғытты аттарының басын тежеп.

Көңілі көтерілген өңкей жастар,
Алыстан бір биікті көрді көзбен,
Көрінген бұл биікке бұлар келді,
Ер Көшім жолдасына көңілі толды.

Тынықты үш күн жатып бұл биікте,
Үшеуі ақылдасты жүрер жолды.
Үшеуі ақылдасып кірді сырға,
Отырды карауылдап шығып қырға.

Жүрмелік жазым болып сақтаналық,
Қапыда ілінбейік тағы торға.
Қу Адай, Атығай бай бізді білсе,
Адамзат құтылмайды тағдыр келсе.

Жанымды Күлжан үшін қылдым құрбан.
Көшімнің арманы жоқ жаудан өлсе,
Іздеген мақсұтыма жетем бүгін,
Билігін осы жолдың бердім Хамза.

Хамза айтты: «Көшім маған берсең ерік»
Өлмесем мен де саған болам серік.
Жамалды мен де сендей алып қашып,
Аралап талай жерді жүрдім көріп.

Жарамас жатқанымыз ел шетінде,
Табанды ел жалпыға бар ма есінде,
Түбінде көп қорқытар Көшім батыр,
Кетейік ұзап шығып ел шетін.

Елімнен жалпақ жатқан болдық біз жау,
Шатылмай аман кетсек деніміз сау,
Шеткері бүйрек жатқан бір биік тау,
Елі бай, бекінісі көп сол Шұбартау.

Бұл жерден Шұбартауға аман жетсек,
Оп-оңай ала алмайды келгенмен жау.
Жөн болар жатқанымыз сондай жайда,
Ақылымен жұмыс қылсақ, болар пайда.
Ескіріп ел арасы тынышталса,
Қайтармыз ойнап – күліп, бес-алты айда.
Жарайды,-деді Хамза дұрыс мұның,
Ел- жерді бұрын барып көрсе көзбен.

Соқырдай көзді жұмып ере берем,
Тура тарт көп айтасың оның несін.
Жүрді енді Шұбартауға бетін түзеп,
Қолға алды қарауылдан жауға безеп.
Далада түнде, күндіз жатар болса,
Тұрады қарауылдан кезек-кезек.
Бөгелмей жүріп күндіз,түнде жатып,
Көрмеген көлдің мөлдір суын татып.

Белгісіз екі ортада бес күн жүріп,
Белгілі Шұбартауға келді жетіп,
Келді енді Шұбартаудың арасына,
Орнығып шатыр тікті даласына.
Ол жердің шөбі шүйгін, суы мөлдір.
Жемісі көп, нулы орманның сайы сонда,
Жеке алып Шұбартауды жатты жайлап,
Киіктей тастан қарғып жүрді ойнап.
Биіктен анда-санда қарауылдап,
Келетін жау бар ма? - деп сырттан байқап,
Адамзат көтереді не салғанын,
Туған ер дұрыс демес кім болғанын.

Күлжанды Көшім, Хамза алып кетті,
Ақырында мұратына Көшім жетті.
Ерігіп иесіз тауда жата тұрсын,
Тыңдайық кейінгі елдің не болғанын?



Күлжаннан айырылды, - деп бүгін түнде,
Қос атпен Кеншімбайға хабар кетті.
Толыбай тоқтамастан тығыз жүріп,
Күн бата сияз үйге келіп жетті.
Толыбай кіріп келді сәлем беріп,
Кеншімбай одырайды мұны көріп,
-Немене, ел аман ба? жарқынам –ау!
Бұзылған жаман түсің нені көріп?
Тұтығып сөйлей алмай ал Толыбай,
Айтпауға болмайды енді Кеншімбайға,
Күлжанды Көшім деген алып кетті,
Мәнісі келуімнің, міне, осында.
Тұтығып қап-қара боп қалшылдады,
Өкпесі қысып күтірлеп, ентігі басылмады,
Бір тұрып, бір отырып Кеншім батыр,
Аяғын мас кісідей баса алмайды.
Жан болып мұндай қорлық көргенімше,
Жанымды бүгін құдай неге алмады?
Кеншімге көңіл айтты болыс пен би,
Қыл күйрық, еркек кіндік бәрін де жи.
Көкте емес жер үстінде жүрген шығар,
Байласа уысына алып бастарын қи,
Кеншімбай ашуменен мінді атқа,
Долданып Жетімкерді тартып басқа.
Күйзеліп, күңіреніп келе жатыр,
Түскелі жанып тұрса қызыл шоққа,
Кеншімбай шабуылмен келді елге,
Есіктен кіре аунап барды төрге.
Жер болдым жылқышыға, қойшыға қор,
Салыңдар, мені қазып тірі көрге,
Есіктен кіріп келді Сабыр батыр,
Кеншімбай, Сабыр келсе жылап жатыр.

Елде қыз таусылған жоқ тағы аласың,
Жылауың дұрыс емес Кеншім батыр.
Бір байтал тағы сондай табылмай ма?
Ақырын болжамалап күтсең мақұл.

Жұбатты Кеншімбайды сөзбен тағы,
Шешеді қиын істі, істің ағы,
Елді жи, сауын айтып, текке жатпай,
Табуға кірісіңдер одандағы.

Сабырдың Кеншім сөзін дұрыс тапты,
Көтеріп жерден басын жұлып алды.
Жиналсын еркек кіндік, қыл құйрықты,
Жан-жаққа қос атпенен кісі шапты.

Жиналып келіп жатыр естіген жан,
Бұрқырап ұшып жатыр тозаң мен шаң,
Ауылдың сырт жағына оқшау шығып,
Отырды ақылдасып өңкей бағлан.

Жиылған көпшілікке берді асын,
Шақырып Атығайдың қосты басын,
Кісесін мойнына сап бозқасқалап,
Ағызды қан аралас көздің жасын.

Қасына екі жүздей адам алып,
Кеншімбай өзі жүрді қолды бастап,
Аттанды екі жүз қол бетін түзеп,
А, құдай, бере көр,- деп қақты безек.

Қағады күз шындарды, қам тастамай,
Қалың қол шетке қарай шықты ұзап,
Бір барса баратын жер Шыңғыс тауы,
Көп болған Шыңғыстауда қыздың дауы.

Шыңғыстау талай жастың қанын төккен,
Атақты Шыңғас ханның қанды тауы.
Бастады Шыңғыстауға Кеншім қолды,
Қамшылап Жетімкерді оңды-солды.

Түс ауып, бесін төмен түскен кезде,
Қол көрді, өлке толған қалың қойды.
Қойшыдан, елдің жөнін сұрайық деп,
Қалың қол, жер қайысқан жетіп келді.

Қой баққан бір қарт адам орта жаста,
Тіл білер адам екен сөзге ұста.

Жау жүрек бәрің дерлік көрінесің,
Барасың жарқындарым қайсы тұсқа.

Мекенім Шыңғыстаудың мен құтымын,
Сұрасаң менен енді жөнді қысқа.
Айтайық жөнімізді Атығаймыз,
Сізден біз, аты-жөнді жасырмаймыз.

Жау жүрек, құрыш білек өңкей ерміз,
Тау қағып, дала кезіп, жау іздейміз.
Үш кашқын елден қашты он күн болды,
Тау қағып, ел аралап, соны іздейміз.

Бейсауат жан көрдің бе? жүрген – тұрған,
Бағыттап қарауылдап жүрген қырдан,
Қай жерде қиын болса паналайды,
Түлкедей тау көбелеп түнде жортқан.

Сұрады жердің жөнін, елдің жөнін,
Жиылып сұрап алды әлгі қарттан.

Бірде мен бес күн болды көрдім үшеу,
Тым алыс жолығуға атым мешеу.

Болдырып екі көзім жасқа толып,
Көрінді бірде үшеу, бірде бесеу,
Жатыр ед қойым жусап осы суда,
Күн ыстық, шешіндім де түстім суға.

Бет алып Шыңғыстауға келді дағы,
Шалқайып Шұбартауға кетті тура.

Қол жүрді шалдан естіп Шұбартауға,
Лап ұрып жетеміз деп қашса жауға.

Жауды алып, осы жолы аман қайтсақ,
Береміз, шалым саған ұл жасауға,
Жауынгер дау іздеген өңкей саяқ,
Бұл тауға, екі күн жүріп келді таяп.

Қырандай тауды қағып өңшең мастар,
Көз салып оң мен солға алақ-жұлақ,
Таяп кеп Шұбартауға қонды ақыр,
Кеншімбай Көпшілікке салды ақыл.

Қашады бізді көріп қарсы барсақ,
Айналып ар жағынан келсек мақұл,
Көпшілік Кеншім сөзін дұрыс тапты,
Суарып, ат оттатып, тамақтанды.

Сол жерден түнде жүріп ар жағынан,
Жоталап, қол ұстасып тайғанақтап,
Күн шығып, сол мезгілде сәске болды.
Ер Хамза күндегідей ерте тұрып.

Жүрегі көтеріліп отыра алмай,
Биіктен қарауылдап қарап тұрды.
Биікте қыран құстай тұрды қарап,
Көз салып, жан- жағына көзін қадап.

Бір қарап, бір тындайды Хамза батыр,
Биіктен қарауылдап, салып құлақ,
Ер Хамза тау басында біраз тұрды,
Жүрегі ер Хамзаның көтерілді.

Жабырқап ойға батып тұрған батыр,
Көрді енді қаптап шапқан қалың қолды.

Ер Хамза таудан төмен түсті ойға,
Ерленіп қайрат күшті жиды бойға.

Іздеген жауың келді Көшім батыр,
Жылдам тұр, біз кездестік үлкен тойға,
Көшім де атып тұрды асып- сасып,
Денеге қуат кірді, қайрат тасып.

Қамығып Күлжан сұлу белін буды,
Болады екі жастың халі нешік?
Асықпай атын ерттеп жайлап алды,
Найзасын, шоқпар, мыттық сайлап алды.

Соғыста бөрік бөгет болар деп,
Басына орамалын байлап алды.
Жазым боп жау қолында қалам ба деп,
Ішінен Көшім батыр қапаланды.

Қоштасып Көшім Күлжан құшақтасып,
Нұр кетті ақша беттен қаны қашып,
Сүйісті бірін- бірі тілден жалмап,
Өлсе де сағынбастай мауқын басып.

Бұл жауды көп болса да шөптей қылып,
Алармын мен де кекті қанын шашып,
Хамза айтты: «Жау таянды, мен аттанам»
Қайтадан текке жылап көп жасыма.

Соғысу тау ішінде жарамайды,
Кетейік көрініс беріп басқа жаққа.
Алады тау ішінде қамаласа,
Кетеміз жазық жерде сабаласа.

«Санасып жау ұрыспас» деген сөз бар.
Жүрерміз көп болса да жағаласа,
Жазыққа бұлар түсті таудан құлап,
Жүрегі дүрсілдеді тайдай тулап.

Сыбырлап әр таудың жотасымен,
Қол шықты биігіне улап – шулап,
Қалың қол бұл үшеуді көрді қашқан,
Қол шапты әруақтап құлай тастан.

Даусынан қалың қолдың тау жаңғырып,
Шаң ұшып, түнек болды теңбіл аспан.
Көшімге Хамза айтты: «Тоқта жаным»
Келеме мынау көпке жалғыз әлің?

Ал Көшім, сенен бұрын мен өлемін,
Жолыңа жаным құрбан қасық қаным.
Қалың қол таудан түсіп, шапты құлай,
Тілекті бере гөр деп бүгін құдай.

Сырғытып Жетімкермен келді жетіп,
Көшімді ала қоймақ қалай оңай.

Кеншімбай жалғыз озып шықты топтан,
Қар жауып қабағынан, дауыл соққан.

Қолында қос желекті найзасы бар,
Шабысы Жетімкердің шапшаң оқтан,
Күлжанды жүре бер, - деп алға салды,
Бұрылып Көшім, Хамза тұра қалды.

Ақырып, ей, әруақ, - деп Атығайлап,
Көшімге Кеншім келе найза салды,
Екеуі жекпе- жекке шыға қалды.

Найзасын бірі шаншып, бірі қағып,
Екеуі сары далада ойын салды.
Болмады осы сапар байдың жолы,
Ер Көшім Кеншімбайды баурап алды.

Найзасын Көшім батыр қағып тастап,
Шіреніп дәл бүйректен салып қалды.
Толықсып толқып тұрып Кеншім батыр,
Атының сол жағынан құлап қалды.

Атынан атып түсіп Көшім батыр,
Үстіне Жетімкердің мініп алды.
Жеткенше кейінгі көп Көшім, Хамза,
Ігері желе шауып кете барды.

Кеншімнен ағып жатыр қан сырылдап,
Ер Көшім жүріп кетті тез арындап,
Көпшілік үздік- создық келіп жатыр,
Өліміне Кеншімбайдың ой, бауырымдап.

Алдарынан жинап алды шуылдасып,
Шулатып кетті Көшім қайраты асып,

Туысқан Кеншімбайдың жақындары,
Өкіріп жылап кезек мауқын басып.

Ойбайлап шауып келді Құрманәлі,
Бауырымның кеудесінде бар ма жаны?

Өлген соң тірілмейді жылағанмен,
Жуайық қанды қанмен жүр шатаны.

Май өтіп, июнь айы сол мезгілде,
Ми қайнар оттан ыстық тамыз, шілде.

Қалың қол құмырсақдай қаптап келіп,
Болғандай үлкен соғыс сусыз шөлде.

Жабылды құмырсақдай екі жасқа,
Ер Көшім құтқармайды қуса қашса.

Найзаны алды артымен кезек жұмсап,
Іледі кез келгенін қыран құсша.

Жегімкер қуса жетіп, шапса ұзап,
Кездескен ұшып түсер ұрған допша,

Ұрыстың түрін көріп сұлу Күлжан,
Толтырды көз шарасын қанды жасқа.

Ертеңнен кешке дейін болды соғыс,
Болғанда екеуі шалғы, көп жақ қамыс,

Өлгені өліп, қалғаны жараланды,
Аз емес бір күнгіге осы табыс.

Тоқтады күн батқан соң екі жағы,
Жеңіліп жау жағының сынды сағы,

Күзетке тұс- тұсына кісі қойып,
Соғысқа таң атқан соң шықты тағы.

Сандалды екі жағы атын іздеп,
Долданып Көшім, Хамза қайрат кернеп,

Отырды аттан түсіп Хамза, Көшім,
Ер болсаң жекпе- жекке келші, кел, - деп.

Сөйледі Құрманәлі қалың қолға,
Жұмыстың беті теріс кетті шалғай.

Жандарың Кеншімбайдан артық емес,
Өліңдер, осы жолдан бірің қалмай.
Халі жоқ жаралылар жатып қалды,
Жарадан амандары шапты шулап,
Көбімен Көшім, Хамза араласты,
Екеуі қалың қолмен сабаласты.

Қалың қол құмырсақдай қаптап келіп,
Қысылып Көшім, Хамза жаман састы.
Сол кезде қамалаудан қысылды ер,
Маңдайдан қысылғанда төгілді тер.
Барады аузын ашып, көбік басып,
Сол кезде ортекедей ойнады кер.
Қызарып екі көзі жануардың,
Алысып ауыздықпен жібер- жібер.

Ұрысты Көшім, Хамза кіріп шеттен,
Долданып түгі шықты екі беттен,
Бөрідей қойға шапқан дал- дал қылды,
Бірі жоқ жараланбай аман кеткен.
Жау қашты жеңілген соң бетті түзеп,
Артынан жүре қуды найза безеп,
Атынан атып түсіп Темір деген,
Хамзаны қақ желкеден атты кезеп.

Болды енді сол уақытта соғыс күшті,
Хамза өліп, Көшім ерге қайғы түсті.
Қолымен ішін басып біраз тұрып,
Атынан бүктетіліп құлап түсті.
Жау көріп қаптай шауып әруақтап,
Хамзаны тұрмастай қып жықты мықтап,
Сүйегін ер Хамзаның аламыз деп,
Сатырлап қайта шауып келді қаптап.

Соғысты Көшім жалғыз алдан тоса,
Айырылып серігінен іштен құса,

Хамзаның қайғысымен қайраттанып,
Ер Көшім жауды қылды жоса- жоса.
Ағып жүр біреулердің қаны саулап,
Кейбіреу жанталасып жатыр аунап,
Қолы сынған біреулердің беті жара,
Бастары кейбіреудің жатыр тулап.

Шыбындай ызылдаған жаралылар,
Ыңқылдап күңіреніп жатқан шулап,
Хамзаға Көшім келді қайта шауып,
Атынан ұшып түсті есі ауып.

Құшақтап ер Хамзаны қатып қалды,
Сүйеді есі кірсе қауып- қауып,
Бұларды көріп Күлжан келді зарлап,
Қанды жас екі көзден ағып парлап.

Түлкідей елсізге әкеп бұлаңдатып,
Дариға- ай, кеткенің бе? алдап- арбап,
Тамыры алпыс екі түгел иіп,
Денесі бірде маздап, бірде күйіп.

Себепкер ажалыңа мен болдым деп,
Хамзаны құшақтайды беттен сүйіп,
Қайғырды Көшім, Күлжан қыршын жасқа,
Адамзат не көрмейді түссе басқа.

Болмайды қимағанмен құр сүйекті,
Қояйық жуып жайлап Қаратасқа,
Хамзаны көміп жерге, соқты мола,
Бауырына еркін басып жатты дала.

Айырылып серігім деп зарлағанда,
Күңіренді тау мен тасы, орман, дала.
Бұл ұрыс айтарлықтай болды қатты,
Ен жайлап, сары даланы Хамза жатты.

Білмеген ет қызумен Көшім батыр,
Әр жері болу керек жарақатты.

Іздеп кеп екі жүз қол тапты іштен,
Соғыста талай адам өліп кеткен.
Жаралылар шыбындай ызылдасып,
Жаяу жалпы еліне азар жеткен,
Бұл хабарды естіп Құлжабек бай,
Сырғақтап бір таңда көшіп кеткен.
Соғыс тоқтап, жау, тарап, екі ортада,
Мөлшері сол кездері он күн өткен.
Көшім, Кұлжан екеуі ақылдасып,
Шу бойына кетуге бет түзеген.
Кұлжанға Көшім айтты: «Барсақ Шуға»,
Қауіп жоқ аман жетсек Жетісуға,
Қатерсіз аман- есен осы жолда,
Өлмесек, тура жетсек судан нуға.
Ар жағы Жетісудың Үйсін, Қырғыз,
Биігі Алатаудың көкпен талас.
Басы бу, сайында су сылдырлаған,
Жемісіне сол сайдан жеген тоймас.
Теңбіл бұлт көк жүзінде жиналып кеп,
Шөккен бір нардай болып үйелеген,
Ақиық Алатаудың қырандары,
Күз биік шындарында ұялаған.
Жолбарыс, аю, қасқыр, түлкі, қарсақ,
Қиырын қия жортып қиялаған,
Осындай атышулы Алатау бар,
Басынан жазы- қысы кетпейді қар.
Баурында аңдай ойнап, қыстап жайлап,
Ердәулет, Ботпай, Шымыр тұрған ел бар,
Бұл жермен қош айтысып бетті түзеп,
Сол елге барсақ деген бір ойым бар.
Ал сонда Кұлжан айтты: «Көшім жарым»
Суреттеп тау мен елдің айттың бәрін,

Сарыарқа енді бізге мекен болмас,
Бұл жұмыс Орта жүзге болды мәлім.
Алданып артқа қарар еш нәрсе жоқ,
Жүруге бетің түзе енді жаным,
Екеуі екі- екіден төрт ат алды,
Елсізде есіл Хамза жалғыз қалды.
Құшақтап бірі аяғын, бірі басын,
Зар жылап, екеуі де есін танды.
Күңіреніп, есенгіреп, жылап- жылап,
Қош! Хамза, қош! Хамза, - деп кете барды.
Ол жерден жүріп кетті дәл бесінде,
Қайғысы ер Хамзаның түсті ішіне,
Алғашқы соғысқанда найза тиген,
Көшімнің жарасы бар денесінде.
Екеуі жүрді талмай күніменен,
Көңілмен болжап жерді жөніменен,
Зорланып ісіп кетіп жаралары,
Ұйықтамай шықты Көшім түніменен.
Жалқылдап ер Көшімнің істі тәні,
Қиналды қысасы ердің шықты жаны,
Қажыма текке жылап, Күлжан жарым,
Тезірек балбұлаққа жеткіз мені.
Көшімді сүйеп Күлжан жүрді алып,
Кетеді анда-санда естен танып,
Түбінен бір биіктің бұлақ кез боп,
Жатқызды Көшім жасты төсек салып.
Сол жерде күні бойы бес күн жатты,
Бетімен қоя берді мінген атты.
Денесін есіл ердің ісік кернеп,
Төмендеп күннен- күнге болды қатты.
Күлжанға Көшім айтты: «Келші жаным»
Тәнімді қолмен сипай көрші жаным,



Бойымнан қуат кетті, халім құрып,
Уа, шіркін, қиналдым ғой, шыбын жаным.
Жан берсем жаһан түзде жалғыз жатып,
Не болар Кұлжан сорлы сенің халің?
Шама жоқ, қимылдауға денем ісік,
Жазды ма осы жерден маған бесік.

Қия алмады жақсы көрген түс секілді,
Көрмедім қызығыңды бір жыл құшып,
Екеуі үнін қосып зарлағанда,
Жылады ақ селеулер зарын қосып.

Екі елде еңіреді Кұлжан зарлап,
Қанды жас қара көзден ақты парлап,
Гүлі ұшқан жапырақтай жас жаныңа,
Салды ма рақымсыз ажал қармақ.

Кетіпті өз кесірім өзменен,
Себеп боп ажалыңа тудым ба арнап,
Бөлініп қабіріңе түсіп қалсаң,
Өлермін мен де осы жерде зарлап.

Қоштасып екі ғашық құшақтасты,
Ағызды екі көзден ыстық жасты,
Екеуі арыздасып зарлағанда,
Балқытты қорғасындай қара тасты.

Сол жерде жатты Көшім жеті күндей,
Зарлады күндіз – түні көзін ілмей,
Бұлқынды дәл сол кез таң алдында,
Көшім ер нашарлады тілге келмей.

Сол жерде біраз жатып тіл байланды,
Жүруге ұзын сапар ер сайланды,
Алуға құшағына сұм қара жер,
Есігін ашып жердің ыңғайлады.

Бұзылып есіл ердің кетті түсі,
Тыныстап дем алуға келмеді әлі,

Күлжанның қолын ұстап көзі аларып,
Осылай есіл ердің шықты жаны.
Айырды ажал шіркін екі жасты,
Күлжанды Қаратау мен қайғы басты.

Жалғыз қап жаһан түзде Күлжан сұлу,
Таянып екі бүйірін, жайды шашты.

Көшімді өзі жуып, қойды көрге,
Зарланды жолдасым, - деп есі кірсе,
Мен сенсіз тірі қалып не боламын?
Жатамын сеніменен мен де бірге.

Бел шешіп күндіз- түні бір жатпайды,
Зар қақсап, көзін іліп, дәм татпайды.

Құшақтап – құшақтап бір қу қабырды,
Күлжан зарлап дауыс айтып көп жоқтайды.

Топырақты құшақтап, Күлжан сорлы зарлайды,
Көшім жастың қасынан, бір адым алыс бармайды,
Мәңгілік мекен, осы жер деп жер бауырлап тұрмайды,
Жалғыз қалып жанында, нардай боздап жылайды

Келген жан дүниеге бәрін көрмек,

Адамға жан дүние қандай ермек,

Түлкідей бұлаңдаған шіркін жалған,

Сынды ғой мың күн сынбай, бір күн шөлмек.

Арманда талай жастар жылап өткен,

Бірі жоқ шырматылмай аман кеткен,

Теңдіксіз сұм дәуірге шара бар ма?

Ертеден біреу жылап, біреу күлген.

Ер Тарғын, Қобыланды, Қамбар батыр,

Олар да заманында азап көрген.

Ту ұстап, тұлпар мінген нелер көкжал,

Бәрі де орын алған қара жерден.

Зарлаған олардың да жары мендей,

Тұрған жоқ біреуі де жатқан жерден.



Өтіпті талай батыр еңіреген,
Бірі жоқ, қорғап тұрған елім бе екен.

Жары үшін жанын қинап талай қашты,

Бірі жоқ қызық көріп өмір сүрген,

Оқталып ажал оғы тура келсе,

Берер ме ажал шіркін жеңілдігін.

Егіз тізген Тасшоқы, жайың болды қарағым,
Жарқырап тұрып батыпты, жанып тұрып шырағың,
Есіміз кетті Жетімкер, топтан озған пырағың,

Алды артыңда алаң жоқ,

Қараң қалды қарағым.

Жауға шабар жарағың,

Жас болсаң да бас болдың,

Жауларына қас болдың,

Сөзін сөйлеп нашардың,

Кедейлермен дос болдың,

Құл дегем жоқ, ұл дедім.

Жау аспас асқар бел көрдім,

Мырза менен билерді,

Ит етінен жек көрдім.

Қалжыңменен сөз қатса,

Қолыменен хат жазса,

Бір көргенде мен сені,

Өзіме лайық тең көрдім.

Оралғанда шырмаудан,

Ағарған көзім жылаудан,

Көз жасыма кез келдің.

Азат қылған азаптан,

Құтқарып ең мазақтан,

Ажалы жетіп көп жаудың,

Қайғысын тарттың Хамзаның.



Қолымнан сұңқар ұшырдым,
Теңім етіп өсірдім,
Жалпақ басып даланы,
Жайладым күз, шың, саланы.
 Себеп қылды ажалға,
 Найза тиген жараны,
 Жалғыз қалдым жаһанда,
 Қайғылы болып саналы.

Ажалына екі ердің,
Мен қу болдым жалалы.
Ұшырдым қолдан қос сұңқар,
Таба алмай тарттым жазаны.
 Сыйғызбады маңдайға,
 Көшім сынды тазаны,
 Шығарамын үш мезгіл,
 Ішке толған жараны.

Жатырсың Көшім көсіліп,
Сөз қатпайсың шешіліп,
Аш койныңды жатамын,
Бұрынғыдай шешініп.

 Сонымен, Күлжан зарлап он күн жаты,
 Ас ішпей, қара ағаштай сеніп қатты.
 Аштықтан халі кетті есалаңдап,
 Құшақтап қу қабырды құшып жатты.

Айтқанша келіп қалды ажал шіркін,
Бойынан есіл жастың алды еркін,
Қомағай қара топырақ жымың қағып,
Сұлудың бұзды тағдыр ажал көркін.

 Сол кезде, күн тұтылып, қарайды аспан,
 Жер мен көк күңгірт тартып, жұлдыз аққан,
 Күлжанның ыңырсыған дыбысына,
 Қосылды орман, тоғай әрбір тұстан.



Сол жерде сұлу Күлжан өлді аштан,
Екі жас бірін- бірі сүйіп қашқан,
Теңдіксіз сұм заманға амал бар ма?
Қиындық дәуір өтті талай жастан.


Эпilog сияқты

Кеңестің кең жолында теңдік алып,
Әйелдер елімізде болып бастық,
Жас қызды 60 – тағы шалға беріп,
Сұм дәуір жас өмірге болды қастық.

Адамның алтын басын мысқа теңеп,
Жауыздар жауыздығын қолмен жасап,
Пайдасы бай қолында, жер жылады,
Ие жоқ, қорғаушы жоқ, ел жылады.

Арманда сүйгенімен өмір сүрмей,
Көшімдей талай нелер ер жылады,
Қиындық өткен күнде заман болды,
Көз тоймас адамдары қабан болды.


Демейді оқиғаны естігендер,
Жолдары жауыздардың жаман болды.
Өш болды жас өмірге сұмырай заман,
Осымен Көшім – Күлжан болды тәмәм.



Әр жылдарда баспа бетінен (газет – журнал, кітап
жарық көрген шығармалары

1. Паравоз» Советтік Қарағанды» Май 39 - 40 ж.
2. Доскейдің 90-жылдығына «Советтік Қарағанды», Апрель 1939 ж.
3. Октябрь» «Шет аудандық газеті 7 ноябрь 1940ж
4. «Шаттанып Ворошилов тұрды күліп», «Советтік Қарағанды» 24 февраль 1941 ж.
5. «Жасылдай көктен түйіп қиратамыз», «Советтік Қарағанды» 24 июнь 1942 ж.
6. «Саржан – Бодық» поэма «Советтік Қарағанды» 20 май 1941ж.
7. « Саржан - Бодық» поэманың жалғасы.
8. Қоңырат аудандық « Қызыл ту» газеті, 1944 жыл, 7-ші қыркүйек «Кенішбай мен Жәкен» айтысы
9. Асыл мұра айдарымен, «Жұлдыз» журналы, 1-ші қаңтар, 1988 ж.
«Жәкен мен Маясардың» айтысы Сәрсенбі Сатаев
10. Қазақ ССР Ғылым Академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты «Ақын – жыраулар». Қазақ ССР - інің «Ғылым» баспасы, Алматы - 1979 жыл, 39 б.
11. Т.Орынбеков « Жәкен ақын», Балхаш баспасы, 1991ж
12. Қазақ ССР Ғылым академиясы, М. О. Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер институты, М. Дүйсенов, К. Сейдаханов, С. Негимов «Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты». Қазақ ССР – інің «Ғылым» баспасы, Алматы - 1982 жыл
13. «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» 3 «Ғылым»- баспасы. Алматы, 1981 жыл, Папкасы, 200, 74 –ші бет «Көкжайдақ» поэмасы

14. Тоғжанов Е.Л, Аршабеков Т.Т «Атамекен» ..Оқу құралы. Қарағанды экономикалық университеті, 2002 жыл
15. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі Қарағанды «Болашақ» университеті, «Орталық Қазақстан ақындары поэзиясының антологиясы». Қарағанды, « Болашақ» - баспасы,
16. « Советтік Қарағанды» газеті, 32-ші декабрь,1960 жыл «Ауыз әдебиеті үлгілерін ықтиятты жинайық» Ж.Бектұров. Жазушылар одағы облысаралық бөлімшесінің жауапты секретары
17. «Советтік Қарағанды» газеті, 20,06, 1961 жыл / 144(7646 «Келіңіз тойымызға» Жәкен Байтуов
18. «Орталық Қазақстан» газеті, 28 09 1965жыл/281 (8738). «Ел ақындарын ескерсек» Р. Сүлейменов.



МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан	4
Өзінің өмірі туралы.....	6
«Шаруатеңеу» колхозының кемшілігі	8
«Қызылтеңдік» колхозының кемшілігі.....	10
Таусылмас ақын сөзі, бір үлкен көл.....	11
«Роза Люксембург» колхозының жетістігі	12
Құраманың халдары.....	14
Наршөккен	15
Құрметті мерекеге арнау	19
Қырық жылда құлпырдық.....	21
Қарағанды	23
Балабек-қарт 65 жасында қасқыр соқты	25
Біздің қазақ	29
Өткен дәуір ғасырда.....	38
Жаз майса.....	41
Майданда жер селкілдеп, көк қозғалды.....	42
Өсиет	49
Отанды қорғап жатыр бар баламыз.....	49
Келдің бе, қаһарманым Мәлік туған.....	51
Абайдың сөздері туралы	52
Бір тұман бар әлемді кетті басып	53
Екі шопанның айтысы	55
Жәкен-ақын мен Қойлыбай ұстаның кездесуі	59
Қарабура мен Жәкен ақынның айтысы.....	63
Қарсақбай ауданының ақыны мен Қоңырат ақыны Жәкен Байтуовтың айтысы	68
Жәкен Байтуов пен Нұрбеков Жылқыбайдың айтысы.....	85
Көкжайдақ <i>поэма</i>	97
Көшім- Күлжан <i>поэма</i>	108
Әр жылдарда баспа бетінен жарық көрген шығармалары	183

БАЙТУОВ ЖӘКЕН

Көшім-Күлжан

Өлеңдер жинағы

Құрастырушы Жәкенов Жақсылық

Басуға 10.06.2013 жылы қол қойылды.

Пішімі 64x84/16. Көлемі 10,8 б.т.

Таралымы 100 дана. № 2484 тапсырыс

«Tengri ltd» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау даңғылы, 84 үй

Тел. 8 (7212) 43-19-54, 99-60-88

e-mail: tootengri@mail.ru